ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ

ғылыми-танымдық журналы №2-2025





Қазақстандағы музей ісі мен осы сала мамандарына арналған «Музей әлемі» журналы оқырман қауымға ұсынылып отыр. Еліміздегі барша музей мамандарына аталған басылым арқылы өз еңбектерін жариялауға мүмкіндік қарастырылған. Осылайша, біз, еліміздің ең ірі музейлерінен бастап, шалғай аудан-ауылдардағы әріптестерімізбен тығыз байланыс орнатуды көздеп отырмыз. Қазақстанның бай тарихи мәдениетін насихаттау арқылы ұлт мәдениетіне қызмет етуді мақсат тұтқан «Музей әлемі» журналы сіздердің таным көкжиегін кеңейтер қызықты мақалаларыңызды жарыққа шығаруға дайын.

Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МҰЗЕЙІ

Бас редактор:
Айгүл Айтмуханова

Бас редактордың орынбасары:
Ақмарал Ибраева

Жауапты редактор:
Қуаныш Искаков

Редакторлар:
Мөлдір Рахимова
Нұрбике Бексұлтанқызы
Аягоз Султанова

Суретші-дизайнер:
Аида Смайлова

Фототілші:
Қанат Мусин

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ №2-2025

«Астана қаласының жас мүгедектері»
Баспахана мекен-жайы:
Астана қ., Е 489, 6
Тел.: 8 701 251 90 17

Редакцияның мекен-жайы:
010000, Астана қаласы
Тәуелсіздік даңғылы, 54,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
6-блок, 6-қабат, 618-бөлме
Байланыс телефондары:
+7(7172) 91 90 35, 335, 663, 664, 641 (ішкі)
e-mail: Qazyna.journal@gmail.com

Журнал жылына 4 рет шығады
Пішімі 205х275 мм. Офсеттік басылым 4+4
Журналға жарияланған авторлық материалдар редакция көзқарасын білдірмейді.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

ӘЛІМБАЙ Нұрсан	Т.ғ.к., профессор, музей саласының ардагері
САРОВ Сержан	Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі
ЖУМАБЕКОВА Гулайым	Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының өнер музейі
САҒАДИЕВ Ұлан	Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық музей-қорығы
ДҮКЕНБАЕВ Нұрлан	«Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей -қорығы
САРБАСОВ Алмас	«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
БӨРІБАЕВА Сәуле	«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
НУРСЕИТОВ Тілектес	«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
МЕРГЕНБАЙ Нұржан	«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
МУХТАРОВА Гулмира	«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
ДӘНДІҚАРАҚЫЗЫ Бибігүл	«Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы
ИСМАТОВ Бахадир	«Ордабасы» Ұлттық тарихи-мәдени қорық музейі
ЖАНДОСОВ Айбек	«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы
ӘБІЛСЕЙІТ Мұқтар	«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
КҮЗЕРБАЕВ Әлібек	Ұлытау Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы
МЫРЗАБЕК Құдайберді	Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі
ДҮЙСЕНҒАЛИ Мейрам	Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
КИПИЕВ Мұхамбетқали	Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі
АБЛАНОВА Эльвира	Ә. Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі
ЕРСАЕВ Мирболат	Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі
АЛИАКПАРОВ Арман	Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі
ІЛИЯС Сейітжан	Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі
АЯЗБАЕВА Рысжан	Жетісу облысы М. Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі
НҰРМАҒАНБЕТОВ Ержан	Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі
МЕНДЕКИНОВА Гүлжан	Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі
КӨЗЕЙБАЕВ Сапар	Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі
САДЫРБАЕВ Қайрат	Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі
МҰҚЫШЕВА Гүлнәр	Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі
ШУБАЕВ Ерболат	С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану музейі
АЙТЫМБЕТ Баян	Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі
НУРГАЗИЕВА Светлана	Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

МАЗМҰНЫ

Кәсіби кеңістік

Айтмуханова А. III Қазақстан музейлерінің Конгресі: қалпына келтіру ісіндегі кәсіби диалог.....4

Халықаралық ынтымақтастық

Жунусов К. Сокровища Великой степи в центре Парижа.....9
Амирова М. Болгария музейлерінің экспозициясындағы сабақтастық.....21
Кубашева Е. Қазақстан музейлеріне арналған Сингапур тәжірибесі: келушілермен жұмыс істеудің жаңа идеялары.....24

Естелік ізімен

Жаксыбаева Р. Проклятая и бесправная: история Лотты Райсс между ГУЛАГом и Германией.....28

Құнды жәдігер

ЖәкішеваЗ.«Майтөбе»мұрасы.....31
Ахмет М. Жақсыдан жеткен жәдігер – адалбақан.....35

Тарихи орын

Орынбек О. Құнды жәдігерлер мекені «Отырар» музей-қорығына – 45 жыл.....38
Абдыкаримова Ш., Оралбай А., Нурмагамбетова А. Архитектурные памятники Казахстана как элементы культурного туризма (на примере исследования культово-мемориального комплекса Бекет- Ата).....42

Музей тынысы

Рахтаева А. «Жұлдызды гид» жобасы биыл да жалғасын табады.....45
Мусабаева Ж. Сәтбаев музейі құнды жәдігерлермен толықты.....50
Исабаев Д. Ш. Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің қалыптасу тарихы мен жетістігі.....54
Нұрмақсұтов Қ. Жартас өнерін құжаттандыру және музейлендіру.....57
Саморокова Е. Исследовательская деятельность музейно-мемориального комплекса «АЛЖИР».....62
Сатыбаева А. Книга отзывов – ценный источник по истории музея. К 25-летию Музея истории города Кокшетау.....67
Абдыкаримова Ш., Нурмагамбетова А. Архитектура музея как часть экспозиции.....74

Ұрпақ тәрбиесі

Баймурзаева Е. «Жас өлкетанушы» ғылыми жобасы байқауы өтті.....78
Мырзахмет Л. Ұлттық музейде ерекше балаларға 30-ға жуық іс-шара ұсынылды.....83
Диханбаева Л. Білім мен мәдениет – ұлт тәрбиесінің қайнар көзі.....86
Смайлова А. Роль сувенирных пазлов в сохранении культурного наследия.....89

Мысыр О. Рухани төл мәдениет пен Қазақстанның ұлттық көрмесін дайындау: заманауи талаптар және халықаралық тәжірибе («Дөңгеленген дүние: Қазақ дала өркениетінің мәдени коды» жобасы бойынша атқарылған жұмыстарға шолу.....91

Ойлан! Тап!.....93

КӘСІБИ КЕҢІСТІК

III ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІНІҢ КОНГРЕСІ: ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ІСІНДЕГІ КӘСІБИ ДИАЛОГ

Айгүл Айтмуханова
ҚР Ұлттық музейі
Астана қ.

2025 жылдың 19-21 мамыр күндері Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде Мәдениет және ақпарат министрлігінің және «ТҮРКСОЙ» түркі мәдениеті халықаралық ұйымының қолдауымен III Қазақстан музейлерінің конгресі өтті.

Конгресс тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау мәселелері бойынша ғылым, мәдениет және музей ісі өкілдері арасында теориялық және практикалық тәжірибе алмасуға арналған кәсіби алаң болып табылады.

2025 жылы Конгресс музейлік құндылықтарды консервациялау және реставрациялаудың өзекті аспектілеріне арналды. Іс-шараға Әзербайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Өзбекстан, Ресей, Солтүстік Кипр, Түркия, Түркменстан реставраторлары мен музей ісінің мамандары, ғылым мен мәдениет саласындағы жетекші сарапшылар мен зерттеушілер қатысты. Конгреске жалпы саны 137 маман, соның ішінде Қазақстан музейлерінен 11 музей-қорық басшысы, 22 облыстық музей басшысы, 44 реставратор, 12 қор сақтаушы, 17 ғылыми қызметкер, 8 архив қызметкері бар.

Цитата: *«Реставраторлардың күш-жігерінің арқасында өткеннен қалған жәдігерлер қайта жаңғырып қана қоймай, ұлттық болмысымыз бен мәдени мұрамыз да берік сақталады. Осыған байланысты ҚР Ұлттық музейі жанынан отандық музей мамандарын даярлау және біліктілігін арттыру мақсатында Реставрация орталығы ашылады. Орталық музейлерді білікті реставраторлармен қамтамасыз етуге сеп болады, бұл жеке реставрациялау шеберханаларын құруға және тарихи-мәдени мұра объектілерін қалпына келтіру қызметін дамытуға мүмкіндік береді».* Аида Балаева, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі

Конгресс аясында музейлік құндылықтарды консервациялау және реставрациялау мәселелері кеңінен талқыланды. Қазақстанның жетекші реставраторларының бірі Қырым





Алтынбеков Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің есігін ғылыми консервациялау тәжірибесімен бөлісті. Ислам сәулетінің киелі ескерткіші ретінде бұл нысанның реставрациясы аса нәзік әрі мұқият тәсілді талап етеді.

Түркияның Стамбұл қаласындағы Реставрация және консервация орталығының маманы Илкер Кызылчайдың баяндамасы да ағаш бұйымдарын қалпына келтіру тәжірибесіне арналды. Ол ағаштың табиғи құрылымына тән биологиялық зақымданулар мен қартаю процестеріне назар аударып, мұндай нысандарды сақтау үшін кешенді зертханалық талдаулар, соның ішінде физика-химиялық әдістердің қолданылуы аса маңызды екенін баса айтты.

Мемлекеттік Эрмитаждың (Санкт-Петербург) өкілі Елена Чехова VIII–IX ғасырларға тиесілі жібекпен кестеленген былғары қапты қалпына келтіру бойынша күрделі реставрациялық тәжірибесін таныстырды. Бұл бірегей артефакт Солтүстік Осетия аумағындағы қорымнан табылған.

Ирина Бурцева (Мәскеу, И.Э. Грабарь атындағы Бүкілресейлік көркемөнер реставрация орталығы) өз баяндамасында мәдени мұра нысандарын реставрациялау алдында жүргізілетін техникалық және технологиялық зерттеулердің маңыздылығына тоқталды. Мұндай зерттеулер артефакттың нақты жағдайын анықтап, қалпына келтіруді ғылыми негізде жоспарлауға мүмкіндік береді.

ҚР Ұлттық кітапханасының Консервация, реставрация және түптеу қызметінің меңгерушісі Аида Шоманова архивтік құжаттарға қатысты реставрацияға дейінгі зерттеулердің маңыздылығын атап өтті.

Практикалық шеберлік сағаттары аясында қатысушылар әртүрлі материалдармен жұмыс істеудің нақты әдістерін меңгеріп, бірқатар маңызды реставрациялық міндеттерді шешуді үйренді. Металл артефактілерді қауіпсіз тазалау (А. Костюкевич), биозақымдану себептерін анықтау және алдын алу тәсілдері (А. Кащеев), археологиялық ыдыстарды қалпына келтіру (О. Ченченкова), керамика тонировкасы мен реставрациясы (М. Султанова), дәнекерсіз металл жөндеу (В. Астафьев) секілді әдіс-тәсілдер тәжірибе жүзінде көрсетілді. Мұндай кездесулер әртүрлі мектептердің техникаларын салыстырып, тиімді шешімдер табуға




8839

мүмкіндік береді. Практикалық тәжірибе мен ғылыми негіздің ұштасуы мәдени мұраны сапалы сақтаудың басты шарты екендігі сөзсіз.



Конгресс аясында музей ісіне заманауи технологияларды енгізуге арналған арнайы семинар өтті. Семинар барысында ETC, INTmedi, Panasonic және Pitch сынды жетекші компаниялардың өкілдері музей қызметінде интерактивті тәсілдерді қолдану, кең аудиториямен тиімді байланыс орнату, экспозицияны заманауи форматта ұсыну және музейдің қоғамдағы рөлін қайта қарау мәселелерін талқылады. Сонымен қатар осы бағыттағы дайын технологиялық шешімдер мен жаңа өнімдер таныстырылып, музей ісін жаңғыртуға арналған нақты ұсыныстар сөз болды.

Конгресс аясындағы маңызды оқиғалардың бірі – ТҮРКСОЙ Музейлер бірлестігінің отырысы. Ұлттық музейдің директоры Берік Әбдіғалиұлы мен ТҮРКСОЙ музейлер бірлестігінің түркітілдес қауымдастықтармен байланыс департаментінің жетекшісі Джавид Мовсюмлю бастаған алқалы жиында түркі елдерінің музей өкілдері реставрация және консервация саласындағы ынтымақтастықты талқылады. Отырыста ортақ жобалар мен болашақ жоспарлар ұсынылып, Қазақстанның бес музейіне бірлестікке мүше болғаны туралы сертификаттар табысталды.





Сондай-ақ, Конгресс аясында Қазақстан музейбасшыларыкеңесініңотырысыөтті.Кеңес барысында халықаралық ынтымақтастықты нығайту, кәсіби диалог алаңдарын дамыту, «E-museum» веб-порталының тұсаукесері, өңірлік музейлерден уақытша сақтауға алынған жәдігерлерді басқару, «Музей әлемі» ғылыми-танымдық журналы мен өлкетану бағытындағы әдістемелік қолдау тетіктері таныстырылды.

Конгреске қатысқан сарапшылардың баяндамалары мен тәжірибесі іс-шараның ғылыми мазмұнын байытып, музей ісі, соның ішінде реставрация саласындағы заманауи тәсілдер мен тәжірибелердің алмасуына жол ашты, зерттеу ісіндегі пәнаралық байланысты көрсетті. Мұндай халықаралық деңгейдегі кездесулер реставрация әдістемелерін жетілдіруге, мәдени мұраны сақтау саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және реставрацияның рөлін терең түсінуге ықпал етеді.

Цитата: «*Хочу выразить благодарность организаторам Конгресса и коллегам за содержательные доклады и ценный опыт. Но самое важное – это роскошь живого человеческого общения. Именно оно придаёт нам силы и вдохновение продолжать работу*». Ольга Ченченкова, реставратор Свердловского областного краеведческого музея имени О.Е. Клера, (Россия, Екатеринбург)

Конгресс туралы

Құрылған сәтінен бастап Конгресс музей саласы мамандарының кәсіби қауымдастығы үшін маңызды оқиғаға айналды. 2023 жылы өткен алғашқы Конгресс аясында 60-қа жуық музейден 200-ге тарта маман қатысып, «Өзбекәлі Жәнібеков мұрасы және музей ісі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, мемориалдық музей-қорықтарға арналған панельдік сессия және реставраторларға арналған тәжірибелік семинар ұйымдастырылды.

2024 жылы 23-24 қыркүйек күндері өткен екінші Конгресс халықаралық сипат алып, Ұлттық музей алаңында 12 елден 100-ден астам зерттеушіні біріктірді. Оның аясында «Музеология: Қазақстан – Франция» халықаралық форумы өтіп, Лувр бастаған Францияның жетекші мәдени және ғылыми мекемелері өз тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар жаңа медианы қолдану арқылы жасалған цифрлы өнер туындылары мен креативті жобалар ұсынылған «Цифрлы күз» фестивалі өтті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

СОКРОВИЩА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ В ЦЕНТРЕ ПАРИЖА

Кумар Жунусов
Национальный музей Республики Казахстан
г. Астана

Впервые за продолжительное время во Франции была развернута экспозиция, рассказывающая о культурном богатстве и историческом наследии Казахстана. С ноября 2024 года по март 2025 года в стенах Национального музея азиатских искусств – Гиме (Musée national des arts asiatiques-Guimet) прошла выставка под названием «Казахстан: Сокровища Великой степи», ставшая настоящим культурным событием.

Кураторами выставки выступили Янник Линц – президент Музея Гиме и специалист в области исламского и азиатского искусства, курировавшая масштабную выставку «Искусство ислама» во Франции и выставку Узбекистана «Великолепие оазисов Узбекистана. На пересечении караванных путей» в Лувре, и Валери Залески – куратор коллекций буддийского искусства Китая и Центральной Азии Музея Гиме.

Сценография выставки была разработана командой французского сценографа Сильвена Рока («Atelier Sylvain Roca»). Особенностью выставки стало использование технологии иммерсивного гигапикселирования. По словам самого куратора, данная выставка стала первым подобным опытом для Музея Гиме, в рамках которого была применена данная технология. Для Национального музея Республики Казахстан этот проект также носил знаковый характер: это первая зарубежная выставка, где был использован иммерсивный подход. При этом определённый опыт работы с подобными форматами у музея уже имелся: ранее в



сотрудничестве с итальянским издательством Scripta Maneant была реализована иммерсивная выставка, посвящённая картине Леонардо да Винчи «Прекрасная принцесса» (2024), а также «Итальянский ренессанс: Вечная красота» (2023).

Особую значимость выставке придал тот факт, что её открытие было приурочено к первому государственному визиту Президента Республики Казахстан во Францию. 5 ноября 2024 года выставку посетили Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев и Президент Французской Республики Эммануэль Макрон. В ходе официального осмотра лидеры двух государств высоко оценили содержательное наполнение экспозиции, подчеркнув её значение для укрепления культурно-гуманитарных связей между Казахстаном и Францией.

В рамках государственного визита Президента Республики Казахстан во Францию, по итогам реализации выставочного проекта и в целях дальнейшего сотрудничества, между Национальным музеем Республики Казахстан и Национальным музеем азиатских искусств – Гиме был подписан меморандум о сотрудничестве. Этот документ закрепил намерение сторон развивать партнёрские отношения, реализовывать совместные научные, культурные и выставочные инициативы в будущем.

Выставка «Казахстан: Сокровища Великой степи» стала первой в Париже выставкой, организованной Национальным музеем Республики Казахстан. На выставке было представлено 35 музейных предметов, объединённых в пять тематических историй, охватывающих широкий хронологический диапазон – от эпохи бронзы (III тысячелетие до н.э.) до XVIII века.

Цель выставки заключалась в демонстрации как эстетической ценности артефактов для искушенной публики Парижа, так и в передаче глубинной идеи: Казахстан как перекресток цивилизаций, где веками переплетались кочевая и оседлая культуры, Восток и Запад, степь и город. Через тщательно подобранные артефакты зрителю предлагалось увидеть, как





Homme d'or
4e–3e siècle av. J.-C.



Chandeliers
14e siècle





Tobyl
millénaire av. J.-C.



Balbal
9e–11e siècle



Chapan
17e–18e siècle

сквозь века формировался уникальный культурный код степной цивилизации.

На современном этапе своего развития Казахстан активно переосмысливает и актуализирует национальный культурный код, стремясь интегрировать историческое наследие в процессы нациестроительства. Богатая многовековая история – от кочевых империй Великой степи до эпохи казахского ханства – становится основой для формирования современного национального самосознания. Данная выставка как раз должна была показать, каким образом историческое наследие Казахстана становится живой частью современного культурного дискурса.

Идея выставки заключалась в том, чтобы через пять историй и с использованием технологии иммерсивного гигапикселирования погрузить зрителей в контекст эпохи, воздействуя на их восприятие не только посредством экспонатов, но и через эмоционально насыщенную визуальную и звуковую среду. Пять ключевых историй – от загадок «Тобольского мыслителя» и «Золотого человека» до казахского ханства, были развернуты как самостоятельные, но взаимосвязанные повествования. Каждая из них предлагала зрителю не просто смотреть на представленные артефакты, но пережить эпоху.

Казахстан с древнейших времен является перекрестком между разными цивилизациями, где встречались восток и запад, север и юг. Процессы, происходившие в просторах Великой степи так или иначе влияли на глобальные процессы в разных регионах Евразии. Доместикация лошади и последующее интенсивное освоение бескрайней степи дали мощный импульс развитию местных культур.

Особое место в экспозиции выставки заняла каменная скульптура «Тобольский мыслитель» (конец III – начало II тыс. до н. э.). Это редкое изображение человека, обращённого к небу, олицетворяет собой не только художественное мастерство древнего зодчего, но и глубокую ментальную трансформацию, характерную для эпохи бронзы. Появление антропоморфных образов в степной зоне Евразии, как и процесс доместикации лошади, является частью одного и того же цивилизационного поворота, связанного с новой ритуальностью, изменением хозяйственного уклада и формированием мифопоэтического



сознания. Подобные скульптуры, как и находки Ботайской культуры энеолита, свидетельствуют о расширении когнитивных горизонтов человека, для которого лошадь становится не только средством передвижения, но и сакральным спутником. Таким образом, «Тобольский мыслитель» может быть интерпретирован как символ культурной зрелости того общества, которое одомашнило лошадь и переосмысливало своё место в мире через образы и знаки. Не случайно внимание посетителей выставки приковал именно «Тобольский мыслитель», который олицетворяет не только мастерство древнего скульптора, но и уровень развития технологий того периода.

В современной музейной практике всё чаще акцент делается на силе одного артефакта как концентрированного носителя исторического контекста. Представленная на выставке скульптура «Тобольский мыслитель» – яркий пример того, как один экспонат способен визуализировать и передать дух целой эпохи. Эта каменная фигура воплощает сложную систему представлений древнего человека о себе, мире и сакральном. Обращённый в небо взгляд, стилизованные черты и тщательно проработанная фактура заставляют зрителя задуматься не только об эстетике, но и о философии бытия в эпоху поздней бронзы. Такие объекты становятся триггерами исторической эмпатии: один артефакт способен инициировать глубокий интерес к целой культурной эпохе, стимулируя самостоятельное изучение. В музейной практике это явление известно как «экспозиционный фокус» или «экспонат в фокусе» – когда вокруг одного предмета выстраивается нарратив. Подобная тенденция активно используется в ведущих музеях мира, поскольку эмоциональная и визуальная насыщенность одного уникального экспоната зачастую производит больший эффект, чем обилие менее выразительных артефактов.



Таким образом были представлены и остальные четыре ключевых раздела экспозиции, последовательно раскрывающие историю Казахстана. Каждый из них предлагал зрителю визуальное и эмоциональное погружение в соответствующую историческую эпоху. Благодаря сочетанию подлинных артефактов и современных цифровых решений, зритель получал возможность не просто увидеть, но прочувствовать атмосферу и контекст представленных периодов, что сделало экспозицию по-настоящему целостной и живой.

Один из ключевых разделов выставки был посвящён эпохе раннего железного века, когда на просторах Евразийской степи начали формироваться крупные племенные союзы и протогосударственные образования с высокой степенью социальной организации и общей культурной основой. Именно в этот период на историческую арену вышли племена, которых античные авторы именовали скифами, саками и сарматами. Наиболее значимые центры сакской культуры располагались в Жетысу, Сарыарке, Приаралье и Алтае. Выставка продемонстрировала уникальные украшения головного убора «Золотого человека» из Иссыкского кургана. Искусно выполненные золотые изделия, отражающие «скифо-сакский звериный стиль», наглядно свидетельствуют о развитом ювелирном искусстве, религиозных представлениях и эстетике древних кочевников.

В третьем разделе выставки были представлены два каменных изваяния – скульптуры мужчины-воина и женщины.

Одним из выразительных примеров пластического языка кочевых культур Центральной Азии являются каменные изваяния. Скульптура женщины, выполненная в стилизованной манере, олицетворяет специфический символический код эпохи: упрощённые черты лица, заострённая верхняя часть, напоминающая головной убор, а также условно изображённые руки, держащие



предмет – всё это свидетельствует о намеренной схематизации, характерной для искусства кочевников. Подобные изваяния отражают стремление передать не портретное сходство, а духовный и социальный статус изображённого. Скульптура мужчины-воина может интерпретироваться как ритуальный объект, связанный с культом предков или героизированной памяти воина. Её существование подтверждает развитость скульптурной традиции даже в условиях высокой мобильности, свойственной кочевому образу жизни, и подчёркивает наличие сложной системы визуальных знаков, позволяющих кочевым обществам закреплять историческую и культурную преемственность.



Выбор кураторов в пользу каменных антропоморфных изваяний как ключевых экспонатов тюркского периода обусловлен их высокой визуальной выразительностью и способностью служить символами целой цивилизации. В отличие от предметов быта или их орнаментированных фрагментов, каменные изваяния обладают монументальной силой воздействия и понятной универсальной пластикой, которая легко «переводится» на язык современной визуальной культуры. Через них зрителю проще установить эмоциональный и смысловой контакт с эпохой, не прибегая к сложному историческому контексту. В условиях иммерсивной выставки, где важна мгновенная реакция и визуальное вовлечение, именно такие артефакты становятся своеобразными «медиаторами» между культурой Степи и зрителем.

Четвёртый раздел выставки был посвящён периоду Золотой Орды – Улуса Джучи, образованного в XIII веке как составной части империи Чингисхана. Эта уникальная цивилизация охватывала огромные территории от Алтая до Дуная и объединяла десятки этносов с различными языками, религиями и культурными традициями. Период существования Золотой Орды стал важнейшим этапом в формировании казахстанской государственности и развитии тюркской культуры. Центральным экспонатом раздела стали бронзовые светильники XIV века из мавзолея Ходжа Ахмета Яссауи – выдающегося мусульманского мыслителя и поэта, автора «Диуани хикмет». Эти экспонаты были специально отобраны кураторами выставки из коллекции Государственного историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан». Построенный по инициативе Эмира Тимура в Туркестане, мавзолей представляет собой выдающийся памятник архитектуры и духовной культуры, включённый в Список всемирного наследия ЮНЕСКО. Представленные светильники, изготовленные с использованием передовых технологий своего времени, не только выполняли утилитарную функцию, но и служили символами просвещения, передачи знания, отражая сложную религиозно-философскую систему того времени.

Пятый раздел выставки был посвящён Казахскому ханству – государству-преемнику Улуса Джучи, образованному в середине XV века чингизидами Керей-ханом и Жанибек-ханом. Возникновение ханства стало важной вехой в истории



этнической консолидации казахского народа и формировании основ казахской государственности.

Особое внимание в экспозиции уделено правовой и политической культуре эпохи, ярким отражением которой стал парадный шапан, принадлежавший одному из выдающихся деятелей – Казыбек бию Келдибекулы. Этот предмет традиционной одежды, выполненный из парчи свободного кроя и украшенный растительными орнаментами, вышитыми золотыми, серебряными и медными нитями, символизирует благополучие, честь и высокий социальный статус. Парадный шапан надевался в торжественных случаях – на собраниях и курултаях, отражая не только эстетические предпочтения, но и глубинные культурные смыслы своего времени.



Выбор шапана в качестве ключевого экспоната раздела, посвящённого Казахскому ханству, не случаен. Шапан – не просто предмет одежды, но важный маркер социального статуса, власти и культурной идентичности. Парадный шапан наглядно олицетворяет связь с институтом биев – уникальной судебно-правовой системой, сформированной в обществе и оказавшей влияние на развитие казахской правовой культуры. Через шапан как личную вещь выдающегося государственного деятеля раскрывается живая ткань истории: этика, представления о справедливости, символика власти и традиционное отношение к материальному наследию. Его демонстрация на выставке подчёркивает индивидуализированную подачу истории – когда не только через абстрактные категории, но и через конкретные предметы раскрываются образы эпохи.

Создание иммерсивного контента для выставки «Казахстан: Сокровища Великой степи» в Музее Гиме стало результатом тесного сотрудничества между французскими и казахстанскими специалистами. В ходе предварительной подготовки к выставке сценограф Сильвен Рока посетил Казахстан, где исследовал ключевые археологические и культурные места, включая Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык» в Алматинской области и Государственный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан» (Мавзолей Ходжа Ахмета Ясави) в Туркестане, а также ознакомился с коллекцией Национального музея Республики Казахстан.

Совместно с куратором выставки был проведён отбор экспонатов и разработано техническое задание для съёмок на местах их обнаружения. Съемки контента для иммерсивной части выставки проведена казахстанской компанией в пяти локациях: в Национальном музее, где были засняты украшения «Золотого человека», каменные изваяния, шапан, светильники и «Тобольский мыслитель», а также в Иссыкских курганах, Мавзолее Ходжа Ахмета Яссауи, Туркестанской, Костанайской и Карагандинской областях.

Полученные видеоматериалы были переданы режиссёру Оливье Брюне и звукорежиссёру Кристиану Олю из команды «Atelier Sylvain Roca», которые осуществили монтаж и звуковое оформление иммерсивных видеоматериалов, интегрированных в экспозицию. Этот подход позволил создать глубокое визуальное и эмоциональное погружение.

Использование иммерсивной технологии гигапикселирования стало ключевым инструментом для усиления воздействия выставки на посетителя. Благодаря этой технологии зрителю представилась возможность буквально «войти» в прошлое – увидеть детали артефактов в высоком разрешении, услышать звуки степи, прочувствовать атмосферу тех мест, где были найдены экспонаты. Иммерсивные видеопроекции не только позволили интегрировать ландшафт, архитектуру и





LE FIGARO
et vous

STYLE

RENCONTRE AVEC DOMINIQUE ROPION, LE PARFUMEUR STAR QUI LANCE (ENFIN) SA PROPRE COLLECTION

PAGE 33



PRIX INTERALLIÉ

THIBAULT DE MONTAIGU, ARRIÈRE-PETIT-FILS DE GASTON GALLIMARD, SACRÉ POUR « CŒUR »

PAGE 40



La table en majesté

Le Musée des arts décoratifs présente deux siècles d'histoire de la maison d'orfèvrerie Christofle à travers une mise en scène spectaculaire.

PAGE 30





« Les Misérables » : un retour remarqué à Paris

PAGE 34

THOMAS AMOUROUX, MUSÉE DES ARTS DÉCORATIFS, CHRISTOFLE / GUILLAUME BONNAUD/LIFE

« L'Homme d'or » en ambassade au Musée Guimet

Éric Biétry-Rivierre

Cinq trésors nationaux du Kazakhstan, emblématiques de l'histoire des routes de la soie, font l'objet d'un prêt diplomatique à Paris.

Ils sont venus s'incliner ensemble devant ces vestiges. Emmanuel Macron et son homologue du Kazakhstan, Kassym-Jomart Tokaïev, ont inauguré le 5 novembre dernier une exposition, petite mais exceptionnelle, au Musée Guimet des arts asiatiques. On y admire les pièces phares de l'histoire kazakhe.

C'est en 1969 que de la tombe dite « de L'Homme d'or » ou « du Tout-Puissant scythe », un tumulus royal inviolé de 60 m de diamètre sur 6 m de haut, a été découverte. Elle se trouve à Issyk, dans la région d'Almaty, l'ancienne capitale. Jamais les archéologues spécialistes des steppes d'Asie centrale n'avaient noté un tel raffinement dans les parures enterrées. Celles d'un seigneur inhumé au IVe ou au IIIe siècle av. J.-C. La mode était alors aux hautes coiffes coniques et aux chaussures en feutre d'or.

Bague frappée d'un profil de dieu soleil, fleches de haute technologie, motifs de tigres et de moutons mythologiques, animaux assurant le lien entre le monde terrestre, le souterrain et le céleste. Tous ces objets en or massif resplendissent dans leur vitrine blindée. Sur l'une des coupes en argent retrouvées près du défunt (qui n'a malheureusement pas fait le voyage), est gravée, paraît-il, la plus ancienne écriture d'Asie centrale.

À 1642, également venus du Musée national de la République du Kazakhstan, autre joies de la vieille route de la soie, une petite sculpture anthropomorphe trouvée à Tobyl, dans le nord du pays. Elle a été surnommée « Le Penseur » en référence au chef-d'œuvre de Rodin, car elle affiche une attitude méditative similaire. Elle remonte au IVe millénaire avant notre ère et se trouve donc contemporaine de la première domestication du cheval. Passent les âges. Voici encore sur leur socle deux exemples de stèles funéraires saqalibiques. De telles sculptures, elles aussi anthropomorphes, ont été sorties lors de leurs cheminements par les peuples turcs de l'Eurasie médiévale. Durant ces siècles, du IXe au XIIe, ces tribus nomades étaient fédérées en khaganat (« empire »). Les deux dernières vitrines évoquent la sédentarisation moderne. Deux des six chandeliers en bronze ciselé, commandités par Tamerlan pour le mausolée d'un mystique soufi, s'imposent ici de façon monumentale. Leurs jumeaux se trouvent sur place mais aussi au Louvre et à l'Ermitage, à Saint-Pétersbourg.

Après le Tadjikistan et l'Ouzbékistan, la France met ainsi en lumière le Kazakhstan, déployant pour ce pays des trésors de « soft diplomacy », louant en particulier sur l'armement des steppes du Kazakhstan étant, dans ce domaine, leader mondial). Reste que « L'Homme d'or » en ambassade parisienne ne réussira pas forcément à couper l'herbe sous le pied de Vladimir Poutine. Toujours attend chez lui le président russe le 27 novembre prochain. ■

« Kazakhstan, trésors de la grande steppe », au Musée Guimet (Paris 16e), jusqu'au 17 février 2025. Tél. : 01 56 52 53 00. www.guimet.fr

Archéologia

COUNTRY:France
PAGE(S) :7
SURFACE :60 %
FREQUENCY :Monthly

CIRCULATION :(31300)
AVE :2,4 K€
AUTHOR :M. D.

► 1 January 2025 - N°638

PARIS

Trésors du Kazakhstan

Bénéficiant de prêts exceptionnels, venus du musée national de la République du Kazakhstan et de la réserve historique et culturelle d'État - musée Azret Sultan, le musée national des arts asiatiques-Guimet déploie cinq ensembles de chefs-d'œuvre sculptés et orfévrés, éclairant des moments fondateurs de l'histoire millénaire de l'Asie centrale.



Vue de l'exposition. © Lola Moser



Le Penseur de Tobyl. Région de Qostanaï, IIIe-IIe millénaires avant notre ère, grès. Musée national de la République du Kazakhstan.

Dans une scénographie immersive qui donne à voir (et à entendre) les paysages des immenses steppes d'Asie centrale, se dévoilent cinq trésors nationaux du Kazakhstan. Remontant au IIIe ou au IIe millénaire avant notre ère, le plus ancien, une bien singulière statue en grès brun soigneusement poli, est surnommé « le Penseur de Tobyl » en référence à l'œuvre de Rodin et au site où elle a été mise au jour. Mais ses larges orbites profondément creusées et tournées vers les cieux lui ont aussi valu le sobriquet de « l'homme scrutant le ciel ». La virtuosité de la sculpture montre autant une profonde connaissance de l'anatomie qu'une volonté de stylisation, dans un rejet délibéré du respect des proportions. Et au-delà, elle témoigne également d'un changement du mode de vie des tribus de chasseurs nomades vers une économie productive reposant désormais sur l'élevage du cheval et des bovins, considérée comme le fondement de la civilisation des steppes. Sertis dans une vitrine qui leur est dédiée, de somptueux ornements en or, découverts en 1969 à Issyk, dans la région d'Almaty et datés du IVe ou du IIIe siècle avant notre ère, soulignent, quant à eux, le raffinement de l'orfèvrerie des Scythes et la richesse de leur mythologie. Destinés à orner une coiffe de souverain, ils se parent de motifs végétaux et animaliers, symbolisant les différentes parties du cosmos, et manifestent la puissance de « l'Homme d'or » sur la totalité de l'univers, en l'élevant au rang de divinité solaire.

L'instauration du khaganat

Monuments emblématiques des tribus nomades turques du IXe au XIe siècle, les *balbal*, stèles anthropomorphes masculines ou féminines, offrent ensuite aux regards leurs traits schématiques. Leur présence réflète un moment décisif dans l'histoire de l'Asie centrale, alors dominée par des khaganats (empires), selon un mode de confédération des tribus qui émerge au VIe siècle. La puissance du célèbre émir Tamerlan est magnifiquement incarnée par ces grands chandeliers commandés pour le mausolée du poète et mystique soufi Ahmet Yasawi, promoteur de l'islam en Asie centrale. Imposantes pièces en bronze, sans doute incrustées d'or, d'argent ou de cuivre au XIVe siècle, elles attestent du faste de l'art décoratif islamique médiéval. C'est dans ce même mausolée que sont expérimentées de nouvelles techniques architecturales, comme les briques bleues et turquoises émaillées de motifs géométriques employées plus tard dans la construction de Samarcande. Un chatoiement des couleurs, qui se retrouve jusque dans l'art textile avec un *chapan*, large manteau à pans croisés, en soie brochée de fils d'or et d'argent, orné de motifs végétaux symbolisant l'abondance et la prospérité et soulignant l'extrême raffinement des vêtements élitaires. **M. D.**

INFOS PRATIQUES

Kazakhstan. Trésors de la Grande Steppe, jusqu'au 24 mars 2025 au musée national des arts asiatiques-Guimet, 6 place d'Iéna, 75116 Paris. Tél. 01 56 52 54 33 et www.guimet.fr

исторический контекст в единое повествование, но и эмоционально пережить ту или иную эпоху.

Вместе с тем, важнейший вклад в подготовку выставки внесла команда Национального музея Республики Казахстан. Над созданием проекта работала большая междисциплинарная группа специалистов, обеспечившая его высокое качество на всех этапах реализации. Научные сотрудники музея отвечали за содержательную концепцию экспозиции, подготовку исторических справок, описание артефактов и интерпретацию культурных контекстов. Фондовая и экспозиционная службы обеспечили отбор, упаковку экспонатов и их подготовку к транспоритровке. Работа реставраторов заключалась в восстановлении и чистке артефактов с соблюдением всех требований сохранности. Дизайнеры участвовали в разработке визуального решения выставки совместно с коллегами из Музея Гиме. Маркетинговый отдел и пресс-служба музея осуществили масштабную информационную кампанию по продвижению выставки в отечественных медиа, сделав проект заметным для широкой аудитории, а специалисты отдела международных отношений выступили связующим звеном между казахстанской и французской сторонами, координировали всю коммуникацию с партнёрами, принимали участие в согласовании организационных и логистических вопросов, а также полностью курировали процесс подготовки выставки в Париже.

Слаженная работа всех подразделений Национального музея РК стала основой успешной реализации выставочного проекта на международном уровне. Об этом свидетельствует большой общественный резонанс и интерес жителей и гостей Парижа к выставке. За время своей работы выставку посетило более 71 000 человек, более 30 материалов опубликовано в средствах массовой информации Франции и Европы, в том числе в крупнейших французских СМИ – газете Le Figaro, Le Monde, La Gazette Drouot, National Geographic, журнале Beaux Arts Magazine и многих других.

Следует особо подчеркнуть, что данный выставочный проект был реализован при поддержке ЧФ «Фонд Булата Утемуратова» и компании ТОО Visor Group, выступившими спонсорами, обеспечившими финансовую поддержку. Благодаря их вкладу стало возможным осуществление масштабных подготовительных мероприятий, включая производство видеофильмов для создания иммерсивного контента и сценографии, дизайн художественной мультимедийной инсталляции, оформление выставки, освещение, графический дизайн, мультимедиа, издание выставочной брошюры и коммуникацию. Участие партнеров в данном проекте демонстрирует значимость частных инициатив в деле продвижения культурного наследия Казахстана на международной арене.

Выставка «Казахстан: Сокровища Великой степи» в Музее Гиме объединила научный подход, современный дизайн и новые мультимедийные технологии, чтобы по-новому рассказать о богатом историческом и культурном наследии Казахстана. Благодаря тщательно продуманной экспозиции и использованию иммерсивного контента, выставка вызвала интерес как у широкой публики, так и у специалистов. Этот проект стал хорошим примером того, как культура может быть доступной, живой и интересной.

РЕЗЮМЕ:
Мақалада Ұлттық музейдің «Қазақстан: Ұлы дала жауһарлары» көрмесін Гиме - Азия өнерінің ұлттық музейінде ұйымдастыру процесі баяндалады.

Меруерт Амирова
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
Астана қ.

БОЛГАРИЯ МУЗЕЙЛЕРІНІҢ ЭКСПОЗИЦИЯСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Музейдің мәдени білім беру және ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде атқаратын рөлі ерекше. Оның мақсаты – жұртшылықты мәдени іс-шаралар төңірегіне біріктіру, рухани мұраны сақтау және байыту.

Бүгінгі таңда музеологияда экспозицияның қарапайым анықтамасы музей коллекциясының көрмеге арналған бөлігі болып табылады. Музей экспозициясы дегеніміз – музей заттары мен басқа да экспозициялық материалдарды үйлесімді түрде біріктіретін біртұтас материалдық-кеңістік жүйесі.

Қазіргі уақытта дамыған елдердегі озық музейлердің тәжірибесіне сүйене отырып, заман талаптарына сәйкес музей жүйесін жетілдіру өте маңызды. Бұл – біздің ұлттық мәдениетіміздің деңгейін арттырудың тиімді тетігі.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ұйымдастырумен 2024 жылдың 4-13 желтоқсан күндері Болгарияның Варна қаласындағы аймақтық тарих музейі және Tendril компаниясы бірлесіп, «Болгария музейлерінің әдістемелік нұсқаулығы: теория, механизмдер, практика» атты 72 сағаттан тұратын біліктілікті арттыру курсы өтті.

Курстың мақсаты – еліміздегі музей саласы мамандарының біліктілігін арттыру, экспозиция мен көрмелер ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен танысу. Құжаттаудың озық әдістерін зерделеуді, мультимедиялық технологияларды пайдалана отырып интерактивті көрмелер әзірлеуді, сондай-ақ, қазіргі қоғамда музей қызметін танымал ету стратегияларын талқылауды қоса алғанда, ғылыми-әдістемелік жұмыс саласында да тәжірибе алмасу.

ВАРНА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МУЗЕЙІ

Курстың алғашқы күндерінде Варна археологиялық музейінің қысқаша тарихы таныстырылды. Музейдің ашылуы чех ұлтынан шыққан ағайынды Герман және Карел Шкорпиловтардың есімімен тығыз байланысты.

Олар Осман империясынан азат етілгеннен кейін 1894 жылы Болгарияның Варна қаласына қоныс аударып, жергілікті Болгария халқының білімі мен мәдениетіне айтарлықтай ықпал етті.

1901 жылы 12 желтоқсанда энтузиасттар мен мұғалімдер тобы Варна археологиялық қоғамын құрды. Олар ондаған жылдар бойы Варна аймағы мен Солтүстік-Шығыс Болгарияны зерттеуге қызығушылық танытты. Қоғамның басты міндеті археологиялық музей құру болды. Белсенді жинақтау және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұл идея іске асырылды.

1906 жылы 11 маусымда Варна Қыздар гимназиясында салтанатты түрде музей экспозициясы ашылды. Карел Шкорпил 1944 жылы қайтыс болғанға дейін музейдің директоры қызметін атқарды. 1945 жылы Варна археологиялық музейі мемлекеттік дәреже алды.

Сонымен қатар, Варнада археологиялық музейдің бай коллекциялары мен ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмыстарының нәтижесінде Әскери-теңіз музейі, Этнографиялық музей және Болгар Қайта өрлеу дәуірі музейі құрылды.

1983 жылдан бастап Археологиялық музей бұрынғы Қыздар гимназиясының ғимаратына қайта көшірілді. Өйткені, музейдің бай коллекциясын сақтау үшін мұнда үлкен мүмкіндіктер болды.

ВАРНА ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МУЗЕЙІ

Этнографиялық музей 1974 жылдың 27 - шілдесінде ашылды. XX ғасырдың 60 – жылдары Варна қаласының ескі бөлігінде орналасқан Болгар Қайта өрлеу кезеңіндегі ең көрнекті және жақсы сақталған үйлердің бірі Этнографиялық музейдің экспозициясы үшін таңдалды. Ол 1850-1860 жылдар аралығында Македониядан келген шеберлер салған үй болатын. Ғимараттың сәулеті көпқабатты симметриялы үйлердің түріне жатады.

Үйді сәулетші Камен Горанов қалпына келтіріп, музейге бейімдеген. Негізгі ғимаратпен үйлесімді байланысқан жаңа құрылыс қосымша салынды. Варна



Варна этнографиялық музейі

халқының тұрмысы мен мәдениетін көрсететін экспозицияның аумағы мен көркемдік безендірілуін этнограф Мария Николова жасаған.

Бірінші қабаттағы экспозицияда Солтүстік-Шығыс Болгария мен Варна өңіріне тән негізгі шаруашылық – егіншілік пен мал шаруашылығы, ара өсіру, теңіз және балық аулау, жүзім және шарап жасау мен кейбір дәстүрлі қолөнер бұйымдары қойылған.

Болгар халқының киімі мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде болгар халқының дамуы мен өмір сүруінің маңызды кезеңдерін көрсетеді. Ол тұрғылықты жерінің, жынысының, жасының, отбасы жағдайының, әлеуметтік дәрежесін, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлеріне тікелей байланысты. Экспозицияда ұсынылған Варна аймағының костюмі болгар киімдерінің негізгі түрлерін көрсеткен.

Варна өңіріне қоныс аударушылар XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарынан бастап Солтүстік және Шығыс Фракия, Кіші Азия, Македония және Добруджа облыстарынан келе бастады. Олардың ескі костюмдері тоқыма оюөрнекпен өрнектелген сыртқы киіммен қатар, әйел және ер кісілердің киімдеріндегі кестелері қызыл түспен ерекшеленді.



Варна этнографиялық музейінің алғашқы қоныс аударушыларға арналған экспозициясы

Варна этнографиялық музейінің экспозициясы



ҚАЙТА ӨРЛЕУ МУЗЕЙІ

1959 жылы 4 қазанда Қайта өрлеу музейі арнайы қалпына келтірілген ғимаратта ашылды. Музей Варна мен оның тұрғындарының қайта өрлеу дәуірінен маңызды сыр шертетін мәдени білім ордасы болды. Ғимарат 1861-1862 жылдары іргетасын қалады. 1862 жылы 25 шілдеде Әулие Кирилл және Мефодий атындағы бірінші болгар мектебі ретінде салтанатты түрде ашылған.

Музей болгар халқының осман билігінен ұлт-азаттық қозғалысының, Болгар қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл бірнеше бағытта көрініс табады: дербес болгар шіркеуі үшін күрес, ана тілінде халық ағарту ісі және мемлекеттің тәуелсіздігі.

Варнада қайта өрлеу басқа болгар аймағымен салыстырғанда әлдеқайда баяу дамыды. Мұның себептері, ең алдымен, Варна халқының көпұлтты және этникалық алуан түрлі құрамында болуы еді. Экспозиция екі қабатта орналасқан. Варнадағы қайта өрлеу процестеріне, орыс-түрік соғыстарының ықпалына, экономикалық дамуға, мәдени өмірге, шіркеу, ұлттық күреске, революциялық көріністер мен азаттық процестеріне тән сәттер ұсынылған.

«Мектеп» залында қаладағы бірінші болгар мектебінің сыныбы қалпына келтірілген. 1961 жылы кәсіпкерлер Велко Тонев пен Минко Гечев бірегей экспозиция жасап, оқу сыныбының бөлмесін қайта жаңғыртады. Болгарияда алғаш рет музейге келушінің сол дәуірді барынша түсініп, сезінуі үшін осындай идея іске асырылған болатын. Болгар Қайта өрлеуі кезінде пайдаланылған құм салынған парталар, жазуға арналған түрлі құралдар, оқулықтар мен дәптерлер қойылған. Жергілікті саудагерлердің алғашқы болгар училищесіне Христо Попович сыйға тартқан түпнұсқа қара тақта сақталған.

Оқушылар өз білімдеріне сай алған түрлі ынталандыру, мақтау қағаздары музейге келушілердің қызығушылығын тудырады. Әсіресе, 150 жыл бұрын жасалған партаға отыру және құмға арналған аспаптармен жазу мүмкіндігі ерекше әсер қалдырады.





Қайта өрлеу музейінің «Мектеп» залына арналған экспозициясы



Варнадағы 1865-1870 жылдар көптеген оқиғаларға толы болды. Қысқа уақыт ішінде болгарлар қалада өз шіркеуін ашып, мектептің бірінші қабатын қайта салады. Көп ұзамай «Возрождение» мәдениет үйінің де есігі ашылады, оның түпнұсқалық мөрі әлі күнге дейін музейде сақталуда.

Қорыта айтқанда, Болгария музейлерінің бай коллекциясы сол кезеңді ашып көрсете білген. Музей аудиториясына тарихы мен мәдениетінің дәстүрлі сабақтастығы мен ерекшелігін музей экспозициясында бейнелей алды. Сондай-ақ, музей қызметкерлері мен археологиялық қоғам ұйымының жұмыстарын ерекше айта кету қажет. Қажырлы еңбектері мен үздіксіз далалық экспедиция жұмыстарының нәтижесінде 120 жылдан астам уақыт бойы археологтар, Варна археологиялық қоғамының мүшелері мен Варна археологиялық музейінің қызметкерлері осы өңірдің өткенінен мол мағлұмат беретін 100 000 астам түрлі археологиялық бай музей коллекцияларын сақтап отыр.

РЕЗЮМЕ
В статье рассказывается о ценных артефактах Археологического, Этнографического музеев и музея Возрождения Варны в Болгарии.

Елена Кубашева
Алматы қ, музейлер бірлестігі, Д.А. Қонаев музейі
Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН СИНГАПУР ТӘЖІРИБЕСІ: КЕЛУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ЖАҢА ИДЕЯЛАРЫ

Қазіргі қоғам мәдени мұраны сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізе алатын музейлерге және жоғары білікті мамандарға аса мұқтаж. Осы мәселені шешу үшін Алматы қаласының әкімдігі Музейлер бірлестігінің қызметкерлерін әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында оқыту туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде, Алматы қаласы Музейлер бірлестігінің 10 қызметкері Францияда Париждің Ұлттық ескерткіштер орталығында біліктілігін арттырды. Айта кетсек, Алматы қаласы Музейлер білестігі құрамына Д. Қонаев музейін қосқанда тоғыз музей кіреді. Осы бастама аясында Д. Қонаев музейінің басшысы ретінде маған Сингапурдың Ғылыми орталығында біліктілікті арттыру бағдарламасына қатысу мәртебесі бұйырды. Мен бұл сапардан алған тәжірибем мен әсерлерімді үлкен қуанышпен бөліскім келеді.

2024 жылдың қазан айында Алматы қаласы Музейлер бірлестігінің 10 қызметкері Сингапурдың Ғылыми орталығында өзара ынтымақтастық туралы келісім негізінде біліктілігін арттырды. Бұл келісімге Ғылыми орталықтың бас менеджері Эндрю Тан мен Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Сағындықова қол қойды.

Сингапур – дамыған шығармашылық индустриясы мен жоғары технологиялары бар ерекше қала. Сондықтан оны зерттеу мен тәжірибе алмасу үшін үлгі ретінде қарастыруға болады. Біздің оқу процесіміз Сингапурдың Ғылыми орталығында өтті, мұнда орталық қызметкерлері жобаларымен және білімдерімен қуана бөлісті. Олардың ел жетістіктері туралы құрметпен және мақтанышпен айтуға дайын екендері бізді таң қалдырды. Біз тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар Қазақстан музейлерінде қолдана алатын тәжірибелік дағдыларды да алдық.

Мәдениеттанушы Кеннет Хадсонның пікірінше, идеалды орталықтар – бұл ғалымдардың қызығушылықтарын қанағаттандырып, қарапайым келушілердің назарын экспозицияның барлық элементтеріне аударуды қамтамасыз ететін орындар. Осы тұрғыдан алғанда, Сингапур ғылыми орталығы - жүйелі жұмысы, уақытпен дәлелденген тәсілдері мен күнделікті жетілдіріп отыратын озық технологияларымен ерекшеленеді.

Сингапурда мектеп жасындағы балаларға арналған білім беру бағдарламаларына ерекше

көңіл бөлінеді. Олар жарыстар, фестивальдер, ғылыми квесттер мен зертханалар сияқты іс-шараларға белсенді қатысады. Ғылыми орталық әртүрлі табиғаттану аспектілеріне арналған тақырыптық аймақтарға бөлінген, мысалы, табиғи құбылыстар, энергетика, экология және тағы басқалар. Мысалы, «Energy Titans» аймағы балаларды электр энергиясының әлеміне енгізеді: көрнекі эксперименттер мен интерактивті демонстрациялар олардың электр энергиясын жеткізу процесін түсінуіне көмектеседі. Мұнда балаларға орталық қызметкері физиканың негізгі принциптерін көрсете отырып, қыздыру шамына электр энергиясын жеткізуді қалай түсіндіретінін көре алады. Бұл тәсіл білімге деген қызығушылықты дамытып, ресурстарға саналы көзқарасты оятуда.

Біз балалардың көңілінен шыққанын, болып жатқан оқиғаларға деген қызығушылығын, сондай-ақ гидпен сұрақ-жауап форматындағы шынайы диалогты көрдік. Бұл білім беру процесін анағұрлым қызықты етеді. Сондай-ақ, жас келушілерді тартуға және олардың білім мен ғылымға деген қызығушылығын дамыту мақсатында музейлерімізде осындай бағдарламаларды жүзеге асыруға шабыттандырды.

Балаларға арналған ғылыми орталықтың бір бөлімінде тамақтану мәдениеті туралы айтылады – бұл бағдарлама балалардың дербестігін және тұрмыстық дағдыларын дамытуға бағытталған. Балалар өнімдерді өз бетімен таңдап, сатып алуды, өлшеуді, төлеуді және тіпті тағам дайындауды үйренеді. Бұл әдіс оларға үнемдеу мен үй шаруашылығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын түсінуге көмектеседі және оларды ерте жастан қоршаған ортаға құрметпен қарауға баулиды.

Мысалы, орталықта немесе музейде сабақ өткізгенде балалар еденге отырғызылады – бұл жердің жақындығын білдіреді және тазалыққа үйретеді. Сингапурда тазалық жай ереже емес, бала кезінен білуі тиіс әдет-ғұрып. Балалар еденнің қай жерде болса да таза болып қалу керектігін түсінеді, сондықтан мұндай әдістер тиімді болып шығады. Үкімет тазалық мәдениетін қолдау үшін мыңдаған қоқыс жәшіктерін орнатқан.

Сингапур келген сәттен-ақ әсер қалдырады: барлық жерде заманауи мультимедиялық технологиялар орнатылған, қызметкерлер қонақтарды күлімсіреп және көңіл бөліп қарсы алады, туристер үшін жайлы жағдайлар жасайды.

Музейдің негізгі міндеттерінің бірі - келушілерді тарту және олармен жұмыс істеу, қызықты тәжірибемен қамтамасыз ету. Сингапурда әрбір көрме тек ақпарат беріп қана қоймай, келушілерді тарту үшін жобаланады. Мәселен, ғарышқа арналған аймақ арнайы «Night vision» VR-көзілдіріктері арқылы келушілерге жұлдызды кеңістікті көруге, ғарыш кемесінде «болуға», экипаждың жұмысын көруге және тіпті спутниктер мен планеталарды бақылауға мүмкіндік береді. Бұл балаларда ғарыш пен ғылымға қызығушылықты оятып, мамандық таңдауда шабыттандыруы мүмкін.

Осындай қызықты бағдарламаларда әрбір бала әлем мен өз елі туралы жаңа нәрсені аша алады. Мұндай интерактивті тәсілдерді бізде де енгізуге болады, мысалы, батырлар, билер, шежіреге арналған музейлер құру арқылы. Бұл балаларға өз тамырларын тереңірек түсінуге, ата-бабаларының мәдениетімен танысуға мүмкіндік беріп, өз бастаулары туралы біртұтас түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

Батырларға арналған музейлерде балалар сауыт-саймандардың немесе ат жабдығының элементтерін жинай алатын интерактивті экспозициялар құруға болады, себебі қазақтар үшін ат мәдениеті мен ғарыш символикалық түрде байланысты: біздің ата-бабаларымыз аспан денелері мен басқа табиғи бағдарларды басшылыққа алған. Сингапурда балаларды музейлер мен ғылыми орталықтарға осындай ойын әдістері арқылы тартуға үлкен көңіл бөлінеді, бұл бізді осындай бағдарламаларды дамытуға ынталандырады.

Музей мамандары ретінде біз көптеген Сингапур жобаларымен таныстық, олар заманауи технологияларға негізделген. Мысалы, голограммалар, 3D-модельдер, мультимедиялық құрылғылар және т.б. Бұл, әсіресе, инновациялық технологияларға оңай тартылатын өскелең ұрпақ үшін маңызды. Мысалы, компьютерлік графика мен арнайы құрылғылардың көмегімен экспонаттарды «тірілтіп, толықтыруға» болады, осылайша келушілерге ерекше әсерлер сыйлауға мүмкіндік туындайды. Келушілер Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың әйгілі асатаяғын қолдарында ұстап тұрғандай сезінуі мүмкін – бұл отбасылық амандық пен тірек символы, асатаяқта оның


ACTIVITY CENTRE
ACTIVITY CENTRE
Welcome to
Science
Centre
Singapor
SCIENCE CENTRE
singapore


experiencing
Kingsmen

жұбайы Зухра Шәріпқызының аты-жөні бедерленген. Немесе Дінмұхамед Ахметұлы мен Зухра Шәріпқызының қол ұстасып тұрған суретін елестетуге болады, толықтырылған шынайылық форматы арқылы келушілер «олардың жанына» тұрып, естелікке фото мен видео түсіре алады.

Мұндай интерактивті элементтер экспозицияларды есте қаларлықтай етеді. Мысалы, тұтқасынан атақты адамдардың дауысы дыбысталатын классикалық телефондарды енгізуге болады. Тұтқаны көтерген кезде келуші Дінмұхамед Ахметұлының өзі айтқан сөздерін немесе оның батасын естуі мүмкін. Бұл өте әсерлі, өйткені қазақ халқы үшін ақсақалдардың батасы әрдайым құнды болған.

Біз сондай-ақ, ұлы адамдардың, атап айтқанда Димаш Ахметұлы Қонаевтың дәйексөздері мен ой-пікірлеріне негізделген авторлық экскурсияларды әзірлеп жатырмыз. Мысалы, «еңбек» сөзін атағанда, экранда еңбек туралы цитата пайда болады. Келуші сөздерді таңдайтын немесе магниттік фигуралардан жинайтын интерактивті панельдерді жасауға болады, содан кейін қажетті цитата жарықтандырылады.

Интерактивті панельдер мен тапсырмаларды, мысалы, лазер немесе стилус көмегімен енгізу тарих пен мәдениетке назар аударуға мүмкіндік береді. Мысалы, балалар Д. Қонаевтың басшылығымен құрылған қалалардың атауларын жинай алады немесе минералдар мен архитектура туралы біле алады. Бұл тәсіл ақпаратты есте сақтауға көмектесіп қана қоймай, сәулетші мен инженер мамандығын таңдауға деген қызығушылықтарын арттырады.

Сингапурдың ғылыми орталығында мұражай жұмысының инновациялық әдістері балалар мен ересектерді қызықтырып қана қоймай, олардың мәдениетке, экологияға және ғылыми білімге деген көзқарасын өзгерте алатынын айтқым келеді. Өзара іс-қимылға, практикаға және жеке тәжірибеге бағдарланған тәсілдер ғылым мен тарихқа деген қызығушылықты ашуға, қоршаған ортаны құрметтеу құндылықтарын қалыптастыруға және тіпті өмір жолдарын анықтауға көмектесуі мүмкін. Бұл ұстанымдар Алматы және Қазақстанның барлық музейлеріне келушілермен жаңа коммуникация формаларын құру және елдің мәдени кеңістігін дамытуға қызмет ете алады. Мұндай білім беру және интерактивті бағдарламаларды енгізу музейлерге деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, оларды болашақ ұрпақты тәрбиелеу және ағарту орталықтарына айналдыруға мүмкіндік береді.

Біз Сингапурдағы Ғылыми орталықтың алдыңғы қатарлы тәжіри-бесімен танысуда және білім алуымызға үлес қосқан барлық адамдарға шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Профессор Лим Тит Менгке жылы қабылдауымен орталық жұмысымен етене танысуға мүмкіндік бергені үшін ерекше алғыс айтамыз. Сондай-ақ, көрме залдарымен таныстырған Вероника Хенг ханымға қызықты экскурсиясы көп рахмет дейміз. Чарисса Лин ханым мен доктор Ли Сон Чунға орталықтың іс-шараларын, соның ішінде байқаулар мен ғылыми фестивальдерді таныстырғаны үшін, ал Энн Дханарай ханымға білім беру бағдарламалары бойынша бағалы материалдармен таныстырғаны үшін ерекше ризашылығымызды жеткіземіз. Сондай-ақ, Юджин Вамбик мырзаға көрме жобаларына шолу жасағаны үшін және Харит мырзаға экспонаттармен егжей-тегжейлі таныстырғаны және ғылыми шоуларды көрсеткені үшін алғыс айтқымыз келеді.

Эндрю Тан мырзаға орталықтың коммерциялық мүмкіндіктерін таныстырғаны үшін және менеджер Фенде Нгоға ерекше алғысымызды білдіреміз. Сіздердің қолдауларыңыз бен білімдеріңіз Алматы қаласындағы музейлердің жұмысында жаңа идеялар мен тәсілдерді енгізуге көмектеседі.

Қорыта айтқанда, мәдениет саласы қызметкерлерінің білімін жетілдіру ісіне қолдау танытқаны үшін Алматы қаласының әкімдігіне және жаңа тәжірибе алу мүмкіндігін бергені үшін Алматы қаласы музейлер бірлестігі басшылығына, атап айтқанда Сағындықова Ләззат Құдайбергенқызына алғысымды білдіремін!

РЕЗЮМЕ:
Статья рассказывает о повышении квалификации и обмене опытом в Научном центре Сингапура сотрудника Объединения музеев г. Алматы.

Раиса Жаксыбаева *– одна из числа людей, стоявших у истоков музейно-мемориального комплекса «АЛЖИР»*

ПРОКЛЯТАЯ И БЕСПРАВНАЯ: ИСТОРИЯ ЛОТТЫ РАЙСС МЕЖДУ ГУЛАГОМ И ГЕРМАНИЕЙ

Музейно-мемориальный комплекс жертв политических репрессий и тоталитаризма «АЛЖИР» – уникальный памятник истории XX века. Он был открыт 31 мая 2007 года в ауле Акмол Целиноградского района Акмолинской области на территории бывшего Акмолинского лагеря жен изменников Родины.

Открытие музея было приурочено к 10-летию со дня принятия Указа «Об установлении Дня памяти жертв политических репрессий» от 1997 года, а также к 70-летию с момента начала массовых политических репрессий, унесших миллионы жизней.

Музейно-мемориальный комплекс «АЛЖИР» является уникальным музеем не только на постсоветском пространстве, но и во всем мире, посвященном памяти заключенных женщин 62 национальностей – жертв тоталитарной системы прошлого века.

В прошлом году мне довелось побывать в Германии на конференции, посвященной вопросам исторического просвещения. Судьба преподнесла мне, можно сказать, профессиональный подарок – знакомство с Конрадом Райссом и содержательную беседу с ним.

АРЕСТ ЗА ПЕРЕПИСКУ

Конрад (Коля) Райсс родился в 1946 году в Карлаге, в поселке Долинка.

Почти через 70 лет, в мае 2022 года, он вместе с дочерью Аней посетил место своего рождения в составе туристической группы из Германии. Он не был здесь с 1954 года, когда его мать Лотта Райсс получила свободу и право выезда в Германию после более чем 16 лет заключения и ссылки.

Молодая Лотта, студентка Штутгартской академии художеств, в 1933 году эмигрировала из Германии в СССР, спасаясь от нацистского режима. Однако попала из огня да в полымя – через пять лет она угодила в жернова набирающих силу репрессий. В Москву, а затем в город Энгельс, Лотта приехала с известным писателем и драматургом Фридрихом Вольфом и их дочерью Леной. Вольф был активным участником Коммунистической партии Германии, видным деятелем антифашистской эмиграции и Коминтерна. В послевоенные годы он стал классиком немецкой литературы в ГДР.

Лотта была не только музой, но и литературным секретарем писателя, участвовала в подготовке его театральных постановок. В Энгельсе Лотта окунулась в местную культурную жизнь, с увлечением работала в Немецком государственном театре и государственном издательстве как художница и дизайнер. В 1935 году она вышла замуж за журналиста, иммигранта-антифашиста Лоренца Лохтгофена.



Раиса Жаксыбаева

Арест Лотты последовал за арестом её мужа. Формальным основанием для задержания стала переписка с матерью, оставшейся в Германии. Лотте разрешили взять с собой только одну из дочерей. Она выбрала младшую — шестимесячную Ларису, а четырёхлетнюю Лену оставила на попечение знакомых.

ГОЛОД, ХОЛОД, ДОПРОС И ПЫТКИ

Не чувствуя за собой никакой вины, Лотта надеялась на скорое освобождение. Во дворе городской тюрьмы произошла короткая встреча с Лоренцем, после которой они не будут ничего знать друг о друге почти два десятилетия. Каждый из них считал другого погибшим.

Среди первых жертв репрессий 1937–1938 годов были граждане Германии, проживавшие в СССР. Историк и культуролог Хорст Грошопп писал: «Так были репрессированы 70% членов Коммунистической партии в количестве около 4600 человек из бежавшей в СССР немецкой политической эмиграции».

В тюрьме Энгельса и лагерях КарЛАГа начался ад Лотты Райсс: голод, холод, допросы, пытки, изнурительный труд, моральное давление и бесчеловечные условия.Всего лишь через восемь месяцев заточения, перед отправкой в Казахстан, обессиленная Лотта весила меньше 40 килограммов. В Долинке ей вынесли приговор: пять лет по 58-й статье за контрреволюционную деятельность.

Через полтора месяца заключения в Энгельсе умерла дочь Лариса, которой никто не оказал медицинской помощи. Лотта была уверена, что тюремщики намеренно отравили восьмимесячного ребенка.

Срок заключения закончился в 1943 году, но из-за войны её, как немку, оставили в лагере на неопределенный срок. В заключении она работала грузчиком, бухгалтером, строителем, лаборантом, иногда по своей специальности – художником. Здоровье ее было подорвано бруцеллезом, компрессионным переломом позвоночника, малярией, обморожением с ампутацией нескольких пальцев ног.

Из-за мыслей, что она никогда не выйдет из лагеря, в отчаянии Лотта предпринимала попытки самоубийства, когда казалось, что в живых уже нет мужа и старшей дочери. Только в 1945 году она узнала, что Лена жива и находится в Берлине, в семье отца.

БЕССРОЧНАЯ ССЫЛКА

Освобождение пришло в августе 1946 года, через полгода после рождения сына Коли в тюремном роддоме Долинки. Его отцом был заключенный Захар Халилов, сын кабардинского князя. Связь с ним вскоре была утеряна, взаимная переписка не доходила до адресатов.

Детей женщин-политзаключенных сразу же причисляли к врагам народа. Лагерь на все накладывал свой отпечаток, детям было понятно и доступно только то, что окружало их. Они не



Рубаха Коли в лагере, сшитая из кусков белья пленных женщин, обмененных на табак



Единственная игрушка Коли в КарЛАГе. Май, 1946 г.

знали, что такое семья, не знали слов «папа», «бабушка». Рисунки с домом они хором называли «барак», забор вокруг этого дома – «зоной».

После освобождения Лотту Райсс, как и всех советских немцев, ждала бессрочная ссылка. Ей с сыном было указано местожительство: Караганда, без права покидать границу города под страхом нового тюремного срока. В ссылке она работала на стройке, гончаром на кирпичном заводе, бухгалтером в детском саду и сестрой-хозяйкой в городской больнице. Среди тех, кто оказывал поддержку Лотте в трудных ситуациях, был доктор Хафиз Макажанов, который позже стал заслуженным врачом Казахской ССР.



ВОЗВРАЩЕНИЕ НА РОДИНУ

С юных лет Лотта Райсс мечтала стать скульптором. Работая в карагандинской больнице, стала посещать скульптурную студию Дворца культуры горняков. Создала несколько заметных работ, в одной из которых была запечатлена мать с лежащим на коленях мертвым ребенком. Миниатюрная скульптура из обожженной глины «Корейская мама» (тогда на Корейском полуострове шла война) стала победителем конкурса «Республиканский смотр работ самодеятельности художников – рабочих, служащих и членов их семей 1952 года».

Вернувшись в 1954 году в Германию, Лотта Райсс с сыном оказались лицом к лицу со своими проблемами. В ГДР у нее не было ни дома, ни родственников, как и свободы: вопреки ее желанию жить в Тюрингии, спецслужбы ГДР указали на Берлин, взяли подписку о неразглашении фактов ее 16-летнего пребывания в советской неволе. Чтобы сыну не быть белой вороной в школе, Лотта изменила ему имя. Приехавшему из Советского Союза мальчику без знания немецкого языка было сложно адаптироваться в берлинской школе. Так Коля стал Конрадом.

Только в ГДР Лотта Райсс узнала, что ее муж Лоренц жив. Он 20 лет провел в заключении и ссылке в полярной Воркуте и после известия о смерти Лотты создал новую семью. В ГДР он стал единственным членом ЦК СЕПГ, прошедшим через ГУЛАГ.

«ПРОКЛЯТАЯ И БЕСПРАВНАЯ»

В 1959 году Лотта вышла замуж за своего давнего друга, швейцарского коммуниста Ричарда Штруба. Его отец Вальтер Штруб в 1930-е годы оказывал посильную поддержку Фридриху Вольфу, Лотте и другим немецким антифашистам, укрывшимся в Швейцарии.

В 1963 году Лотта Карловна Штруб (Райсс) получила справку из Саратовского областного суда о реабилитации «за отсутствием состава преступления». Лотта преподавала русский язык в школе высшей ступени, но вскоре из-за ухудшения здоровья оставила работу.

Только после воссоединения Германии Лотта Райсс смогла прервать свое молчание, изложив свою историю в книге «Проклятая и бесправная…». Книгу она писала долго, закончив только в 2002 году уже давно прикованной к постели.

Конрад Райсс сказал мне, что книга его мамы несколько лет не могла найти своего издателя, а ее мемуары «Проклятая и бесправная. Штутгарт – Базель – Москва. 16 лет ГУЛАГа и ссылки», вышедшие в 2018 году в берлинском издательстве Trafo Literaturverlag, подготовил к печати он сам.

В заключение хочу добавить, что благодаря содействию сотрудников консульства Казахстана в Берлине, особенно руководителя культурного отдела Даурена Акбердиева, в Астану были доставлены фотодокументы и личные вещи Конрада Райсса, сшитые руками его мамы Лотты Райсс в лагере. Многие десятилетия они хранились в личном архиве Конрада, которые теперь, заняли достойное место в экспозиции музея «АЛЖИР», как ценные свидетельства истории.

РЕЗЮМЕ:
Мақалада АЛЖИР тұтқыны Лотта Райсстың өмірі оның ұлы Конрадтың естеліктері негізінде баяндалады.

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР

Забира Жәкішева
Алматы қ.

«МАЙТӨБЕ» МҰРАСЫ

Кезінде Ықылас Дүкенұлы атындағы халықтық музыка аспаптары музейінің қорында сақталған, археологиялық мұралар экспозициясында сақталған «домбыралы бишілер» деген атпен белгілі болған тарихи тас жайында бірқатар түсінбеушіліктер туындағаны белгілі. Сондай-ақ, «Тарихи мұра қолды болды» [Бабалықұлы, 2005] «Асыл мұраны аяқасты еткен кім?» [Әбілқайыр, 2008] т.б. секілді ақпарат құралдарында мақалалар мен сұқбаттар жарияланды. Тарихи мұраның алғаш рет табылуы, музей қорына алынуы және ғылыми айналымға енуі жайында көпшілік біле бермейді. Сол себептен аталған мұра жайында музейдің қорында сақталған деректер мен түпнұсқа жазбаларға сүйене отырып түсініктеме беруді жөн көрдім.

Әуелі «жоғалды», «қолды болды» деген тарихи мұраға іздеу салып, дерегін анықтаған 2008 жылы «Ана тілі» газетіне жарияланған анықтамамен танысып көрелік: «*...1986 жылы теңіз деңгейінен 2000 метрлік биіктікте орналасқан Майтөбе жайлауындағы тасқа қашалған көптеген суреттер арасынан табылған тарихи таста көне домбыраның суреті мен оның артында бес адамның әр түрлі қимылда билеп тұрғаны бейнеленген. Тастың ұзындығы - 1 м 30 см, қалыңдығы - 80 см, түсі қара. Белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы Кемел Ақышев бастаған бір топ ғалымдар тасқа қашалған суретті зерттеп, бұл сурет кем дегенде неолит (б.з.д. 4000 жыл) дәуірінде бейнеленген деп тұжырым жасаған. Сол кезден бастап тарихи тас жәдігер ретінде музейге қойылды*»,- деп жазылған.

«Музейге қойылды» деген мұра 1989 жылғы қараша айының 9-шы жұлдызында музей мөрімен бекітіліп, негізгі қорға тіркелді [Халықтық музыка аспаптары музейі, Инв. №457]. Алайда музейдің археология залына қойылған бұл ескерткіш мұра 1992-93 жылдардан бастап көрмеден алынып, қайда қалғаны белгісіз күйде жоғалып кеткен. Құлағы түрік жүретін тілшілер бұл мәселеге баса назар аударып, іздеу, сұрау, анықтау жұмыстарымен айналысты. Әсіресе бұл мәселеде «Ана тілі», «Жас алаш» газеттерінің тілші журналистері белсенділік танытты...

Мәселенің негізгі мәні түсінікті болу үшін ескерткіш тас жатқан әу бастағы жері мен түпнұсқасын тауып, анықтаған адамдардың төмендегі жазбаларына назар аудару қажет. Мәселен, 1988 жылы шілде айының 4-ші жұлдызында белгілі шежіреші, этнограф, өлкетанушы, халық ескілігінің білгірі Жағда Бабалықұлы музыка аспаптары музейінің сол кездегі директоры фолософия ғылымдарының докторы Сәбетқазы Ақатаевқа төмендегіше хат жолдады (қаз-қалпында қысқартылып берілді).

Онда: «*...1986 жылы шілде, тамыз айларында Алматы облысы, Жамбыл ауданының, Майтөбе жайлауында болған едім. Жаныма немере балам Дархан Тұрсынұлы Бабалықовты ертіп сол төңіректің көп жерін кездік. Майтөбе табиғатында дәрілік қасиеті бар шөптесіндер мен өсімдік түрлері мол көрінді. Майтөбе өңіріндегі тасқа таспен шекіп салған көне заман суреттері көптеп кездесті. Майтөбе тастарында тағы аңдар мен жан-жануарлардың суреттерінен басқа таныс және таныс емес ру таңбалары, жеке әріптер, адамға да хайуанға да ұқсамайтын түсініксіз суреттер де бар. Күн нұрын бейнелейтін сызбалар, кейбірін «Ұмай Ана» деп жорамалдауға да болатын шимайлар бар. Екі дөңгелекті арбаға екі ат жегіп, өзі арба үстінде тік тұрған адам суреттері де көптеп кездеседі. Ең ғажап, ең көне мәдениет куәсі – тасқа таспен шекіп түсірілген суреттің бірі – бес адам билеп, алдарында үкілі домбыра жатқан бейне.*

Домбыралы бишілер. Б.з.д. VII-VI ғғ.



Ақатаев жолдас! Жете зерттелмей жүрген мәдениет тарихымыздағы тасқа таспен шекіп түсірілген домбыра мен бишілер суретін мүмкін болса фотоға түсіріп және сол тастың өзін Қазақ ССР Халық аспаптары музейіне көшіріп әкелген жөн болар деймін. Суреттің 1986 жылы қолмен сызылған нұсқамды Сізге ұсынып отырмын. Бір кәдеге жаратарсыз деген ойдамын» [Бабалықұлы, 1988].

Осы хаттың ізімен С. Ақатаев бастаған шағын экспедиция зерттеулер жүргізіп,



Қолмен сызылған сурет. 1986 ж.



Жағда Бабалықұлының фотосуреті

фотосуреттерін түсіріп, «Алматы ақшамы» газетіне «*Тарихы терең домбыра*» деген мақала жарияланды. Онда: «*Ерте дүние суретшісі осынау музыкалық аспапты құрметтеу рәсімін биік тау басына шығып тұрып, тас бетіне түсіріп бейнелеуді қоғамдық қажеттілік деп білген*»,- деп жазылған [Ақатаев, 1988].

1989 жылы «домбыралы бишілер» тасы музей ғимаратына әкелінбес бұрын тастың құжаты – Алматы облысы, Жамбыл аудандық еңбекшілер депутаттары кеңесінде талқыланып, ауылдық кеңес төрағасы Сейтқұловтың қолы қойылып, мөрімен бекітілді. 1989 жылғы қыркүйек айының 8-ші жұлдызында орысша жазылған бұл құжатта: «...*На территории Кара-Кастекского Сельского Совета находится высокогорное летнее пастбище Май-Тобе в 35 км. на юге от усадьбы совхоза «Кара-Кастекский» на горной вершине Заилийский Алатау приблизительно 3.100 - 3.500 мм. над уровнем моря. Тут находится камень с изображением танцующих людей с музыкальными инструментами. Этот камень, который доставлен в Музей музыкальных инструментов, находился у подножя горы, приблизительно в 100 метрах от вершины на южном склоне. На поверхности камня имеются 4 танцующих людей. Внизу виден рисунок, напоминающий казахский музыкальный инструмент – домбру*»,- деп мұраның табылған жері нақты көрсетілген [Сейітқұлов, 1989].

Сондай-ақ, қазіргі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының қызметкері, белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы, Қазақ ССР Еңбек сіңірген ғалым Кемел Ақышевтің 1989 жылғы қыркүйек айының 15 жұлдызында институт мөрімен бекітілген қорытынды жазбасы тарихи ескерткіш туралы құнды деректің бірі болып табылады. Орыс тілінде жазылған қорытындыда: «...*На основании стиля трактовка образов, техники исполнения, вероятной даты происхождения гравюр является поздний неолит – ранняя бронза, и.е. III-II тысячелетие до н.э. При всей постановке этой даты под сомнение она (дата) не может быть позднее эпохи бронзы. По этим же причинам – трактовка образов, характерная поза «пляшущих человечков» - можно определить, что писанница содержит смысловую нагрузку и может быть интерпретирована как сцена исполнения ритуального или обрядового танца.*

Трудно определимый предмет может быть трактован как изображение музыкального струнного инструмента типа казахской домбры и монгольского хура. Хотелось бы отметить, что при всей осторожности он (изображение этого предмета) очень напоминает именно указанные инструменты»,- деп көрсетілген [Акишев, 1989].

Жартастағы суреттер жайында Жағда Бабалықұлы: «...*Тас бетінде билеп тұрған бес адам мен үкілі домбыра бейнеленген. Суреттің сұлбасын сызғанда домбырадағы үкіні байқамаған болуым керек. Менің сызбамда домбыраның мойыны, шанағы, екі құлағы, басы бар, үкісі жоқ. Ал фотосуретте үкісі көрінеді. Билеп тұрған адамдардың саны – бесеу. Фотосуретке түсіргенде билеген адамдардың саны - төртеу болып көрінеді. Оның себебі, сандық тастың қырлы қалтарысы бар болатын. Сол қалтарыстағы биші адам фотосуретте көрінбей қалыпты. Осы*

естеріңде болсын. Тас табыла қалса, кейбіреулер «тастағы сурет бесеу, фотосуретте төртеу» деп дауласуы мүмкін», - деген түсініктеме жазады [Бабалықұлы, 2005].

ТАРИХИ МҰРАНЫҢ ТАБЫЛУЫ

«...Мәдени саясат және өнертану институтының ұйымдастыруымен өткен «Домбыра – әлемдік мәдениеттің ғаламат құбылысы» атты форум аясында ұлттық аспабымыздың алты мыңжылдық тарихын айшықтайтын тас жоғалды деген ақпарат тарап, соған көз жеткізуге тырыстық»,- деп жазылған «Ана тілі» газетінде [Әбілқайыр, 2008]. Тілші-журналистердің бұл жайындағы ізденістері, әлбетте, Ықылас атындағы халықтық музыка аспаптары музейінен басталатыны белгілі. Музейге 2000 жылдан бастап директор болып келген қоғам және мәдениет қайраткері, композитор Хасен Қожа-Ахмет: *«...Мен басшы болып келгелі ол тасты көрген емеспін. Музейдің менен бұрынғы директоры Ізбасар Балтағұлов болатын. «Жоғалды» деген жәдігердің құжаттарын қарап, тастың әкелінгені жөніндегі деректермен таныстым. Кейіннен қараңғы жерде екіге бөлініп қалған қара тасты көрдік. Іздегеніміз сол тас болуы мүмкін, сыртқа шығара алмадық»*,- деп мағлұмат береді [Хасен Қожа-Ахмет, 2008].

«...Осы хабарды есті сала музейге жеттік. Музейдің артында Офицерлер үйіне қарай өтетін есік арқылы көптен қараусыз қалған қораға кірдік. Қорада қоқысқа батып жатқан тасты алып шығып жуып-тазаладық. Бағымызға орай біз іздеген алты мыңжылдық тарихи тас осы болып шықты! Домбыра мен артында билеп тұрған адамдардың бейнесі өшпеген екен. Түпнұсқасында - 1 метр 30 см. болған тас қақ айырылып, шамамен 70 см. болатын кішкене бөлігінде домбыра бейнесі менмұндалап тұр»,- деп жазады құнды мұраны қоқыс арасынан тапқан журналистер [Әбілқайыр, 2008].

Осы жерде журналистердің «тас қақ айырылған» деген сипаттамасының Жағда Бабалықұлының: *«...Тасты орнынан қозғағанда құлатып сындырып алған болуы мүмкін. Арты дау-дамайға айналып кетеді деп сыртқа тастай салған немесе қазақ тарихына қарсы кертартпа біреудің ісі»*,- деген пікірінің дұрыстығын көреміз [Бабалықұлы, 2008].

Домбыра аспабының акустикалық ерекшелігін зерттеген ғалым Жұмагелді Нәжімеденов: *«... Тастағы сурет шындығында біздің жыл санауымыздан төрт мың жыл бұрын бейнеленген болса, онда жер бетіндегі ішекті музыкалық аспаптардың арғы атасы, қазіргі қазақтың қара домбырасы болып шығады... Осы тас жайында Санкт-Петербургта өткен ғылыми конференцияда баяндама жасап, ғалымдарды мойындатқан едік»* [Нәжімеденов, 2008].

Осылайша, домбыра аспабының терең тарихын дәлелдейтін «Домбыралы бишілер» аталатын түпнұсқа ескерткіш мұра музей экспозициясына қайта оралып, көрермендермен қауышты.

Қорыта айтқанда, қазақтың аспаптану



«Қолды болды» деген тарихи тасты тапқан тілші-журналистер мен музей директоры Хасен Қожа-Ахмет. 2008 ж

ғылымының айшықты бір саласы – аспаптымузыкалық археология. Оның тамыры тереңде жатыр. Бұл салаға қатысты деректер мен түпнұсқа мұралар еліміздің әр аймағында жетіп-артылады. Мәселен, Арал өңіріндегі «Қой қырылған қала» қазбасынан анықталған б.з. IV-III ғғ. жататын бес дана домбыра бейнеленген мүсін-терракоттар (Р.Л. Садоков), Жамбыл облысы өңірінен анықталған б.з. XII ғ. жататын тасқа қашап, қырнап түсірілген ер адам ойнап отырған бір ішекті аспап (А.А. Чариков), Түркияның ежелгі «Түнжелі» қаласы маңынан анықталған б.з. XV ғ. жататын екі ішекті домбыра бейнеленген «Домбыралы қошқартас (қойтас)» ескертіші (әлеуметтік желі), «Жетіасар» қазбасынан анықтаған б.з. IV-III ғғ. жататын ішекті аспап (Ә. Тәжекеев, Г. Коллтвейт), Қазақ Алтайы өңірінен анықталған б.з. VII ғ. жататын ішекті аспап (З. Самашев), көне түрік заманына жататын «түрік бітік жазулы» домбыра (Қ. Сартқожа)

және біз сөз етіп отырған «Майтөбе мұрасы» (Ж. Бабалықұлы., С. Ақатаев) аталатын жәдігер арқылы қазақ домбырасының терең тарихы нақтыланды, қазақ аспаптану ғылымының айналысына енгізілді деп айта аламыз.

Археологиялық қазбалардан анықталып жатқан осы секілді көне музыкалық аспаптар немесе олардың жұрнақтары – қазақтың Ұлы Даласында қолөнері өркендеген қалалары мен дамыған мәдениеті болғанын айғақтай түседі. Бұл мұралар – тек қазақ аспаптану ғылымына ғана емес, бүкіл тамырлас түркі әлемінің аспапты-музыкалық археологиясына қосылған құнды олжалар саналады. Қазақтың қарапайым екі ішекті домбыра аспабы мен оған негізделген күй өнерінің ерекшелігі – «Адамзаттың бүкіләлемдік мұралары» тізіміне енгізілді. Бұған жоғарыда көрсетілген қазба мұралардың да атқарар рөлі зор дей аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бабалықұлы Ж., 2005. Алты мыңжылдық тарихымыз қолды болды // «Жас алаш», №152.
2. Әбілқайыр Қ., 2008. Алты мыңжылдық асыл мұраны аяқасты еткен кім?// «Ана тілі». №41.
3. «Ана тілі» газетінің анықтамасы. 2008.
4. Қабылдау-тапсыру актісі. Халықтық музыка аспаптары музейінің қорынан (машинка жазбасы). 1989. Инв. № 457. № 9.
5. Бабалықұлы Ж., 1988. Халықтық музыка аспаптары музейінің қорынан. Хат (қолжазба).
6. Ақатаев С., 1988. Тарихы терең домбыра // «Алматы ақшамы»
7. Сейітқұлов С., 1989. Жамбыл аудандық Еңбекшілер депутаттары Кеңесінің Шешімі (машинка жазбасы)
8. Акишев К., 1989. Заключение о наскальной гравюре Майтөбе. (машинка жазбасы)
9. Бабалықұлы Ж., 2005. Ерік Рахым // «Жас алаш». №152.
10. Бабалықұлы Ж., 2008. Алты мыңжылдық асыл мұрамызды аяқасты еткен кім? // «Ана тілі». №41.
11. Нәжімеденов Ж., 2008. Тастың тарихын Санкт-Петербургта дәлелдегенбіз // «Ана тілі». №41.

РЕЗЮМЕ:
В статье рассказывается о камне с петроглифами, хранящемся в фонде Музея народных музыкальных инструментов им. Ыхласа

МУЗЕЙ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Grand Egyptian Museum ашылуы кейінге шегерілді



www.biletik.aero

Египет үкіметі 3 шілдеге жоспарланған GEM музейінің ресми ашылуын тағы да кейінге қалдырғанын мәлімдеді. Бұл шешім аймақтағы шиеленістің ушығуына байланысты қабылданған.

Премьер-министр Мустафа Мадбулидің айтуынша, мәдени шараны халықаралық деңгейде жоғары деңгейде өткізу мақсатында ашылу салтанаты 2025 жылдың соңғы тоқсанына ауыстырылады.

Каир қаласы маңындағы Гиза пирамидаларының жанында орналасқан GEM – бір өркениетке арналған әлемдегі ең ірі археологиялық музей. Оның аумағы 50 гектарды құрайды, бұл Париждегі Лувр мен Нью-Йорктегі Метрополитен музейінен екі есе үлкен.

Музей құрылысы 2002 жылы басталған. Аймақтағы саяси тұрақсыздық, экономикалық қиындықтар, пандемия және логистикалық мәселелерге байланысты ресми ашылуы алғашқы жоспардан 14 жылға шегерілген екен.

www.arabnews.com

Мира Ахмет
«Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық - музейі
Отырар ауданы, Түркістан обл.

ЖАҚСЫДАН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕР – АДАЛБАҚАН

Қазақ халқының салт-дәстүріне сай тұрмысында пайдаланған дүние мүліктерінің көп бөлігі ағаштан жасалғаны белгілі. Көшпелі мәдениетіміздің мұра болған киіз үй, оның ішкі жабдықтары мен тұрмыстық бұйымдарын ерекше әсемдікпен табиғаттың көркем бейнелерін ұштастырып жасай білген сан алуан ағаш шеберлері жеткілікті болды. Қазақтағы үйшілер өнері сонау көне замандардағы көшпелі өмір салтына байланысты қалыптасып, ғасырлар бойы даму, жақсару процесінің нәтижесінде шынайы халықтық өнер дәрежесіне жеткен. Үйші өнері XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында нағыз үй кәсібіне айналды, онда еңбек бөлісінің нышаны да бой көрсете бастады. Э.А. Масановтың зерттеулеріне қарағанда, XIX ғасырдың соңында жәрмеңкесі жақын немесе қалалар төңірегіндегі ел арасында, әсіресе, ағашы мол жерлерде киіз үй сүйегін жасаудың өзі ◎ «кереге», «уықшы» және «шаңырақшы» сияқты мамандықтарға бөлінген. Киіз үйдің жоғарыда көрсетілген негізгі құрамдарын жасауда көп өзгешеліктер болмаған. Ал, мұндай еңбек бөлісінің бой көрсетуі оның өте сәнді екі ашпалы есік ағаш есіктерін (сықырлауық) жасауда көрінеді. Әрине, бұл пікірден Қазақстанның барлық өңірінде үйшілер кәсібінде түгелдей еңбек бөлісі үзілді-кесілді жеңді деген ұғым тумаса керек. Өйткені, XX ғасырдың басында ел арасындағы үйшілердің басым көпшілігі үй сүйегінің барлық құрамдарын түгелдей өздері жасай білді. Әр үйшінің шеберлік мүмкіндігі, көркемдік талғамы әр түрлі болғандықтан, олардың қолынан шыққан үй сүйектерінің сапасы бірдей еместі. Нағыз өнер иесінің жасаған кейбір үй сүйектерінің ешбір ою-өрнегі, күрделі нақышы, қымбат әшекейлері болмаса да, ісінің жатықтығымен, бөлшектерінің үйлесімділігімен-ақ көздің жауын алады.

Ағаштың сырын түсінген шеберлерінің қолынан шыққан сан алуан ағаштан жасалған бұйымдар XIX-XX ғғ. сандық, кебеже, жүкаяқ, ағаш төсек, адалбақанның қай-қайсысын алып қарасақта ерекше шеберлікпен жасалғанын көреміз. Белгілі ағаш шебері, этнограф Дәркембай Шоқпарұлы ағаш шеберлері ағаштың ерекшеліктерін, әр ағашқа тән қасиеттерін, ағаштың: қаттылығы, салмағы, тығыздығы, иілгіштігі, серпімділігі, түсі, дәмі, тұтқырлығы, жарылғыштығы, шайырлығы, дыбыс өткізгіштігі т.б. білуі шарт деп баға берген [Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. 2007, 31 б].

Жазы жайлауда, қысы қыстауда көшіп-қонып жүргенге ыңғайлы қазақтың баспанасы – киіз үй болса, қазақ тұрмысында үй ішінде тұратын бұйымдар – сандық, кебеже, жүкаяқ, ағаш төсек, адалбақан.

Мақаламыз қазақ халқының қазынаға бай қолөнерінен сыр шертіп тұрған ұлттық құндылықтарының бірі – адалбақан жайлы болмақ.

Адалбақан сөзіндегі - «адал» сөзі парсының «халал» деген сөзінен шыққан, ал, «бақан» сөзі киіз үйдің шаңырағы мен түндігін көтеруге пайдаланатын, бір басы ашалы ағаш. Адалбақанның қызметі – ашаның көмегімен киіз үйдің шаңырағын күлдіреуішінен іліп алып, көтеру. Киіз үйді құрған уақытта таптырмайтын бұйым. Дегенмен, адалбақанның тек бақан ретіндегі қызметінен бөлек, үй ішінде киімілгіш қызметін бірі білсе, екіншісі білмес. Ертеректе адалбақанды әйелдерді босандыруға да пайдаланған. Ал, дәстүр бойынша жігіт қызға ұрын келген кезде бақан өзінің дәстүрлік мәнін атқарған. Оң босағада отырған қызға жігіт ұрын келген кезде қыздың жеңгелері адалбақанды жігіттің аяқ астына тастаған. Жігіт болса, адалбақан киелі болғандықтан, оны аттап өте алмаған екен [Арғынбаев Х. 1987].

Үйде жай жатпасын деп, бақанның жан-жағына темірден не күмістен, болмаса бүтіндей ағаштан ойып ілгектер жасаған. Ілгектерге киім, аяққап, қоржындар, тіпті қару-жарақтар ілінген. Сол себепті де, адалбақанды үй жиһазы деуге толық негіз бар. Киіз үй сүйегінің құрамына тікелей енбегенімен, міндетті түрде шебер жасайтын қажетті бөлшектің бірі - адалбақанды үйшілер ағаштан жасаса, ұсталар темірден жасайды. Кейде ағаштан жасалған адалбақанды күмістелген темір ілгектермен, тағы басқа әшекейлермен де безендіреді. Оның металдан жасалатын қосымша бөлшектерін, көбінесе, үйшілердің өздері-ақ, кейде ұста-зергерлер де істейді. Адалбақанның ағаштан жасалатын негізгі бөлігінің ішкі беттеріне ою-өрнек жүргізіліп көркемделеді. Кей жерлерде адалбақанды қызғылт түсті жеміс ағашынан немесе қызыл қайыңнан жасайтын үйшілер оның ұзына бойын мүсіндеп шауып, алдымен ою-өрнектерін ойып алады. Содан кейін ағаш бетін мұқият өңдеп, бірнеше қайтара өсімдік майын сіңдіре жағады,

сөйтіп ағаштың өзіндік табиғи реңін енгізіп қана қояды. Ауқатты адамдар жұмырланып шабылған адалбақанның сыртын түгелдей былғарымен қаптатып, ілгектерін күмістеп, темірден салғызады. Адалбақанның ұзындығы киіз үйдің іргесіне тігінен қойғанда, уықтың иінінен келетіндей биіктікте болу керек. Тігінен сүйеп қоятын адалбақан бір жағына аунап кетпес үшін, оның бас жағы екі айыр болып жасалады, бір уықтың иініне ашасымен тірей сүйеледі. Әдетте, адалбақанның түп жағы көркемделмейді, өйткені оның түбін жерге көміп қояды [Әмірғазин Қ. 2004]. Жоғарыда айтылған жалпы сипаттамалар дәлелді болу үшін, «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының қорындағы адалбақанның бірнеше түрінің нақты сипаттамаларына жеке-жеке тоқтала кетейін.

ТК – 8634 нөмірдегі адалбақан – ағаштан бунақталып жасалған. Ірі-ірі бес, кіші төрт ара арасында жеті білезіктенген бунақтармен бөлінген. Астыңғы бөлігіне гүл өрнегі, жоғарғы бөлігіне құс қанаты өрнегі ойылып салынған. Үш үлкен бунақталған бөлігіне сегіз ақ металдан ілгектер бекітілген. Биіктігі – 2,58 м.

Келесі ТК – 2063 нөмірдегі адалбақанның өлшемі: ұзындығы 2,43 м, ені 0,12 см. Музей экспозициясындағы көпшілік назарына ұсынылып, көздің жауын алатын адалбақан өзінің сұлулығымен ерекшеленеді. XIX-XX ғасырға тән адалбақанда үй заттарын ілуге арналған ілмектері бар. Жоғарғы бөлігінде киіз үйдің уығына бекітуге арналған шалқалай туған ай суреті ақ күмістен құйылып қондырылған. Одан төмен бөлігінде үш белдеу бар. Бір-бірінен сақиналармен бөлінген 8 темір ілмек сақталған. Барлық металл заттар күміспен қапталған. Адалбақанның ағаш бөлігі қанық қызыл мен жасыл бояумен боялған. Адалбақанды Түркістан облысы, Алғабас ауданы, Қапшағай ауылының тұрғыны Маменов Әлімхан тапсырған. Музей қорындағы адалбақандар еліміздің әр өңірінде әртүрлі етіп жасаған яғни, жергілікті ерекшеліктер байқалады. Бұл құбылыс халқымыздың көршіліс елдермен экономикалық, мәдени байланыстарының ежелден қалыптасқан өнер дәстүріне, жергілікті жерлерде жиі кездесетін шикізат түрлеріне байланысты болса керек. Мәселен, «Отырар» музей қорығындағы адалбақандар бір тұтас ағаштан жасалған болса, ҚР Мемлекеттік Орталық музей қорында ортасынан бүктемелі түрінде жасалған адалбақанды кездестіреміз. XVIII ғасырдың соңында жасалған адалбақан ағашқа темірді құймалау, соғу жолымен жасалған екен. Адалбақан ортасынан бүктелетін, металл бетіне күміспен «күптеп» көгеріс өрнегін салып, ақық қондырып сәнделген. Биіктігі - 280 см, төмен қарай жуандау болып келеді. Көшкен кезде қолайлы болу үшін екі бөлік арасынан бір-біріне темір таспамен бекітіліп, бас жағына темірден сақина орнатылып, оған ай тәрізді ілмек бекітілген. Төрт жерден жалпақ сақиналар орналастырылған. Келесі түрі металдан жасалған ою-өрнекті адалбақанның ұз. 244 см (екі ашасының аралығы 17 см), өзара киілетін алмалы-салмалы үш бөліктен тұрады. Төрт қырлы етіп соғылған темірдің бет жағына күмістен ою-өрнек бедерленген. Ортадағы темір ұстынға дәнекерленген төрт қатарда мүйіз тәрізді иілген ілгіштердің ұшы доғаланып келген және ағаштың бұтағы тәрізді қос-қостан ілмек орналасқан. Баскиім ілуге арналған басы бәйшешектің қауызы тәрізді етіп жасалған, ал төменгі бөлігіне екі аяқ бекітілген [Энциклопедия, 2011].

Сондай-ақ, Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» атты еңбегінде адалбақанның бірнеше түріне тоқтала кеткен. 1952 жылы Жамбыл облысындағы Мерке ауданы Жданов атындағы колхоздың тұрғыны Көкталов Әділбайдың үйінен кездестірген адалбақанды сөз етсек деп жазады Х. Арғынбаев. Бұл мүлік, үй иесінің айтуынша, революциядан /төңкерістен - құраст./ бұрын жасалған екен, сөйтіп атадан балаға мұра болып келе жатса керек. Сондықтан, оған үй адамдары асқан құрметпен қарайды. Адалбақанның ұзындығы 227 сантиметр, түп жағының ені 10 сантиметр де, бас жағының диаметрі 5 сантиметр. Адалбақанның сыртқы кескініне қарағанда, ол екі бөлімнен тұрады. Төменгі бөлімінің ұзындығы – 91 см, ені – 10 см, қалыңдығы – 5,5 см. Түзу бұрышталып жасалған, ең түбінен диаметрі 12 сантиметрдей домалақ шар шығарылған. Бұл шарда еш өрнек жоқ, тек қоңыр бояумен түгел боялған. Өзінің көк бояумен сырланған жоғарғы бөлігімен қысқа жұмыр мойын арқылы жалғасқан. Жұмыр мойынның үстіңгі жақ беті тегістеліп жасалған, 91 сантиметрлік түзу бұрышты төрт бұрыш. Оның бетіне үш жерден күмістелген үш дөңес темір көз орнатылған, айналасы дөңгеленіп, көк бояумен боялған, ондай көздердің ара-арасына күмістелген екі сопақша әшекейлер орналастырылады. Дөңгелек және сопақ әшекейлердің шеттері иректеледі. Бұл күмістелген әшекейлердің арасындағы бос орындарға бедерлі ою-өрнектер ойылған, жиегі түгелдей түрлі түсті бояулармен өрнектелген. Адалбақанның осы біз

сөз еткен төменгі бөлігінің екі иығынан күміс шабылған темір ілгектер шегеленеді.

Келесі түрі адалбақанның жұмырланған, төменнен жоғары қарай жіңішкере беретін бөлігінің ұзындығы 136 сантиметр. Мұның төменгі бөлігі бунақталып, жоғарыдан төмен қарай жасыл, қызыл, сары бояулармен жолақтана боялған. Бунақтың жоғарғы жағынан күмістелген төрт темір сақина кигізіледі. Сақина араларына үш-үштен құстың басы секілді күмістелген темір ілгектер бекітіледі. Ең жоғарғы – төртінші сақинаның үстіңгі жағы жіңішкеленіп барып күмістелген темір ашаланып бітеді. Адалбақанның жұмырланған жоғарғы бөлігі де қызыл, сары түсті бояулармен тігінен жолақтана боялған. Ал, ең жоғарғы басы көгілдір аспан түсті реңде болады.

Ал, Әзірет Сұлтан музей қорығында сақтаулы тұрған адалбақан ағаштан пирамида формасында жасалып, төрт тұғырға отырғызылған. Айналдыра астына масаты салып ортасы созылыңқыраған тамшы іспеттес болып ойылған, төрт бүршіктері бар. Жоғарғы жағында әсемделген металл ілмектер орнатылған. Өлшемі: h-217см d-50 см h-тұғ-12х35 см . Түсі қоңыр, жоғары тұсында темірден жасалған үш ілмегі бар. Өсімдік тектес оюлармен безендірілген. Ою-өрнектерді құрастыру үшін шеберлер өсімдіктер мен гүлдердің суреттерін қолданған.

Бұл жәдігер қазақ халқының өткен тарихынан ғана емес, қазынаға бай қолөнерінен де сыр шертіп тұрғандай әсер қалдырады. Ел ішінде сөз өнерінің де қолөнерінің де қадірін білген қасиетті кісілер өткен. Солардың өнерін жалғастырған халық шеберлерінің жасаған қолөнер бұйымдары арқылы ұлттық мәдениетімізді өзге жұртқа таныта аламыз. Көздің жауын алып, көңіл толқытқан бабалар мұрасы – музей экспозициясының сәнін кіргізіп, көрермендерді тұңғиық тарихқа бойлатары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д., 2007. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: Алматыкітап. 31 б.

2. Арғынбаев Х., 1987. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер. 128 б.

3. Әмірғазин Қ., 2004. Қазақ қолөнері. Алматы: Дайк-Пресс. 161 б.

4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2011. Алматы. 735 б.

РЕЗЮМЕ:
В статье рассматриваются традиционные ремесла казахов, а также технология изготовления изделий из дерева казахскими мастерами.

МУЗЕЙ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Балалар Ақорданы аралады

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Ақорда» резиденциясында еліміздің барлық өңірінен келген оқушыларға экскурсия ұйымдастырылды.

Қазақстан Президентінің резиденциясына оқу үздіктері, пән олимпиадаларының, республикалық және халықаралық байқаулардың жеңімпаздары, спорт сайыстарының жүлдегерлері, батыл әрекетімен көзге түскен балалар келді. Ақорданың кішкентай қонақтарының қатарында көпбалалы отбасылардан шыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және ерекше қажеттілігі бар жеткіншектер де болды.

Экскурсия кезінде оқушылар Ақорданың орталық салтанатты холы мен ресми қабылдаулар өткізуге арналған залдарды, Мемлекет басшысының кітапханасын, сондай-ақ резиденция аумағындағы бақты аралады.

Экскурсоводтар ғимарат құрылысының тарихы, оның ерекшеліктері мен мұнда өтетін іс-шараларға байланысты қызықты фактілер жайында мәлімет берді. Сонымен қатар, оқушыларға Президент атынан естелік сыйлықтар табысталды.

Aqorda telegram каналы

ТАРИХИ ОРЫН

Оразкүл Орынбек
«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей – қорығы
Түркістан обл.

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР МЕКЕНІ «ОТЫРАР» МУЗЕЙ - ҚОРЫҒЫНА – 45 ЖЫЛ

«Отырар» музей - қорығының ұйымдастырылуына жергілікті ұстаз, өлкетанушы, республикамызға еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Асантай Әлімов ерекше еңбек сіңірді. Музейдің негізі сонау 1967 жылы 17 мамырда Темір станциясында ашылған мектеп музейінен бастау алады. Мектеп музейін алғаш келіп көрген жазушы Дүкенбай Досжанов «Отырар жеріндегі Темір орта мектебінде дүниежүзілік маңызы бар «Отырар» музейінің қара шаңырағының негізі қаланды», - деп жазды.

Тарихшы, ұстаз Асантай Әлімов музей қорын байыта түсу бағытында ел аралап, тау мен дала кезіп, ұқыпты кісілердің қолында сақталған, диханның кетпенінен, экскаватордың шөмішінен, жел құздан, жер астындағы мәдени қабаттан шығып қалған археологиялық, этнографиялық көптеген көне мұраларымызды жинайды. Мектеп музейіне жинақталған жәдігерлер сыймағандықтан, Асантай ағамыз басшылардан аудан орталығынан алты бөлмелі үй сұрап алады. Асантай Әлімов музейге арнайы үй алғаннан кейін 25 жыл абыроймен атқарған 300 сомдық еңбекақысы бар ұстаздық жұмысын тастап, 70 сомдық еңбекақысы бар аудандық автоклуб меңгерушісі болып жұмысқа ауысады. Осылайша, 1973 жылы қорында 600 - ден астам жәдігері бар аудандық қоғамдық негіздегі халықтық музей өмірге келді. Бұдан кейін де музей жұмысы қызу жүргізіліп, жәдігерлер саны - 1500-ге жетеді.



«Отырар» музей – қорығының негізін салушы Асантай Әлімов

Тұрақты қызметкерлері бар мемлекеттік музей ашу мақсатында көне жәдігерлер шырақшысы Асантай Әлімов 1978-1979 жылдары Отырар ауданында мұражай салыну қажет деген өтініш тілегімен, қолына кішкене ғана құмыраның сынығын алып, Дінмұхаммед Ахмедұлы Қонаевтың алдына барған екен. Дінмұхаммед Қонаев: «Сонда ол мұражай қандай болу қажет?» - деп сұрағанда, Асантай Әлімов: «Ол Жібек жолының бойында орналасып, үш қабатты және Арыстанның желіне төзімді және жарықсыз жылынатын, жарықтанған ғимарат болу қажет!» - деген екен. Сонда бір ауыздан ол кісінің жақсы бір өтінішін орындау мақсатында Асанбай Асқаровқа тапсырма берген. Дәл осы тапсырмадан кейін, 1979 жылы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің іргетасы қаланды. Асантай Әлімов армандаған мұражай Шәуілдірдің қақ ортасында бой көтерді. Денсаулығы сыр беріп, кәрілік жеңгенше өз аяғымен мұражайға күнделікті барып тұрған. Көзі жұмылғанша, Отырардың мұражайын тағы қандай экспонаттарға толтырамын деп ойлаумен болған. Отырар халқы «Музей адам», «Дала археологы» деп атап кеткен, Асантай Әлімовтің жинаған мол жәдігерлері, Отырар музейінің қорында сақталған. Бүгінде өлке тарихынан сыр шертетін археологиялық қорық - музейін тек қазақ жұрты ғана емес, бүкіл әлем жұрты тамашалауда.

1975 жылы күзде Мәскеу мен Алматыда Әбу Нәсір әл - Фарабидің 1100 жылдық мерекесі тойлануымен қатар, Асантай ағамыздың көптен күткен арманы жүзеге асып, 1975 жылы 8 қыркүйекте Шәуілдір селосында Шымкент облысындағы ең ірі Отырар тарихи-өлкетану музейін ашу туралы шешім қабылданды. Оған үш адамнан тұратын штат бөлінді. Нәтижесінде, 1976 жылы аудандық мемлекеттік тарихи өлкетану музейі болып

ашылды. Асантай Әлімов ұйымдастырып, негізін қалаған осы аудандық тарихи-өлкетану музейінің негізінде Қазақ ССР Мәдениет министірлігінің 1979 жылғы 16 - қыркүйек №33 бұйрығымен «Отырар мемлекеттік археологиялық қорық - музейі» болып қайта құрылды. Қазіргі үш қабатты музей ғимаратының іргетасы 1979 жылдың 9-қазанында қаланып, 1982 жылы толық пайдалануға берілді. Музейдің ішкі көркемдеу жұмыстарын «Қазмузейреставрация» мекемесінің мамандары жүргізді. Міне, содан бастап мәдени ағарту және Қазақстанда алғаш рет археологиялық тарихи ескеркіштерді қорғау мекемесі, 1982 жылдан Отырар аймағындағы тарихи ескерткіштерді қорғайтын қорық - музейі. Музейдің ашылуына сол кездегі Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А. Қонаев, Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы А. Асқаров, тарихшы, этнограф Ө. Жәнібеков, фарабитанушы А. Машанов, Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Уалиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының ғалымдары К. Ақышев, К. Байпақов, В. Грошев және басқа ғалымдар үлкен көмек көрсетті.

Музейдің ресми түрде ашылу салтанаты 1989 жылдың 25 қаңтарында болды. Бірнеше жылдық еңбектің жемісі болған тарихи археологиялық-этнографиялық музейдің ашылу салтанаты кезінде халық депутаттары аудандық Кеңестік атқару



«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы

комитетінің төрағасы С. Кенбаев көрнекті жазушы Әнуар Әлімжанов пен Фарабитанушы Ақжан Машани музейдің ашылуымен аудан халқын құттықтаған жедел хатын жеткізді. Ашылу рәсімінің лентасын Социалистік еңбек ері Сақ Өтетілеуов қиды. Қазір «Отырар» музей – қорығы Республика көлемінде археологиялық жәдігерлерді зерттеу, қазба жұмыстарын жүргізу, реставрация және консервация арқылы ескерткіштердің сақталуын қадағалайтын, сонымен қатар, халқымыздың этнографиялық және рухани, мәдени мұраларын жинақтап сақтау, зерттеу жұмыстарын жүргізетін бірден – бір мекеме.

Кең ауқымды зерттеулер 1969 жылы К. Ақышевтің басшылық еткен Қазақ ССР Ғылым академиясы тарих, археология және этнография институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы тарапынан басталып, қазіргі Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты мен Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығы жүргізіп жатқан қазба жұмыстарымен жалғасып келеді. Оазис ескерткіштері ЮНЕСКО-ның бүкіл әлемдік мұра бағдарламасының алдын - ала тізіміне енген. 2001 жылы тамыз айында Қазақстан Республикасы мен ЮНЕСКО арасындағы «Ежелгі Отырар қаласын қалпына келтіру және сақтау» туралы келісімге қол қойылып, оған қоса ЮНЕСКО-ның қаржылай көмегі көрсетілді. Осы жоба шеңберінде Ғылым және білім министірлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министірлігі, Республикалық ғылыми - зерттеу институты және материалды мұра ескерткіштерін жобалау институты мен Отырар мемлекеттік археологиялық музей - қорығы бірігіп жұмыс жасады.

Тұңғыш президент Н. Назарбаевтың бастамасымен қабылданған Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында Отырардағы жұмыстар «Ежелгі Отырардың қайта өркендеуі» бағдарламасы бойынша жалғастырылды. Осы бағытта Ә. Марғұлан атындағы археология институты және «Қазреставрация» РМҚМ мамандарымен бірлесе Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қызметкерлері жұмыстар жүргізіп келеді. Сырдарияның екі жағалауындағы бұрын белгісіз болып келген ескерткіштерге музей тарапынан бірнеше барлау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде отыздан аса жаңа тарихи ескерткіштер анықталып есепке алынды. 2008 жылы Отырартөбенің оңтүстік-батыс жағындағы XIV ғасырға тән шығыс моншасына «Қазреставрация» мамандарымен бірлесе реставрация-консервация жұмыстары жасалып,

моншаның үсті түгелдей шатырмен жабылды. Сонымен бірге, Отырар және оның маңындағы көптеген ескерткіштерге археология институты, музей мамандары тарапынан қазба жұмыстары, реставрациялық-консервациялық жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылғы Отырарда жүргізілген қазба барысында көптен бері ғалымдар айтып келген Отырардың шығыс қақпасының табылуы елеулі жетістіктеріміздің бірі болды. Түптеп келгенде осы мәдени іс – шаралардың барлығы орта ғасырда әлемдік деңгейге жеткен Отырар өркениетін тәуелсіз Қазақстан жағдайында қайта өркендетуге, Отырар ескерткіштерін сақтап, оны өскелең ұрпақтың рухани игілігіне айналдыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда музейде 6 ғылыми бөлім және музей кітапханасы жұмыс жасайды, атап айтсақ, қазіргі таңда «Археология және тарихи ескерткіштерді қорғау», «Этнография», «Реставрация және консервация», «Қор сақтау», «Экспозиция» ғылыми - зерттеу бөлімдері қызмет етуде. Осы музей кітапхана қорында Оңтүстік өңірінің ақындары мен ғұламаларының, сазгерлерінің т.б. өнер иелерінің, рухани мәдениетіміздің көрнекті өкілдерінің мұралары, қолжазбалары, кітаптары, құжаттары, тұтынған бұйымдары, фольклор мұралары сияқты 10 000 нан астам жәдігерлер сақталған.

Музей ашылған жылдары қорында 2000 дана жәдігер болса, қазіргі таңда олардың саны 25000- нан асты. Музейдегі әр жәдігер әр заманнан бүгінгі бізге жоғалмай жеткен адамзат тіршілігінің іздері, алыстап кеткен күндердің сарыны. Музей қоры жалпы көлемі 254 шаршы метр болатын бес бөлмеден тұрады. Қордағы жәдігерлер материалына және саласына қарай жеке-жеке жайларда орналастырылып оларға ережеге сай сақтау шаралары жасалынған. Көпшілікке археологиялық және этнографиялық көрме залдары қызмет көрсетеді. Музейдің ғылыми экспозициялық жұмысына тоқталатын болсақ, экспозиция залдарының құрылымдары ғылыми тұрғыдан жобаланып ұйымдастырылған, тақырыптық экспозициялық жоспарлау жағынан ескеріле отырып жасалған. Музей экспозициясының археология залы екінші қабатта орналасқан, ондағы жәдігерлер тақырыптық және мазмұны жағынан жоспарланып қойылған. Залда Отырар және оның іргесіндегі қалалар мен бірнеше қалашықтардан археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған I-XVIII ғ.ғ. тән саздан күйдіріліп жасалған ас үй заттары – құмыра, табақ, көзе, сапты аяқ, орта кесе, тұтыну заттары – майшам, сия сауыт тағы басқа әсем ғимараттарды безендіруге арналған сырлы қыштар, терракоталарды, құббаларды көруге болады. Қоладан жасалған келі, тұғыр, майшам, тұмаршалар, күміс, алтын, мыстан соғылған теңгелер, темірден жасалған жебе ұштары, кетпен, құлып, кілт, қылыш және шынидан жасалған бұйымдар қойылған. Сондай-ақ, алтыннан жасалған құты, қалың сым қалпындағы алтын құйма да бар. Музейдің үшінші қабатында XVIII – XX ғ.ғ. тән қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, қолөнері мен мәдениетін көрсететін жәдігерлер өз алдына бір бөлек этнографиялық экспозицияны құрайды. Осындай мұраларымызды халыққа таныту мақсатында ғылыми көпшілік бөлімінің қызметкерлері де жоғары деңгейде қызмет көрсетіп, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде экскурсия жүргізеді.

Музейде болған саяхатшылардың да сапалық құрамы сан алуан. Олардың арасында еліміз бен шет елдерден келген белгілі ғалымдар мен мемлекет қайраткерлері, мәдениет пен өнер қайраткерлері, саяхатшылар, мектеп оқушылары мен студенттер, қарапайым азаматтар да бар. Мұнда келген конақтар арнайы тілек жазу кітабында музейден алған әсерлері жөнінде сонымен қатар музейдің ашылуына мұрындық болып еңбектері сіңген азаматтар мен белгілі ғалымдарға және музей қызметкерлеріне алғыстарын айтып қолтаңбаларын қалдырған. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Назарбаев, этнограф Ө. Жәнібеков, фарабитанушы ғалымдар А. Машанов, Ә. Дербісәлі, жазушы Д. Досжанов, ақын М. Шаханов т.б. бірқатар ғалымдар және шетелдік белгілі азаматтар да бар. Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығының ұжымы өзінің құрылымдық қызметіне сәйкес, ғылыми зерттеу және мәдени-ағарту жұмыстарының бағыттарын нығайту саласында мынадай басты мәселелерді жүзеге асыруды жолға қояды: Музейдің ғылыми зерттеу жұмысы, ғылыми қор жинақтау, сақтау, ғылыми экспозициялық жүйені қалыптастыру, ғылыми ағарту, ғылыми байланыс және баспа, экспедициялық жұмыстары. Қазіргі таңда «Отырар» қорық-музейінен 202 тарихи-мәдени ескерткіш тізімге алынған. Оның ішінде, археологиялық ескерткіштер саны – 168, архитектуралық ескерткіштер саны – 6, ирригациялық жүйелер – 28. Ал 3 ескерткіш, яғни, Отырар, Арыстанбаб, Оқсыз республикалық

дәрежеде болса, 73 ескерткіш жергілікті маңызға ие. Музей қоры жыл сайын музейлік заттармен толықтырылса, өткен жылы қорға 209 жәдігер жинақталып, музей қорындағы жалпы жәдігерлер саны 24 354 бірлікке жетті. Музей қорындағы музейлік заттар мен экспозициядағы экспонаттар қайта қалпына келтіріліп тұрады.

2020-2023 жылы археолог - ғалымдар мен реставраторлар «Ежелгі Отырар қаласын ішінара қалпына келтіру» жобасы аясында тиісті жұмыстарды толығымен аяқтады. Ғалымдар ежелгі қалашық аумағында Ақ Орда билеушісі Ерзен хан салған Ханаканың орнын тапты. Сондай-ақ, мамандар күйдірілген кірпіштен қаланған мешіт пен XV ғасырдың басында Әмір Темір Тоқтамыс ханның елшілерін қабылдаған Бердібек сарайын ішінара реставрациялады, «Жарақты», Солтүстік және Сопыхан қақпаларын толығымен қалпына келтірді. Қалаға «Жарақты» қақпасы арқылы кірген тұста тұрғын үйлер мен қыш шеберханасы бар кешен табылды. Тұрғын үйлердің маңында өндіріс орындары орналасқан, онда қыш ыдыстар жасалатын екі камералы пеш пен қыш бұйымдар кептірілетін алаң анықталды. Ғалымдар тұрғын үйлердегі шеберханалар XV-XVI ғасырларда жұмыс істегенін айтады. Сондай-ақ, XVII ғасырдағы базар алаңында да қазба жұмыстары жүргізілді, онда наубайхана кешені және тұрғын үй орамы анықталып, реставрациялау мен консервациялау жұмыстары жүргізілді (Саламат Айбар. «Отырарда ішкі туризмді дамыту бағытында жүйелі жоспарлар іске асуда». 18.02.2023 жыл. Artmedia.kz порталы).

Қорыта айтқанда, халық ақыны, «Парасат» орденінің иегері Әселхан Қалыбекова апамыз айтқандай, «Отырар – Әл - Фарабидей дананың, Өзбекәлідей ұлт мақтанышының, Шәмшідей сазгердің кіндік қаны тамған, ізі қалған жер. Отырар – өзінің көне тарихи құндылықтарымен бүкіл әлем ғалымдарының, ЮНЕСКО-ның назарын өзіне аударған ұлттың рухани қазығы. Ұлы Отырар – қазақ өркениетінің алтын діңгегі».

Биыл «Отырар» музей-қорығының құрылғанына - 45 жыл толып отыр. Осынау мерейтойдың қарсаңында музейдің тарихы жайында альбом кітаптар мен Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция өткізу жұмыстары жоспарлануда. Көне тарихымыздан сыр шертетін осынау бай мәдени мұраларымызды насихаттай отырып, көне Отырарды туризм брендіне айналдыру мәселесі қазіргі таңда негізгі міндеттердің бірі болып отыр.

РЕЗЮМЕ:
В статье рассказывается об истории формирования музея-заповедника «Отрар» и о преподавателе Асантае Алимове, внесшего неоценимый вклад в комплектование фондов музея.

МУЗЕЙ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Қызылордада жаңа музей ашылды



Облыс орталығында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнінде әлеуметтік маңызы бар бірқатар ірі нысан қолданысқа берілді. Солардың қатарында облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты да бар.

Премьер-министрдіңорынбасарыЕрмекКөшербаев Сыр еліндегі бастамаларға оң баға беріп, тұрғындарды жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтады.

Ал Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «жаңа ғимарат ұлт руханиятына қызмет етіп, мәдени мұралардың ордасына айналсын» деп тілегін білдірді.

««Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар іске асып жатыр. Аймағымыздың сәулеттік келбеті жаңарып келеді. Мәдениет саласында жаңа жобалар жүзеге асуда. Экспонаттарды таныстыру үшін заманауи технологиялар, жасанды интеллектінің жаңа мүмкіндіктері қолданылды. Заманауи жаңа ғимарат ұлтымыздың тарихи «қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына, облыстық музейдің 85 жылдығына керемет тарту болды. Киелі «Сыр елі – жыр елінің» мәдени қазынасы арта бергей», - деді аймақ басшысы.

Шолпан Абдыкаримова
Аягүл Оралбай
Алина Нурмагамбетова
Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина
г. Астана

АРХИТЕКТУРНЫЕ ПАМЯТНИКИ КАЗАХСТАНА КАК ЭЛЕМЕНТЫ КУЛЬТУРНОГО ТУРИЗМА (на примере исследования культово-мемориального комплекса Бекет-Ата)

Архитектурные памятники, служа средством передачи исторической памяти и национальных ценностей, становятся важным инструментом для развития туристической отрасли. В Казахстане имеется множество уникальных сооружений, которые не только соединяют прошлое и настоящее, но и являются источником вдохновения для новых поколений. Одним из таких объектов является культово-мемориальный комплекс Бекет-Ата, расположенный в Каракиянском районе Мангистауской области. Этот памятник мусульманской архитектуры представляет собой не только значимый исторический объект, но и важную часть духовного и культурного ландшафта региона.

Сложные природные условия, удаленность от крупных городов и отсутствие развитой инфраструктуры долгое время сдерживали развитие туризма в этой части Казахстана. Однако в последние десятилетия внимание к культурному и религиозному наследию страны значительно возросло, и объекты, в том числе мечеть Бекет-Ата, стали важными центрами культурного паломничества и туризма. Комплекс привлекает не только верующих, но и туристов, интересующихся историей, архитектурой и культурой Казахстана.

Мечеть Бекет-Ата





Важной частью успешного развития культурного туризма является сохранение исторических памятников и создание условий для их доступности для широкой аудитории. В контексте туризма Бекет-Ата представляет собой пример того, как памятники могут стать катализатором экономического роста и культурного обмена. Однако на пути к полному раскрытию туристического потенциала данного комплекса возникают различные проблемы, включая необходимость реставрации, улучшения инфраструктуры и обеспечения экологической устойчивости.

Мечеть Бекет-Ата представляет собой уникальный пример мусульманской архитектуры, имеющий не только историческое, но и значительное духовное значение для местных жителей и паломников. Мечеть вырублена в среднем ярусе высокой скалы, уступами спускающейся в глубокую лощину, густо заросшую кустарником. Комплекс состоит из четырёх помещений. Первое из них — вестибюль, освещаемый глубоким световым люком, пробитым в центре куполообразного потолка. В центре установлен деревянный шест. С западной стороны вестибюля расположен молитвенный зал с михрабом в южной стене. С юго-восточной стороны находятся два помещения, в одном из которых похоронен сам Бекет-ата.

Значительную часть посетителей составляют паломники, для которых это место является священным и связанным с исламскими традициями. Однако все более популярным становится и культурный туризм, с каждым годом увеличивается число туристов, интересующихся историей, архитектурой и культурой Казахстана. Эта тенденция подтверждается ростом посещаемости комплекса в последние годы.

На основе собранных данных о состоянии комплекса можно выделить несколько ключевых аспектов, которые требуют особого внимания. Во-первых, архитектурный комплекс, несмотря на свою значимость, сталкивается с проблемами из-за воздействия природных факторов. Эрозия, ветровая нагрузка и изменения климата оказывают влияние на сохранность отдельных элементов комплекса. Это подчеркивает необходимость регулярной реставрации и проведения ремонтных работ для предотвращения дальнейших повреждений.

Во-вторых, дорога к комплексу, отсутствие достаточного количества гостиниц для туристов создают определенные трудности для посетителей, особенно для иностранных туристов. Улучшение транспортного сообщения и создание более комфортных условий для пребывания туристов могли бы значительно повысить привлекательность этого объекта.



В-третьих, одним из важных аспектов является необходимость создания образовательных программ для туристов, направленных на повышение их осведомленности о значении комплекса и исторической ценности этого памятника. Сюда могут входить экскурсии, информационные центры и мультимедийные приложения, которые помогут лучше понять культурное наследие Казахстана и значимость Бекет-Ата в контексте истории и религии.

Комплекс Бекет-Ата обладает большим потенциалом для развития в рамках более широких туристических маршрутов, ориентированных на культурный туризм. В частности, создание сети туристических объектов, соединяющих исторические и религиозные памятники региона, могло бы не только увеличить туристический поток, но и способствовать сохранению уникальных культурных традиций. Рекомендуется развивать такие маршруты, как «Сакральные места Казахстана», которые позволят привлечь еще большее количество туристов и паломников, заинтересованных в изучении истории и культуры страны.

Для дальнейшего развития культурного туризма в Казахстане необходимы усилия в направлении не только сохранения исторических объектов, но и их активного использования в качестве образовательных и культурных центров. Включение мечети Бекет-Ата и других подобных памятников в программы, направленные на популяризацию культурного наследия, поможет укрепить культурную идентичность и повысить интерес к историческому наследию страны на международной арене.

Комплекс Бекет-Ата является не только ценным архитектурным памятником, но и важным элементом культурного туризма, который может сыграть значительную роль в развитии региона и сохранении культурных традиций Казахстана. Следовательно, для эффективного использования этого потенциала необходимо продолжать работу по сохранению памятника, улучшению туристической инфраструктуры и созданию условий для привлечения большего числа туристов, что позволит укрепить позиции Казахстана как культурной дестинации в мировом туристическом пространстве.

РЕЗЮМЕ:
Мақалада Қазақстандағы сәулет ескерткіштерінің, соның ішінде мәдени туризмнің маңызды құрамдас бөлігі Бекет-Ата кесенесінің айрықша рөлі зерттеледі.

МУЗЕЙ ТЫНЫСЫ

Айгүл Рахтаева
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
Астана қ.

«ЖҰЛДЫЗДЫ ГИД» ЖОБАСЫ БИЫЛ ДА ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі – ата-бабаларымыздың ежелгі замандардан бүгінгі күнге дейінгі сара жолын насихаттайтын және оны болашақ ұрпаққа жеткізуші киелі руханият ордасы. Музейге келген қонақ экскурсия жүргізушінің қызметіне қарай сол елдің мәдени деңгейін саралайды. Бұл жауапты міндет қатаң талап пен қажырлы еңбекті қажет етеді. Өскелең ұрпақты өз халқының тарихын, мәдениетін зердесіне түйген отаншыл азамат ретінде қалыптасуы үшін еңбек етсе, ал алыс-жақын шетелден келген қонақтарға қазақ халқының тарихын, әлемдік деңгейдегі орнын дәріптейді, сондай-ақ олардың еңбегі ағартушылық қызметтің ажырамас бөлігін құрайды. Музей маманының еңбегі – айналасына жылы эмоция сыйлап, жас ұрпаққа мәдени-рухани тәрбие беруді қалыптастыруға ықпал жасайтын ағартушылық қызметтің ажырамас бөлігі.

Ұлттық музейде экскурсия жүргізуші қызметінің ерекшеліктерін түсіндіру, кең аудиторияға музей экспозициясындағы жәдігерлерді, тарихи-мәдени мұраны таныстыру және насихаттау, музей имиджін арттыру мақсатында қоғам және өнер қайраткерлері, қоғамдағы белгілі тұлғалардың қатысуымен «Жұлдызды гид» жобасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама барысында белгілі тұлғалар музей залдары бойынша келушілерге халқымыздың көне тарихы мен бай мұрасы туралы мәлімет береді. Бұл жоба арқылы музей келушілері белгілі тұлғаларды жаңа қырынан – экскурсия жүргізушісі ретінде танып, музей экспозициясына жаңаша көзбен қарай алады. Имидждік жоба еліміздің, тіпті, әлемдік музей тәжірибесінде мүлдем болмаған. Бұл барша музейге келушілерді қызықтырған Ұлттық музейдің ең маңызды шараларының бірі.

Ұлттық музей келушілерге есігін ашқан күннен бастап тарих пен ұлттық құндылықтарды насихаттап, келешек ұрпаққа жеткізуде маңызды қызмет атқарып келеді. Музейдің халықаралық деңгейін негізге ала отырып, экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінде бірнеше шетел тілдерінде еркін сөйлейтін, тарих, археология, филология сынды мамандықтарды игерген, өзін-өзі ұстау мәдениеті мен дикциясы кәсіби деңгейдегі мамандар жұмыс істейді.

«Жұлдызды гид» шоу-жобасы алғаш рет 2015 жылы 21 ақпан Дүниежүзілік экскурсия жүргізушілер күніне орай «Жұлдызды гид» шоу-жобасын қолға алды. Жобаның мақсаты – музей қонақтарына мыңжылдық тарихымыз бен мәдениетімізді насихаттау. Жобаның алғашқы шымылдығын елге танымал әншілер Қарақат Әбілдина, Маржан Арапбаева, Клара Төленбаева, Құрмаш Мақанов, Гүлнұр Оразымбетова, Досымжан Таңатаров және ақын Қалқаман Сарин секілді белгілі өнер қайраткерлері ашқан болатын. Әрине Ұлттық музей залдарында экскурсия жүргізуге елін сүйген, жүрегі Отан деп соғатын азаматтардың келісетіні сөзсіз. Алдын-ала күнді белгілеп, келісілгеннен кейін, экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің әдіскерлері арнайы мәтін әзірлеп, жұлдыздарға ұсынады. Экскурсия жүргізушілердің көмегімен келушілерге халқымыздың көне тарихы мен бай мұрасы туралы мәлімет береді. Ұлттық музейдің ақпарат құралдары насихат жұмыстарын жүргізіп, сол күні халықтың музейге келуін үгіттейді. Бір сағат экскурсия жүргізгеннен кейінгі үзілісте, әншілер, “сахнада бір-екі ән айтқанымыз әлдеқайда жеңіл екен” деп өз пікірлерін білдіріп жатты. Жоба соңында әншілер музей қонақтарына шағын концерт қойды.

Жоба барысында қатысушылар музейге келушілерді еліміздің тарихы, мәдениеті және дәстүрімен таныстырды, ал келушілер танымал өнер қайраткерлерін жаңа қырынан көруге мүмкіндік алды. Он жыл бұрын қолға алынған бұл жоба көпшіліктен қолдау тауып, жыл сайын ұйымдастырылатын мерекелік шараға айналды. Жыл сайын жоба ауқымы еселеніп келеді.

2016 жылы жобаға Қуандық Қыстықбаев, Алтынай Жорабаева, Әділ Ахмет, Индира



Расылхан мен Шаһаризат Сейдахмет қатысты. 2018 жылы Айгүл Иманбаева, Айгүл Қосанова, Ардақ Балажанова, Женіс Ысқақова, Дос, Дәурен Серғазин мен Нұркен Өтеуілов музей қонақтарын қарсы алса, 2019 жылы Ұлттық музейдің 5 жылдығын мерекелеу аясында ұйымдастырылған жобаға Лейло Бекназар-Ханинга, Тамара Асар, Сүндет Байғожин, Майя Бекбаева мен Динара Сәтжан қатысты.

Ал, 2020 жылы музей қонақтарына Бағдат Сәмединова, Жасұлан Жүрсінұлы, Майра Төлепберген, «Назар» тобы, Жұмаділов Данияр сынды танымал өнер жұлдыздары экскурсия жүргізді. «Бүгін еліміздің киелі мекемесінде халыққа арнап қызмет көрсеткеніме өте қуаныштымын. Біздің қазақ халқының мәдени мұрасы құнды, рухани қазыналарға бай. Еліміздің жастарын музейге келіп білім алып, құнды жәдігерлерді өз көздерімен көріп, тарихымызды зерттеп, дәріптеуге шақырамын. Бүгінгі мереке құтты болсын! Осы сынды мерекелер көп болсын! Көне жәдігерлерді тамашалап, көңілдеріңізге түйіп, жақсы көңіл күйде болуларыңызды тілеймін» - Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бағдат Сәмединова.

2022 жылы тележүргізуші Гүлназ Әлімгерей, теле-радио жүргізуші Әйкерім Есенәлі, әнші, «Славян базары – 2021» байқауының жеңімпазы Рухия Байдукенова, әнші Севда Алиева, әнші әрі қобызшы Ақерке Тәжібаева, әнші, «Славян базары – 2019» байқауының жеңімпазы Әділхан Макин өздерін жаңа салада сынап көрді.

2023 жылы «Жұлдызды гид» жобасы Халықаралық музейлер күніне орай ұйымдастырылды. Оған тарихшы және блогер Радик Темірғалиев, тарихшы және Instagram блогері Диас, тарихшы және шежіреші Жақсылық Сәбитов, кәсіпкер, MuzzOne музыкалық телеарнасының иесі және «United Media Group» ЖШС иесі Арманжан Байтасов, Pygmalion арт галереясының негізін қалаушы Данагүл Төлепбай, ЕҰУ-ның Заманауи зерттеулер институтының директоры Мұхит-Ардагер Сыдықназаров қатысты. Атаулы күнге орай ұйымдастырылған іс-шараларды тамашалауға 47 274 адам келді. Бұл – қазақ музейлерінің тарихындағы рекордтық көрсеткіш.

2024 жылдан бастап «Жұлдызды гид» жобасы өз жұмысын жалғастырды. Қаңтар айында музей қонақтары Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының актері, Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты Олжас Дәлелханды экскурсия

жүргізуші ретінде таныды. Шақырылған қонақ «Тарих тұғырындағы ұлы тұлғалар» – Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр әл-Фараби, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Қаныш Сәтбаев сияқты экспозициялардан құралған «XIII-XX ғғ. Қазақстан тарихы» залы бойынша экскурсия жүргізді. Экскурсиядан кейін актермен музей кітапханасында кездесу ұйымдастырылды.

Ақпан айында Дүниежүзілік экскурсия жүргізушілер күніне орай жобаға «DOPE SOZ» подкасты авторларының бірі Арсен Тусупбеков қатысып, музей қонақтарына «Көне түркі өркениеті» залы бойынша тақырыптық экскурсия жүргізді.

Сәуір айында жобаға Астана қаласының құрметті азаматы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, композитор Төлеген Мұхамеджанов пен Қазақстанның және Татарстанның Халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұржамал Үсенбаева қатысып, музей қонақтарына «Астана» залы бойынша экскурсия жүргізіп қана қоймай жеке заттардан жинақталған көрмені де таныстырды. «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы аясында Төлеген Мұхамеджанұлының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығы» лауреатының төсбелгісі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» туралы куәлігі, Нұржамал Пернебекқызының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығы» лауреатының төсбелгісі, «Өзбекстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» туралы куәлігі және өзге де құжаттар, шығармалар жинақталған дискілер, альбомдар тапсырылды.

«Жұлдызды гид» жобасы бастапқы кезде жыл сайын экскурсия жүргізушілер күніне орай өткізілетін. Экскурсия жүргізушілердің кәсіби мерекесі әлемнің түкпір-түкпірінде аталып өтіледі, әсіресе ірі қалалар – туристік орталықтарда аталған мереке өте танымал. Өздерінің кәсіби мерекесін алғаш рет 1990 жылы Лондон қаласының экскурсия жүргізушілері атап өткен болатын.

Ал, Қазақстанда бұл күнді атап өту бастамасын Экскурсия жүргізушілер ассоциацияларының халықаралық федерациясы ұсынған. Іс шараның мақсаты – рухани-мәдени құндылықтарды, халқымыздың тарихын, мәдениетін бір кеңістікке біріктіре







отырып, әртүрлі жанр мен стильдегі өнер туындыларын ұсыну. Музей қызметін, ондағы жәдігерлерді кеңінен насихаттау.Ұлттық музей дәстүрлі қызмет көрсетумен шектелмей, бүгінде ғылыми-әдістемелік, мәдени-ағарту жұмыстарының қайнаған ортасына айналды.

Қазіргі таңда, Ұлттық музей тарихи жәдігерлерді насихаттап қана қоймай, халық игілігіне әр түрлі мерекелерге байланысты іс-шараларды абыроймен атқарып келеді. Айталық, ерекше мейрамдардың бірі 18 мамыр - Халықаралық музейлер күні. «Халықаралық музей күні» мерекесі 1977 жылы халықаралық музейлер кеңесінің бас конференциясында бекітілген. Сол жылы алғаш рет «Музей түні» іс-шарасы Берлин қаласында өткен.

Биыл да 18 мамыр күні аталмыш мерекемен бірге «Жұлдызды гид» жобасы іске асырылады. Жобаның мақсаты – Ұлттық музейдің қоғамдағы имиджін арттыра отырып, тарихы терең мұраларымызды, құнды жәдігерлерімізді насихаттау. Еліміздің танымал, өз салаларында жетістікке жеткен тұлғалары көрермендерге экскурсия жүргізеді. Бұл барша көрермендердің қызығушылығына ие болған Ұлттық музейдің ең маңызды шараларының бірі. Әрине, Астанаға жолы түсіп келген қонақ, шет мемлекеттерден келген турист болсын, музейге соқпай кетпейтіні шындық. Музейге келген әр қонақ бұл жерге тағы да келетінін айтып, ризашылықтарын білдіріп жатады.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіздігіміздің өркендеп өсуіне аянбай еңбек еткен ірі тұлғаларымыз көбейіп, рухани құндылықтарымызды халыққа насихаттап, музейге келушілердің саны арта берсін дегім келеді.

РЕЗЮМЕ:
Статья посвящена проекту «Жұлдызды гид - Звездный гид», который ежегодно проводится в Национальном музее Республики Казахстан.

МУЗЕЙ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АҚШ музейлері балаларды қызықтырудың ерекше әдісін ойлап тапты



www.tiqets.com

Енді музейлер тек білім беретін орын емес, олар нағыз өмірлік тәжірибе сыйлайтын алаңға да айналды.

Шетелдік басылымның мәліметінше, АҚШ-тың балаларға арналған музейлері «қауіпсіз демалыс» дәстүрлі моделінен бас тартып жатыр. Олар бұның орнына балаларға зерттеуге, қателесуге және орташа тәуекелді сезінуге рұқсат ететін орта қалыптастырады.

Мысалы, Сент-Луистегі The Magic House музейінде балалар үш қабатты құрылымдардың бойымен өрмелей алады. Ал Children's Museum of Denver-де арқандары, көпірлері мен өрмелеу қабырғалары бар «Adventure Forest» аймағы құрылған. Калифорниядағы Bay Area Discovery Museum балаларға шынайы құралдарды пайдаланып, құрылыс нысандарын салуға мүмкіндік беретін пилоттық бағдарламаны пайдаланады.

Бұл тәжірибелер «шектеулі тәуекел сенімділік қалыптастыруға көмектесіп, өз-өзін реттеу мен шешім қабылдау дағдыларын дамытады» деген идеяға негізделген.

www.bloomberg.com

Жаннұр Мусабаева
Қ. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі
Баянауыл ауданы, Павлодар обл.

СӘТБАЕВ МУЗЕЙІ ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Өскелең ұрпаққа ұлы адамдардан қалған мол мұраны насихаттау әрі тарату әр азаматтың парызы. Бұл туралы мемлекет және қоғам қайраткері, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев: «Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отыратын, тапқан ілімін, үлкенді - кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде заман талабының өресінде болады», - дейді.

Ұлы ғалым Қаныш Имантайұлының атымен аталатын киелі Баянауыл жеріндегі мемориалдық музейдің алтын қоры ашылған күннен бастап жылдан жылға академиктің жеке қолданысында болған заттарымен, өзі тұтынған құрал - жабдықтарымен, фото - суреттерімен, хаттарымен, кітаптары және деректермен жыл сайын толығуда. Көп жылдық тарихы бар музейде бүгінгі таңда жалпы 3788 қор бар. Оның негізгі 2130 қоры – академиктің және ғалымның қыздарының жеке заттарынан құралған экспонаттар мен ғылыми еңбектер.

Мерейтой жылында академик Қ.И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі көптеген бай экспонаттар қатарымен толықты. Музей қорына Қаныш Имантайұлының, академиктің қыздары – Хайринисауи мен Мейіз Сәтбаевалардың, ғалымның жиені, археолог Кемел Ақышевтің жеке заттары, фотосуреттері мен картиналары, мақалалары, хаттары, мақтау қағаздары мен медальдары, ескерткіш сувенирлері мен тастары, көптеген еңбектер мен кітаптар келіп түсті.

Ғалым Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығында (2024 ж.) Баянауыл жеріндегі Мойылды шатқалында тойланған мерейтойлық шараға келген академиктің жиен немересі Әлима Жармағамбетованың музейге сыйға тарту еткен ең құнды экспонаттарының бірі – академиктің өзі киген шапаны болатын. Жасыл түсті пүліш шапанды Қаныш Имантайұлы қызы Ханиса Сәтбаеваға тарту етіп, апамыз өзіне шамалап қысқартқан екен.



Қ.Сәтбаевқа берілген мақтау қағазы



Академиктің өзі киген шапаны

Жалпы алғанда ғалымның немересі Әлима Жармағамбетова музеймен өте тығыз байланыста десек, артық айтқандық емес. Мәселен, өткен жылдың сәуір айында Әлима апамыз Ханиса Қанышқызының өзі ұстаған қара түсті былғарыдан жасалған қол сөмкесін, 1935 жылғы 6 қарашада академиктің қызына ұстаздары өте жақсы оқығаны үшін сыйлаған қоңыр түсті мұқабасы бар «Остров в степи» кітабын, Қазақ ССР Жоғарғы Совет Президиумының Құрмет Грамотасын, 8-9 сыныптардағы алған Мақтау қағаздарын, 1985 жылғы 26 сәуірде берілген «Еңбек ардагері» куәлігі мен медалін, Кәкімбек Салықовтың 2001 жылғы 29 қарашада Ханиса Сәтбаеваның 80 жылдығына арнаған «Қаныштың қызы сексенде» (Ханиса Сәтбаеваға) арнау өлеңін музейдің қорына тарту етті.

Сондай-ақ, 1957 жылдың күзінде Қазақстан Ғылым Академиясының президенті Қаныш Сәтбаев Кеңес Одағы ғылыми делегация құрамында Пекин қаласында өткізілген I халықаралық геологиялық конференциясына қатысқан. Сол конференцияда Қаныш Имантайұлына Қытай делегациясы фарфордан жасалған «Табиғат көрінісі» бейнеленген картинаны сыйға берген. Бұл картина бүгінгі күні музейдің экспозициялық залында орналасқан.



Қ.Сәтбаевқа Қытай делегациясы сыйлаған «Табиғат көрінісі» картинасы

Музейдің негізгі қорында сақталған академиктің куәліктері қатары Қ. Сәтбаевтың 1944 жылы маусым айындағы Қазақстанның жергілікті Кеңес басшы-қызметкерлерінің Республикалық Тұңғыш мәслихатына қатысушы туралы №56 мандат куәлігімен, 1945 жылғы желтоқсан айынан басталған - 1947 жылғы қараша айында аяқталған академиктің №073078 ақша беру №1 купондар жинағымен және 1956 жылғы 25 желтоқсандағы №311066 Бүкілодақтық ауылшаруашылық куәлігімен толықты.



Академиктің ақша беру купондар жинағымен Бүкілодақтық ауылшаруашылық куәлігі

125 жылдық мерейтой қонақтарының қатарында болған биология ғылымдарының кандидаты, сәтбаевтанушы ғалым Надежда Ниретина да музейдің алтын қорын маңызды экспонаттармен толықтырды. Соның ішінде 1984 жылы 18 маусымдағы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың атына берілген 2402 кіші планетаның атауын беру туралы құрметті куәлік, археолог Кемел Ақышевтің Қ. Сәтбаевқа 1942 жылы 16 қарашада жазған хаттары, Қаныш Сәтбаевтың Василий Иванович пен Саша Нагимовичке 1943 жылғы 21 маусымда жазған хаты, Қаныш Сәтбаевтың 1930 және 1959 жылдары жазған хаттары мен Таисия Сәтбаеваның 1964 жылы академиктің өмірінің соңғы кездерін сипаттайтын Мәскеу қаласынан жазылған хаттары да бар.

Сәтбаевтың Василий Ивановичке жазған хаты



Академиктің Саша Нагимовичке жазған хаты







Академиктің 1930 және 1959 жылдары жазған хаттары

Мойылды шатқалындағы сабантойға келген қазақтың көрнекті ақыны Ғалым Жайлыбай Қаныш Имантайұлының қолымен ұстаған сұр түсті кварц тасын музейге табыстады



Қаныш Имантайұлының қолымен ұстаған сұр түсті кварц тасы

Сондай-ақ, музей әкімшілігі академиктің қыздарының ұрпақтарымен де өте тығыз байланыста. Мәселен геолог ғалым Мейіз Қанышқызы Сәтбаеваның ұлы Третьяков Александр музей басшысы Қайыргелді Қасымтайұлы Әбілгазинге Сәтбаевтар әулеті жайында ақпараттармен бөлісе отырып, анасынан аманат болып қалған заттармен бөлісіп, музейге сыйға тарту етті. М. Сәтбаеваның «К.м.В.» жазуы мен субұрқақ бейнеленген ақ түсті керамикадан, фарфордан жасалған «Кисловодская минеральная вода» кружка - бюфетницасы (1970-1980 жылдары жасалған) мен жастық шағы мен студенттік жылдары, әпкелерімен түскен фотосуреттері музейдің төрінде орын алуда.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясы, Еуразия Ұлттық университетінің ұйымдастыруымен «Қаныш Сәтбаев – ұлт мақтанышы» халықаралық ғылыми – практикалық конференцияда академик Қ.И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі жылжымалы көрме қойды. Көрмені ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекұлы Нұрбек, ҚР Президентінің жанындағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Ақылбек Қожағұлұлы Күрішбаев, Әлкей Марғұланның қызы Дәнел Әлкейқызы, Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті директорлар кеңесінің төрағасы Жақсылық Әбдірахметұлы Күлекеев арнайы келіп көріп, көрмені елімізге танымал зиялы қауым өкілдері мен өнер адамдары, Астана қаласының тұрғындары тамашалады. Аталған конференцияға қатысқан Қаныш Сәтбаев брендбугінің авторы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, елімізге танымал суретші Алмас Сырғабай Академик Қ.И. Сәтбаев бейнеленген өзінің авторлық картинасын музейге сыйлады.

Мерейтойлық жыл академик Қ.И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейіне өте қазыналы да, жемісті жыл болды. Жоғарыда аты аталған экспонаттармен қоса музейдің қосымша қорына да сыйланған заттар саны өте көп болды.

Музей басшылығы мен әкімшілігі музейдің қор санын толықтыруға атсалысқан барлық азаматтарға өз ризашылығын білдіреді. Дегенмен, музей қызметкерлері академиктің және отбасының сақталған жеке заттарын, қолтаңбалары тиген жазбалары мен деректер қатарын іздеуден еш жалықпай, экспонаттар қатарының толығуына және өскелең ұрпаққа ұлы тұлғалардың дара жолдарын дәріптеуде аянбай еңбек ететіндері сөзсіз.

РЕЗЮМЕ:
В статье рассказывается о новых экспонатах, поступивших в фонд мемориального музея академика К. Сатпаева.

Дулат Исабаев
Ш. Берсиев атындағы Ақтөбе облыстық музейі
Ойыл ауданы, Ақтөбе обл.

Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ЖЕТІСТІГІ

Ақтөбе облысы әкімінің 2003 жылғы 10 қыркүйектегі № 254 қаулысымен «Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі» мемлекеттік мекемесі құрылды. Ал, 2006 жылы 29-қыркүйектегі №944 қаулысымен Қазақстан Республикасының білім беру және мәдениет ұйымдарын атау мен қайта атау туралы тізбесімен Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейіне қоғам қайраткері Шығанақ Берсиевтің есімі берілген.

Ақтөбе облысы әкімінің 2013 жылдың 28 - желтоқсан күнгі № 423 қаулысына сәйкес «Ақтөбе облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ш. Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.

Музейдің негізгі мақсаты – тарихи құндылықтарды, мәдениет ескерткіштерді сақтау және жұртшылыққа таныту жұмыстарын ұйымдастыру. Қазіргі таңда музей ұжымы 10 штаттық бірлікті құрайды. Оның үшеуі шығармашылық бағытта қызмет етеді. Жалпы музей 6 ғылыми - экспозициялық көрме залдарынан тұрады.

Музей қоры – 7704. Оның ішінде негізгі қоры - 4867. Қосымша қоры - 2837 экспонатты құрайды. Электронды және цифрлық форматқа енгізілген жәдігерлер саны - 815.

Ойыл музейі мәдени көпшілік шаралар мен экскурсиялар, тақырыптық көрмелер ұйымдастырып, халыққа кеңінен насихаттауда. Музей жанынан «Жас археолог» үйірмесі мен «Қасиетті Қазақстан» географиясы аясында «Өлкетанушылар клубы» нәтижелі жұмыстар атқарып келеді.

Музейдің жеткен жетістіктері мен мамандардың белсенділігі туралы айтсақ: 2007 жылы Ақтөбе облысы бойынша «Ең үздік музей», 2018 жылы Ақтөбе қаласы бойынша «Үздік музей» атағымен екі мәрте марапатталған мекеме. Музей қызметкерлері үш рет (2017, 2018, 2021 жылдары) «Үздік музей қызметкері» атанды.

Ақтөбе қаласындағы облыстық тарихи - өлкетану музейінде Қазақстан музейлерін ақпараттық - әдістемелік қолдауға арналған «KAZMUSEUM.KZ» жеке қоры 2020 жылдың 11-12 наурыз күндері қордың ұйымдастыруымен «XXI ғасырдағы музей маманы: кәсіби біліктілік пен мансап» атты кешенді біліктілікті арттыру курсына музей мамандары қатысып, 16 сағаттық дәріс тыңдады. Дәріс - «Музей ісіндегі жаңа трендтер», «Экскурсия жұмыстарын ұйымдастырудың заманауи тәсілдері», «Музей ісіне қатысты нормативтік – құқықтық актілерді қолдау жолдары», «Музейдегі экспозиция және көрме жұмысы», «Музей маркетингі мен менеджменті» тақырыптарында оқылды. Дәріс арқылы музей қызметкерлері тәжірибелерін шыңдай түсті.

Ақтөбе облысы, Байғанин аудандық тарихи - өлкетану музейі 2021 жылдың қазан айында аудандық музейлер арасында тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған «Тарихы кенен, тамыры терең, болашағы кемел өлкем» атты семинар - практикумына музейдің ғылыми қызметкері қатысып, экскурсия жұмыстарын жүргізудегі заманауи тәсілдердің бірі – электронды карта, музейдегі экспозиция, көрме, қор жұмыстарын ұйымдастыру туралы өз тәжірибесін жетілдірді.

Ақтау қаласында 2021 жылдың 13-14 қазан күндері қазақ балеті мен ұлттық биінің бастауында тұрған биші, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі Нұрсұлу Тапалованың шығармашылығымен танысу және оны насихаттауға арналған «Заманмен заңғарланған Нұрсұлу» атты Республикалық конференциясына өз тәжірибесін шыңдауға музей директоры Рысбаева Балқия Тілеужанқызы қатысты. Ол Ойыл өңірінен шыққан атақты биші туралы іздестіру, зерттеу, жинақтау жұмыстарын кең көлемде насихаттады.

Музейдің ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында 2021 жылы



«Жас археолог» үйірмесінің оқушылары Ақтөбе облыстық тарихи - өлкетану музейі ұйымдастырған Мәртөк, Мұғалжар мен Темір аудандарындағы археологиялық қазба жұмыстарына қатысты және ғылыми тұрғыда әдістемелік тәжірибе жинақтады.



Аудандық музейлер арасында қарым - қатынас сабақтастығын дамытып, тәжірибе алмасу мақсатында 2021 жылдың маусым айында Қандыағаш қаласындағы Мұғалжар аудандық тарихи - өлкетану музейімен кәсіби қарым-қатынас орнату туралы келісім жасалды. Нәтижесінде, ғылыми - экспозициялық көрме залдары мен қор бөлімін жинақтау, іздестіру жұмыстарына байланысты тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді.

Мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің арасында өтетін «Рухани қазына – 2021» онлайн фестиваліне музейдің ғылыми қызметкері Исабаев Дулат Бітімбайұлы қатысып, табанды еңбегі үшін «Үздік аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік музей қызметкері» атанды.

2021 жылдың қазан айында музей жұмысын насихаттау мақсатында «Тарихи - рухани мұраны жинақтау және насихаттау – музейлердің ғылыми жұмысының бір саласы» тақырыбында ғылыми жұмыстар саласы бойынша ақпараттық кітапша жасақталды.



2021 жылы желтоқсан айында музей директоры Рысбаева Балқия Тілеужанқызы музей саласын дамытудағы ерең еңбегі үшін «Еңбек даңқы» төсбелгісімен және «Ойыл ауданының 100 жылдығы» медалімен марапатталды.

2021жылы Ш. Берсиев музейі алғашқы археологиялық қазба жұмысын «Ш. Берсиев» ауылдық округіндегі «Қаздыарал» тұрағына жүргізді. Нәтижесінде жерлеу тәсілдері ерекше әдіспен жерленген 4-5 орынды анықтап, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологтарымен бірлескен зерттеу жұмысын ұйымдастырды.

«Жас археолог» үйірмесінің жетекшісі Медет Ерниязұлы Құлмұқанов 2022 жылдың наурыз айында Алматы қаласында өткен Республикалық

"Үздік авторлық бағдарлама" байқауында өз авторлық жұмысын ұсынып, тәжірибе алмасты. 2016 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан үйірме жұмысын жан-жақты жеткізді, нәтижесінде II орынды жеңіп алды. Осылайша, үйірме жұмысы Республика деңгейінде үздік авторлық бағдарламалар қатарына кірді.





«Рухани қазына - 2022» фестивалінде «Балаларға арналған үздік музейлік жоба — 2022» номинациясы бойынша Ш. Берсиев атындағы «Өнер және өлке тарихы музейінің» «Жас археолог» үйірмесі жеңіп алды. Ескерткіштердің зерттелуіне, археология ғылымына оқушылардың құлшынысын арттырып жүрген «Жас археолог» үйірмесінің жетекшісі Медет Құлмұқановқа Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт



министрінің дипломы мен 500 мың теңгенің сертификаты табысталды.

21 мамыр — мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне орай ел мәдениетінің одан әрі гүлденуіне, өнеріміздің асқақтауына ерекше қызмет еткені үшін Ақтөбе облысының әкімі О. Оразалиннің атынан музейдің ғылыми қызметкрі Исабаев Дулат Бітімбайұлына алғыс хат табысталды.

РЕЗЮМЕ:
Автор в статье рассказывает об истории становления и деятельности Уилского районного музея искусства и истории края имени Ш. Берсиева в Актюбинской области.

МУЗЕЙ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Абу-Дабиде ең ірі цифрлық өнер музейі ашылды



blooloop.com

TeamLab Phenomena Abu Dhabi экспозициясы 17 000 шаршы метр аумақты алып, табиғи элементтер, 700-ден астам проектор және жасанды интеллект көмегімен жасалған интерактивті инсталляцияларды ұсынады. Келушілер жарық, ауа және су ағындарымен өзара әрекеттесіп, экспозицияның бір бөлігіне айналады.

«Тірі өнер туындысы» ретінде сипатталатын бұл тәжірибе көру, есту, сезіну және тіпті иіс сезу секілді барлық сезім мүшелеріне әсер етеді. Кеңістік әсіресе жас келушілердің қызығушылығы мен қиялын оятуға бағытталған.

Музейдің ашылу салтанатында 6000-нан астам дрондар шоуы өтіп, танымал композитор Людовико Эйнауди өнер көрсетті.

Бұл жоба Абу-Дабиді өнер, мәдениет пен технологиялық инновациялардың халықаралық орталығы ретінде нығайтады. Алғашқы цифрлық өнер мұражайы 2018 жылы Токиода ашылып, кейін Макао, Сингапур, Шанхай және Сауд Арабиясында да пайда болды.

ru.euronews.com

Қуаныш Нұрмақсұтов
«Таңбалы» Мемлекеттік тарихи - мәдени және табиғи музей – қорығы
Ұзынағаш ауылы, Жамбыл ауданы, Алматы обл.

ЖАРТАС ӨНЕРІН ҚҰЖАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛЕНДІРУ

Жартастағыөнерескерткіштері–петроглифтер мен басқа археологиялық нысандардың біртұтас ландшафтта шоғырлануы. Мұндай ескерткіштердің шекаралары ландшафттағы ежелгі ұжымдардың тіршілік ету ортасы мен қызметінің барлық іздерін қамтитын аумақ. Басқа археологиялық нысандармен (тұрақтар, қорымдар, жолдар және т.б.) бірге жартастағы бейнелер ландшафтта ежелгі қауымдастықтардың өмір сүру тәсілін, олардың қоршаған ортаға қатынасын және тарихтың белгілі бір кезеңіндегі әлеуметтік, техникалық даму деңгейіне байланысты оның жекелеген компоненттерінің функционалдық маңыздылығын жанама түрде көрсетеді.

Жартас өнері пайда болғаннан бері табиғи ортаның жағдайына мәдени бейімделу формалары өзгерді. Қоршаған ортаның, климаттың өзгеруіне және адам ұжымдарының шаруашылық түріне байланысты қоғамның сипаты аңшылар, балықшылар мен жинаушылар, отырықшы бақташылар, жер игерушілер мен көшпенділер болып басқаша сипат алды.

Петроглифтері бар ландшафттар көбінесе дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи аймақтарына енеді. Әдетте, петроглифтер малшыларға таулы жерлерде, шөпке бай дала жайылымдарына немесе таулы жайлауға баратын жолдарда қоныс аударған кезде өңірді бағдарлау үшін маңызды белгілер ретінде қызмет етеді. Қазіргі заманғы шопандар, олардың ежелгі ата-бабалары сияқты, петроглифтермен белгіленген төбелердің шыңдарына, арнайы тастан жасалған «оба» тұрғызуы кездейсоқтық емес.

Сонымен қатар, жартастағы бейнелеу өнерінің ескерткіштері дәстүрлі коммуникация жолдарында жасалған. Жібек жолы мен оның көптеген тармақтары бойында, көші - қон жолдары бойында, мерзімді немесе маусымдық жиналыстар орындарында, ежелгі сауда жолдарында, су өткелдерінде, яғни тиімді ландшафттарды адамдар белсенді қолданған. Петроглифтер арнайы ақпараттық арна ретінде өздерінің негізгі қызметін тиімді орындады.

Осылайша, әлемдік мәдени мұраның жылжымайтын нысаны ретінде петроглифтерді олардың табиғи және мәдени ортасынан, археологиялық және тарихи мазмұнынан тыс түсіну мүмкін емес, сондықтан оларды пәнаралық әдістермен және адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің бірегей кешенді ескерткіштері ретінде зерттеу қажет.

Қазіргі уақытта қазақтардың шынайы тарихы жаңғыруды қажет етеді. Тарихи жадысыз ұлттық мақтаныш пен патриотизм болмайды. Қазақстан тарихында тек тарихи ғана емес, халықтық та есте қалатын оқиғалар бар. Қазақстан аумағының кеңдігіне қарамастан, қола дәуірінің тайпалары неолит дәуірінің тайпалық белдеуін алмастыратын мәдени біртектілікті көрсетеді. Соңғы жылдары Андронов мәдениетінің шеңберіне жатады деген гипотеза тарихшылар арасында көбірек қолдау тапты. Археологиялық-этнографиялық зерттеулердің нәтижелері де, зороастризмнің ежелгі мәтіндерін тарихи-лингвистикалық салыстырмалы талдау да осы гипотезаны қолдайды. Біздің дәуірімізге дейінгі II мыңжылдықтың басында Қазақстан тайпалары қола бұйымдар өндірісін игерді. Қола-мыс пен қалайының, кейде қорғасын, мышьяк немесе мырыштың әртүрлі пропорциялардағы қорытпасы. Қазақстан тайпаларының шаруашылығында және тұрмысында болған өзгерістер, ең алдымен, климаттың үдемелі аридтілігімен байланысты. Өзендердің ағындары азаяды, көлдер деңгейі төмендеді және т.б. өзгерістер орын алып, тиісінше, мал шаруашылығының рөлі артты. Металлургия мен мал шаруашылығының басым дамуы өнімділіктің өсуіне және қоғамдық еңбектің күшеюіне, қоғамдық өмірдегі үлкен өзгерістерге әкелді.

Кез - келген археологиялық ландшафты сақтау, мониторинг жүргізу, күтіп ұстау және насихаттау бойынша барлық қажетті іс - шараларды зерттеу, шешімдер қабылдау, жұмысты орындау үшін кешенді және жан - жақты құжаттау арқылы жоғары сапалы «Базалық құжаттаманы» құру қажет.

Жартастағы өнер ескерткіштерін сақтау және насихаттау менеджменті жоғары сапалы және жан - жақты құжаттаманы қажет етеді. Ескерткіштердің қалыпты жағдайын бақылау және сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін мониторинг негізінде есеп беру негізгі құжат болып табылады. Бұл құжаттама алдағы уақытта атқарылатын көптеген жобалар үшін де ерекше

маңызы бар.

Жартас өнері – мәдени мұраның ең осал нысаны санатына жатады деуге толық негіз бар. Тек жартас өнері ғана емес, басқа да археологиялық ескерткіштер мен табиғи нысандар да ерекше назар мен қамқорлықты және базалық құжаттаманы қажет етеді.

Базалық құжаттаманың құрамына мыналар кіреді:

- Археологиялық карталар;
- Петроглифтері бар жартас беттері және басқа да археологиялық нысандардың топографиялық жоспарлары;
- Петроглифтері бар топтардың индекстелген фото және графикалық панорамалары;
- Индекстелген фотосуреттер және петроглифтері бар беттердің графикалық кескіндері;
- Петроглифтері бар жартас беттердің қалыпты жағдайының стандартталған сипаттамасы;
- Археологиялық, геологиялық, ботаникалық, зоологиялық, туристік және басқа объектілердің стандартталған сипаттамалары.

Қазіргі таңда нысан бойынша құжаттаманы дайындау, сақтау, насихаттау және т.б. іс - шараларды іске асыру үшін арнайы сол нысанға арналған менеджмент - жоспар жасалады. Жартас өнерін құжаттандыру үшін құжаттама төрт деңгейден тұратын құрылымға ие болуы тиіс деп есептеймін.

1. Кешен (геоархеологиялық контекстегі петроглифтердің орналасуы). Бұл деңгейдегі деректер аэро-фотосуреттерден, әртүрлі масштабтағы топографиялық және арнайы карталардан, әртүрлі мақсаттағы жоспарлардан тұрады.

2. Жергілікті аумақ (топ). Бұл деңгейдегі деректер графикалық реконструкциялардан және фотофиксациядан тұрады (беттерді экспозициялау және индекстеу панорамалары, зақымданулар мен қауіп төнген жерлерді бекіту, консервациялық жұмыстарды құжаттау).

3. Жартас беті (жазықтық, фрагмент, тас). Бұл деңгейдегі деректер индекстелген фотосуреттер мен петроглифтері бар жазықтықтардың графикалық кескіндерінен тұрады.

4. Жартас бетіндегі сурет (бейне). Ақпарат стандартты түрде берілген және микалентті көшірме немесе контур сызбасы негізінде жасалған фотосуреттер мен сызбалармен толықтырылған. Қолданбаларда кескіндердің стиліне, иконографиясына, хронологиясына және танысуына қатысты корреляциялық кестелер мен схемалар бар.

Тұтастай алғанда, бұл құрылым осы төрт деңгейге қатысты барлық құжаттамалық деректерді (археологиялық, геологиялық, геоморфологиялық, ландшафттық және т.б.), олармен байланысты барлық мәселелер мен практикалық шараларды (жоспарлау, сақтау, бақылау және т. б.) қамтиды. Деректерді өңдеу, зерттеу жұмыстары және практикалық қолдану үшін пайдаланудың қарапайымдылығы мен ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін барлық қолжетімді ақпарат «Базалық құжаттамаға» жүктелуі керек.

Қайсыбір халықтың немесе ұлттар мен ұлыстардың жаратылыстан алатын өз тарихы мен орны бар екені даусыз. Қазақ халқының тарихында айрықша атауға тұратын қасиетті жердің бірі – «Таңбалы» мемлекеттік тарихи - мәдени және табиғи музей - қорығы. Жартас өнерін музейлендіру бағытында «Таңбалы» тек Қазақстан бойынша емес, Орта Азия елдерінің арасында алғашқы музей - қорық деп айтуға толық негіз бар. 1957 жылы ашылып, тарих сахнасына енгелі 70 жылға жуық уақытта «Таңбалыны» зерттеу, құжаттандыру, қайта қалпына келтіру сынды жұмыстар өзінің оң нәтижесін беріп келеді.

ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген тұтас археологиялық (тарихи-мәдени) кешенді «Таңбалы» музей - қорығы жүзеге асырады. Музей - қорық материалдық және рухани құндылықтардың мәдени және табиғи мұраларының біртұтас аумақтық кешендерінің сақталуын, қалпына келтірілуін, зерттелуін және көпшілікке ұсынылуын қамтамасыз етуде.

Музей - қорықтың қызметі көп қырлы. Бүгінгі таңда кез-келген музей -қорықтың, Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген нысанды басқару алдында тұрған басты мәселелерінің бірі – қазіргі қоғамға қатысты керек міндеттердің кешенділігін орындай білу. Ең бастысы - ескерткіштердің тұтастығы мен тазалығын сақтау, сондай-ақ көпшілікке қол жетімді болуын, жұртшылыққа осы нысандардың шынайы құндылығын түсіндіру.

Музей - қорық өз қызметін халықаралық ұйымдардың, ең алдымен ЮНЕСКО, ИКОМОС және басқалардың ұсыныстарына сәйкес жүргізеді. Осыған байланысты мұндай ұйымдармен ынтымақтастық тек осы функциялармен ғана шектелмейді. «Таңбалы» музей - қорығы ескерткіштерді сақтау бойынша республикалық және халықаралық семинарларға қатысып қана қоймай, сонымен қатар ұйымдастырушы бола алады. Бұл саланы дамыту ЮНЕСКО, сондай-

ақ МФГС (ТМД елдерінің гуманитарлық ынтымақтастығының мемлекетаралық қоры) сияқты ұйымдардың тұрақты қызметіне кіреді. Қорық - мұражай екі аймақтық семинардың ұйымдастырушысы болды.

1. 2003 жылдың қыркүйегінде «Таңбалыда» өткізілген «Орталық Азияның жартас өнерінің ескерткіштері: қоғамдық қатысу, менеджмент, құжаттама және консервация» атты аймақтық оқу семинары осындай тәжірибе жинақтауға көмектесті. Оның материалдары ғылыми кеңістікте кеңінен қолданылып, жарияланды [Памятники наскального искусства Центральной Азии, 2004: 8].

2. 2010 жылы ЮНЕСКО қамқорлығымен CARAD (Central Asian Rock Art documentation) жартас өнері ескерткіштерін құжаттандыру бойынша халықаралық семинар өткізілді, онда Орталық Азия елдерінен, сондай-ақ Сібірден (РФ) жартас өнерінің зерттеушілері қатысты [Отчет «Танбалы», 2010: 28].

3. 2011 жылы ТМД елдерінің тарихи - мәдени мұрасы бойынша халықаралық семинар - тренинг табысты өткізілді. МФГС қолдауымен өткен семинар материалдары жарияланып қана қоймай, «Таңбалы» кешенінің ортаңғы аумағындағы «Сұңқарсай петроглифтері» атты жаңа туристтік бағытының ашылуы болды. Ортаңғы аумақтағы бұл шатқалдың әртүрлі уақыттағы петроглифтері таныстырылып, семинарға жиналған осы саладағы халықаралық сарапшылардың көмегімен петроглифтердің құжаттамасы дайындалды [Сборник материалов Международного семинара-тренинга по историко-культурному наследию стран СНГ, 2011: 56, 72]

4. Соңғы жылдары ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, «Қазқайтажаңғырту» мекемесі арқылы «Таңбалыдағы» туристік маршруттарының инфрақұрылымын жетілдіруге айтарлықтай күш салуда. Музей - қорықтың менеджмент жоспарына сәйкес орталық шатқалдың негізгі бағытындағы инфрақұрылымды жақсартудың бірқатар мәселелерін шешті, сондай-ақ VI топтың петроглифтері бойынша жаңа маршруттың: демалыс орындары, мәтіндік және графикалық ақпараты бар тақталар, абаттандырылған соқпақтар мен шолу алаңдары, көрсеткіштер және т. б. инфрақұрылымы жабдықталды. «Таңбалыдағы» жартас суреттері бар көптеген маңызды жартас беттері «Остров Крым» ғылыми – зерттеу зертханасы арқылы уақыт







өте келе табиғи және адам қолынан жойылуға ұшыраған петроглифтерді сақтау бойынша жыл сайын іс-шараларды өткізіп келеді [Отчет о научно-реставрационных работах, 2023].

5. 2023 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы негізінде ұтып алынған «Ұлы даланың мұрасы және қазақтардың мәдени коды: өркениеттік мән-мәтін» атты ғылыми жоба іске асырылды. Жобаның негізгі бағыты петроглифтердің қорғалуына бағытталды. Аталған жоба бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды. Ғылыми жоба аясында Ұлы Дала аумағындағы петроглифтік орталықтардың тізімі анықталды [Отчёт о научно-исследовательской работе № BR 10164111культурное наследие великой степи и культурный код казахов: цивилизационный контекст]

- Петроглифтерді сканерлеу бойынша Алматы облысындағы Басбатыр, Аққайнар, Ақтерек, Қарақыр, Дегерес (Абшар) осы 5 нысанға экспедиция ұйымдастырылды. Нәтижесінде жартас суреттерінің 3D көшірмесі алынып фотосуреттер жинақталды.
- «Ұлы даланың бейнелеу және музыкалық өнері: Ежелгі заманнан қазіргі заманға дейін» ғылыми мақалалар жарияланды;
- «Uly Dala orkeniety» атты веб - сайт құрылды;

Петроглифтерді зерттеу, сақтау мақсатында «Таңбалы» музей - қорығы республикалық маңызды іс – шараларға да қатысып келеді. 2023 жылы қараша айының 2 мен 5 аралығында Жетісу облысындағы мәдени мұра құндылықтарын сақтау, тарихи экскурсия мен мәдени - білім беру іс-шараларын біріктіру мақсатымен ежелгі Ешкіөлмес петроглифтеріне жоспарланған экспедициясына «Таңбалы» тарихи - мәдени және табиғи музей - қорығы директорының ғылым жөніндегі орынбасары Р. Шарипов және ғылыми - зерттеу бөлімінің басшысы К. Нурмақсутов қатысты.

Іс - шараның мақсаты – «Ешкіөлмес» археологиялық кешенін облыс және республика деңгейіне көтеру, сондай-ақ ежелгі петроглифтердің тарихын, құпиясын, мәдени құндылығын «Көксу» мемлекеттік тарихи -мәдени табиғи музей - қорығы құрылуы арқылы жүзеге асыру.

«Жас өлкетанушы» ғылыми жобаларының бірнеше бағыттары, солардың ішінде тарихи зерттеулер – аймақтың тарихы, мәдени мұрасы, тарихи орындары туралы мәліметтер жинау және талдау. Табиғи байлықтары - аймақтың флорасы мен фаунасын, табиғат қорғау шараларын зерттеу. Аймақтың қоғамдық өмірі – жергілікті тұрғындардың мәдениеті, салт-дәстүрлері, тіл мен өнері туралы тереңірек білім алу. Аймақтың экономика мен өндірісі - аймақ экономикасын зерттеу, оның негізгі салаларын (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, сауда) талдау.

«Жас өлкетанушы» ғылыми жобасы оқушылар мен жастарға туған өлкесінің тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттырып, ғылыми зерттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мұндай жобалар жергілікті тұрғындардың өз елінің өткені мен болашағын түсінуіне, табиғи және мәдени мұраны сақтау қажеттілігін сезінуіне септігін тигізеді [Егізбаева, Жұматаев, 2020; Қартаева, Бексеитов, 2018].

Сонымен қатар, бұл жоба барысында балалар әртүрлі жергілікті мұраларды зерттеп, археологиялық, этнографиялық, табиғат және мәдениет саласындағы білімдерін кеңейтеді. Жас өлкетанушылар жергілікті халықтың дәстүрлері мен өнері туралы үйреніп, өлкенің тарихына тереңірек үңілуге мүмкіндік алады.

Жас өлкетанушылар үйірмесі өзінің бастауын 1978 жылы Қызылорда облыстық жас туристер жанынан ашылған «Жас археологтар» үйірмесінен алады. Жетекшісі көрнекті ғалым тарих ғылымдарының кандидаты Мәмиев Т. Ол өңір тарихына қатысты құнды деректер жинастырып, 1989 жылы «Мектеп» баспасынан «Туған өлке - тұнған шежіре» атты мектеп оқушыларына арналған қызықты баяндамалар жинағы жарық көрген. Аймақ тарихының тас ғасырынан бастап, кейінгі ортағасырларға дейінгі ескерткіштері және сәулет өнері, аңыз әңгімелерге тоқталып кешенді сипаттама береді [Мәмиев, 1989: 15-20; Қартаева, Баудиярова, Әбілдаева, 2023].

«Жас өлкетанушы» ғылыми жобасы осы істің жалғасы, музейдің Өлке тарихы ғылыми зерттеу бөлімі қызметкерлері тарапынан жыл сайын тұрақты түрде ұйымдастырылып, музей басшысының арнайы дипломдарымен марапатталып келеді. Соңғы деректер бойынша ғылыми жобаға 60-қа жуық оқушы қатысып, нәтижесінде музей қоры 1000 нан аса экспонатпен толықты (Сурет 1-5).

«Жас өлкетанушы» ғылыми жобасының негізгі аспектілері:

1. Ғылыми жобаға қатысатын оқушылардың белгілі бір салаға деген қызығушылықтарын ояту, оны тереңірек зерттеу және жаңа білім алу.

2. Оқушылардың қабілеттерін дамыту: Оқушылар мен қатысушылардың шығармашылық немесе кәсіби дағдыларын дамыту, олардың қызыққан саласына сәйкес білім мен тәжірибе жинақтау.

3. Оқушыларды топтық жұмысқа үйрету: Ғылыми жоба көбіне топтық жұмысқа негізделеді. Мұндай ортада адамдар бір-бірімен пікір алмасып, ынтымақтастықта жұмыс істейді. Ғылыми жобаға қатысу барысында қатысушылар бір-біріне көмектесіп, ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін ынтымақтасады.

4. Оқушының шығармашылық әлеуетін ашу: Қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, оларды өз идеяларын еркін білдіруге ынталандыру. Мысалы, өнер үйірмелерінде немесе музыкалық үйірмелерде өнер туындыларын жасауға мүмкіндік беріледі.

5. Оқушылардың психологиялық және

әлеуметтік дамуы: Ғылыми жобаға қатысушылардың өзін-өзі тануына, өз сенімділіктерін арттыруға, жаңа дағдыларды игеруге көмектеседі. Сондай-ақ, әлеуметтік қарым-қатынастарды дамытуға ықпал етеді.

6. Оқушылардың мақсатқа жетуі: Ғылыми жоба жұмысы қатысушылардың нақты бір нәтижеге қол жеткізуіне бағытталады. Мысалы, өнер үйірмесінде көрмеге дайындалу, ғылыми жобада ғылыми жоба әзірлеу, спорттық үйірмеде жарыстарға дайындалу сияқты мақсаттар қойылуы мүмкін.

«Жас өлкетанушы» ғылыми жобасының мақсаты - сол аймақтың табиғи және мәдени байлықтарын, тарихын, адамдарын және тұрмысын зерттеу, қоршаған ортаны қорғау, тарихи ескерткіштерді сақтау мәселелерін көтеру. Сонымен қатар, аймақтың қазіргі даму деңгейі мен оның болашағын зерттеу де маңызды.

Ғылыми жобаның негізгі шарттары: Жобаға 6-8 сынып оқушылары қатыса алады; Музейлік маңызы бар құнды экспонат жинақтайды; Жинақтаған экспонатын зерттейді; Экспонат музей қорына сыйға тапсырылады;

«Жас өлкетанушы» ғылыми жобасының 2024 жылғы байқауының жүлдегелері: «Құнды жәдігер» номинациясы бойынша I орынды:

Шиелі ауданы №46 А.С. Пушкин атындағы мектеп - лицейінің 6 «Е» сынып оқушысы Ағманова Сымбат алды, жетекшісі – Жанна Бакирова,

Шиелі ауданы Еңбекші ауылы №159 «Еңбекші» орта мектебінің 7 - сынып оқушысы Амангелді Айшабибі иеленді, жетекшісі – Айгүл Қойшыбаева.

II орын иегерлері: Қызылорда қаласы, С. Лапин атындағы №261 орта мектебінің 8 - сынып оқушысы Ақниязқызы Аяна, жетекшісі – Жадыра Тлеубаева. Шиелі ауданы, №243 орта мектебінің 8 - сынып оқушысы Мұқанова Диара, жетекшісі – Гүлбахрам Даниярова, Қызылорда қаласы, С. Лапин атындағы №261 орта мектебінің 8 «Б» сынып оқушысы Жаппасбек Салтанат, жетекшісі – Жадыра Саменова.

III орын алғандар: Шиелі ауданы, №149 Ә. Монтаев атындағы орта мектебінің 8 - сынып оқушысы Алпысбай Жұлдызай Тұтқабайқызы, жетекшісі – Бекназар Гүлфайруз Тұрсынбайқызы, Жаңақорған ауданы, №240 орта мектебінің 6 - сынып оқушысы Қалдыбек Алтынбек, жетекшісі – Найманбаева Эльмира, Жаңақорған ауданы, №194 орта мектебінің 6 - сынып оқушысы Ташмахан Аружан, жетекшісі – Бахрамова Айгүл алды.

«Асыл мұра» номинациясы бойынша: Жаңақорған ауданы, №125 орта мектебінің 8 - сынып оқушысы Сұлтанғали Жасмин, жетекшісі – Әбдішева Нұргүл, Қызылорда қаласы, №15 мектеп-лицейінің 7-сынып оқушысы Көшербай Адина жетекшісі – Искаков Мұхтар,

II орын иеленгендер: Шиелі ауданы, Д. Шыныбеков атындағы №155 орта мектебінің 7 сынып оқушысы Нұрбекқызы Жанел, жетекшісі – Жомартова Бекзат, Шиелі ауданы, Д. Шыныбеков атындағы №155 орта мектебінің 7 - сынып оқушысы Қайратханқызы Қарақат, жетекшісі – Жомартова Бекзат, Шиелі ауданы, №158 орта мектебінің 7 сынып оқушысы, Айтбайұлы Бақдәулет, жетекшісі – Қозыкенова Гүлжан.

III орын алғандар: Шиелі ауданы, №47 мектеп-лицейінің 8 - сынып оқушысы Қуат Айгерім Қайратқызы, жетекшісі – Шерімбетова Гүлназ, Жаңақорған ауданы, №169 орта мектебінің 8 - сынып оқушысы Сұлтанбек Дархан, жетекшісі – Дүйсебай Жарқынай, Шиелі ауданы, «№ 219 Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің 5 - сынып оқушысы Абдрахман Аружан Ғалымқызы, жетекшісі – Жаңагүл Алиева.

«Коллекция жиынтығы» номинациясы бойынша I орынды: Қызылорда қаласы, Т. Есетов атындағы №264 мектеп - лицейінің 8 «Е» сынып оқушысы Маратұлы Әділбек, жетекшісі – Кішкене Салтанат, Қызылорда қаласы, №171 орта мектебінің 8 «Б» сыныбының оқушысы Серікбай Нұрымжан, жетекшісі Ақбалаева Ақмарал алды.

II орынды: Қызылорда қаласы, №175 орта мектебінің 8 - сынып оқушысы Балтабай Бейбарыс, жетекшісі Кумекбаева Айгуль, Қызылорда қаласы, Т. Есетов атындағы №264 мектеп лицейінің 8 «Г» сыныбының оқушысы Аманбаева Мариям, жетекшісі – Кішкене Салтанат алды.

III орын иеленгендер: Қызылорда қаласы, №211 мектеп-лицейінің 5 - сынып оқушысы Оразалы Аслан, жетекшісі – Байғараева Жаңагүл, Қызылорда қаласы №212 мектеп гимназиясының 6 «А» сынып оқушысы Жанкелдіқызы Арайлым, жетекшісі – Даненова Маржан.

«Тарихи тұлғалар» номинациясы бойынша I орынды алғандар: Қызылорда қаласы, №212 мектеп - гимназиясының 6 «А» сынып оқушысы Алтынбай Әдемай, жетекшісі – Даненова Маржан, Қызылорда қаласы №6 орта мектептің 7 «А» сынып оқушысы Аралбаева Ақсәуле жетекшісі –Мәмбетова Асылай.

II орын иеленгендер: Қызылорда қаласы, Т. Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейінің 5 - сынып оқушысы

Сурет 2-3. Жас өлкетанушылар ғылыми жобасы байқауы, 2024 жыл






Сурет 4-5. Жас өлкетанушылар ғылыми жобасы байқауы комиссия мүшелері 2024 жыл.

Болатбек Рахман, жетекшісі – Қазтай Әбілғазиева, Шиелі ауданы Еңбекші ауылы №159 «Еңбекші» орта мектебінің 8 сынып оқушысы Абзалқызы Асель, жетекшісі – Файзуллаева Гулназ Нышанбековна.

III орын иегерлері: Қызылорда қаласы, №257 орта мектебінің 6 - сынып оқушысы Сәбитова Ақманат, жетекшісі – Тажетинова Салтанат .

Қорыта айтқанда, тарихи және мәдени ескерткіштерге бай Сыр өңірінің құпиясы қазір тарихшылар мен археологтардың назарын ерекше аударып отыр.

«Жас өлкетанушы» ғылыми жобасы аймақтың тарихын, мәдениетін, табиғатын, экономикасын зерттеу арқылы оның дамуына оң әсерін тигізеді. Мұндай жобалар жастарды туған жерін сүюге, өз мәдениетін терең түсінуге, экологиялық мәселелерге бейімдеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік және экономикалық дамуына үлес қосады.

Музей қорын «Жас өлкетанушы» ғылыми жобасы байқауының нәтижесінде экспонаттармен толықтыру өте маңызды жұмыс, себебі музейдің негізгі міндеті – тарихи, мәдени және ғылыми маңызы бар заттарды сақтау, зерттеу және келешек ұрпаққа жеткізу.

Экспонаттарды музей қорына қосу үшін бірнеше әдіс бар:

Ғылыми конкурстың нәтижесінде «Жас өлкетанушы оқушы» келесі дағдылар мен қасиеттерге ие болады:

Ақпаратты іздеу және өңдеу дағдылары. Сіз маңызды нәрседен қапы қалмай, үлкен көлемдегі деректерді талдай және сыни тұрғыдан ойлай білуіңіз керек.

Егжей - тегжейге назар аудару. Өлкетануды зерттеу көптеген құжаттар мен дереккөздермен жұмыс жасауды қамтиды.

Ұйымдастыру. Ақпаратты құрылымдау және зерттеулерде тәртіп сақтау қабілеті үлкен көлемдегі деректермен тиімді жұмыс істеуге көмектеседі.

Қарым-қатынас дағдылары. Өлкетанушының жұмысы көбінесе жергілікті тұрғындармен, әріптестерімен және әртүрлі ұйымдармен қарым-қатынас жасау қажеттілігімен, сондай-ақ өз олжаларын аудиторияға ұсынумен байланысты.

Патриотизм және туған жерге деген сүйіспеншілік. Бұл тарихи және мәдени нысандардың маңыздылығын тереңірек түсінуге және түсіндіруге мүмкіндік береді.

Шыдамдылық. Зерттеу қызметі уақыт пен шыдамдылықты қажет етеді, әсіресе деректердің үлкен массивін зерттеу қажет болған жағдайда.

Шығармашылық. Материалдарды зерттеу мен түсіндіруде стандартты емес тәсілдерді іздей білу өте пайдалы болуы мүмкін.

Сондай-ақ, жас өлкетанушы табиғи, мәдени, тарихи нысандарды бақылап, зерттей білуі, туған жеріне экскурсиялар мен жорықтар жасай білуі, кітапханаларда көп уақыт өткізуі, отбасылық мұрағаттармен және мүмкін мемлекеттік мұрағат құжаттарымен жұмыс істей білуі керек.

Музейдің қорына келген экспонаттарды келесі жұмыстар жүргізіледі:

Зерттеу жүргізу: Қорды толықтыру үшін, алдымен белгілі бір тақырыпқа немесе кезеңге қатысты зерттеу жүргізу керек. Бұл тақырыптар музейдің миссиясына, экспозицияның бағытына сәйкес болуы маңызды.

Ғылыми жобаның аясында түскен коллекционерлерден, зерттеушілерден немесе мұрагерлерден экспонаттар қабылдау – музей қорын толықтырудың бір жолы. Бұл іс-шаралар арқылы құнды тарихи немесе мәдени нысандарды музей қорына қосуға болады.

Музей қорын толықтыруда басты назарда болатын нәрсе – әр экспонаттың тарихи, ғылыми немесе мәдени құндылығы және оларды сақтау, зерттеу шарттарының дұрыстығы.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мәмиев Т., 1989. Туған өлке - тұнған шежіре. Алматы: Мектеп. 66 б.

2. Қартаева Т., Баудиярова Қ., Әбілдаева Л., 2023. Музей ісіндегі инновациялар (Оқу құралы). Алматы : Қазақ университеті. 137 б.

3. Егізбаева М.Қ., Р.С. Жұматаев.Р.С., 2020. Музей педагогикасы оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 122 б.

4. Қартаева Т., Бексеитов Ғ.Т., 2018. Музей ісі және ескерткіштану терминдер сөздігі. Алматы:Қазақ университеті. 351 б.

5. Байгунаков Д. С., 2018. Қазақстандағы музей ісі: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 192 б.

РЕЗЮМЕ:
В статье рассказывается о значимости научного проекта школьников «Юный краевед», прошедшего в Кызылординском областном историко-краеведческом музее.

МУЗЕЙ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Жапонияда «Құпия музей» ашылды

Жапонияда тұңғыш рет экспозицияларының нақты орналасқан жері құпия сақталатын ерекше музейдің тұсауы кесіледі. «Янаи құпия музейі» деп аталатын бұл бірегей жоба жуырда Ямагучи префектурасының Янаи қаласында ашылады.

Музей тарихи «Ақ қабырғалар қалашығында» орналасқан. Ерекшелігі – көрмелердің басым бөлігі құпия орындарға жасырылған. Келушілер оларды арнайы тапсырмаларды орындау арқылы ғана таба алады. Мұндай тәсіл Жапония тарихында алғаш рет қолданылып отыр.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, музей идеясы қала тарихымен тығыз байланысты. Янаи бұрындары маңызды сауда порты болған. Осы тарихи маңыздылықты жаңғырту мақсатында музейде елдің түкпір-түкпірінен жиналған көне жәдігерлер көрсетіледі.

Музейдің басты мақсаты – қонақтарға тек тарихи жәдігерлерді тамашалатумен шектелмей, оларды ерекше интеллектуалды саяхатқа тарту. Қарапайым турдан гөрі шытырман оқиға мен жұмбақ шешуге қызығатын жандар үшін бұл – таптырмас бағыт болмақ.

soranews24.com

Лаура Мырзахмет
Қазақстан Республикасының Ұлтық музейі
Астана қ.

ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙДЕ ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА 30-ҒА ЖУЫҚ ІС-ШАРА ҰСЫНЫЛДЫ

Жаратылыста ғалам шексіз, адамзатта мүмкіндік шексіз, жүректерде мейірім шексіз! Ендеше, шексіз, шетсіз осынау «Мейірім» атты ғаламда, ей, Адамзат, сіз бен біздің ерік-жігерімізді шыңдай алсақ мүмкіндігіміз де, алар асуымыз да шетсіз һәм шексіз!

Адам несімен адам?... Он сегіз мың ғаламдағы ерекше жаратылысымен, ақылымен, ұшқыр ой - қиялымен адам. Ол несімен ерекшеленеді? Санасымен, тілімен. Дүниеге келген пенденің бәрін он екі мүшесі түгел, ақыл-ойы толыққанды тұлға ретінде қабылдайтынымыз хақ. Алайда, сенімен мен өмір сүретін қоғамда мүмкіндігі шектеулі жандар бар. Туа біткен шектеулі немесе белгілі бір себептермен шектеулі. Олардың жаратылысы да өзгеше. Ондай жандардың ішкі ойы, қиялы тоқырап, қолынан еш нәрсе келмей қамығып, ал кейде ыза буса, бірде көңілі түсіп, көзіне жас келеді. Солайша мойынсұнатын сәттері де жоқ емес. Себебі, шарасыздық деген бір дүние бар... Үміт пен күдік тайталасып сол дүниеден шыққысы келеді... Бірақ, әр пендеге жазылған маңдайдағы жазудан ешкім қашып құтыла алмайды екен.

Солардың қатарында мүмкіндігі шектеулі балалардың жаратылысы да, жаны да өзгеше әлем. Онда мейірім көп, қуаныш көп, шаттық көп, өмірге деген құлшыныс көп. Сол құлшынысқа талпыныс көп. Әлемді көрсем, білсем, танысам дейді. Айналадағы, қатардағы адамзат атаулыдан қалмасам дейді. Алдына келген адамдарды дос көреді. Ойында еш арамдық жоқ таза сәбидей. Тіпті бар ғой, олармен жұмыс істесең, олардың өмірге, тіршілікке деген талпынысын көрсең өзіңнің де өмірге деген құштарлығың артады. Ол деген біздің күнделікті ас ішіп, ауамен тыныстап, дос-жаранмен араласып, өз қолымызбен жасап жүрген өмірді сүріп қана қою емес. Олардың әлемі – бай, боямасыз әлем, шығармашылық пен төзімділікке толы әлем. Достығы мол әлем, мейірімді һәм шектеуі жоқ әлем.



Ерекше балалармен жұмыс барысы


FOOTBALL
BEST
OF THE
BEST


TASSAY
TASSAY

Сондай ерекше жандармен қарым-қатынас барысында адамның мүмкіндігін ешқашан шектеуге келмейтінін аңғардым. Ешбір шеңберге салып, қалыптап тастауға болмайтынына тағы да көзім жетті. Мұның мысалын мынадай құбылыстардан байқауға болады. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс – асқан ыждаһаттылықты, жауапкершілік, шыдамдылық пен төзімділікті және білімді қажет етеді. Мүгедектермен жұмыс істеудің негізгі қағидаларының бірі – жеке адамды құрметтеу. Демек, оның жеке қызығушылығы, дүниетанымы, қабілеті, жасаған ісінен нәтиже көрсете алуы басты назарымда. Өйткені олар сау адамдармен көбірек араласып, әлеуметтік қорғауға, көмекке және қолдауға көбірек мұқтаж. Бұл топтағы балалардың алдында кездесетін кедергілер – жалғыздық, өзін-өзі бағалаудың төмендігі және өзіне деген сенімділіктің болмауы, кемшіліктеріне байланысты бас тарту сезімі, психикалық және физикалық тәуелділік. Олармен бірге жұмыс істеуде эмоционалдық тепе-теңдік, тұлғааралық қарым-қатынас және еңбек барысын дұрыс ұйымдастыру үнемі ізденісті қажет етеді. Себебі мүгедектігі бар балалар үшін қолайлы орта ең әуелі – отбасы. Егер ата-ана мүмкіндігі мен шамасына қарай көп жағдайда маңызды және қиын тосқауыл болатын кеңістік – қоршаған ортамен қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыра алса және соған орай қоғам адамды өз қамқорлығына алса, онда мүгедектіктің әсері артта қалады. Яғни, олардың ауруларымен күресуге ғана емес, сонымен бірге қоғамдық өзгерістерге де ілесе алуына септігін тигізеді. Өз кезегінде музей инклюзивті топтағы балалардың қабілеттері мен бейімділіктерін дамыту арқылы тұлғаның зияткерлік және мәдени білім негіздерін қалыптастыруға әрдайым дайын.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде 2017 жылдан бастап «Мейірім» әлеуметтік жобасы жүзеге асырылуда. Жобаның мақсаты – музей кеңістігі арқылы арнайы білім беруді қажет ететін балаларды еліміздің мәдениеті мен өнерімен таныстыру. 2017 жылдан бері 6 инклюзивті фестиваль, шеберлік сағаттар, музейлік сабақтар, байқаулар, көрмелер өткізілді.

2024 жылы «Мейірім» әлеуметтік жобасы аясында «Музей – мәдени білім және инклюзия әлемі» VI инклюзивті музейлік фестиваль ұйымдастырылды. Мақсаты – арнайы білім беруді қажет ететін балаларды инклюзивті қоғамда тәуелсіз өмірге, шыдамдылық пен түсіністікте тәрбиелеп, оларға шығармашылық мүмкіндіктерін ашатын, таланттарын, мәдени ерекшеліктерін дамытуға әсер ететін инклюзивті шығармашылық алаң қалыптастыру. Фестивальге «Солнечный мир», «Ерекше мейрамдар», «Spinabifida» қоғамдық қорларынан, «Ақниет», «Путь Милосердия», «BF MEREKE» қайырымдылық қорларынан, «ЖасНұр», «Наследие», «Орда аутизм», «Мүгедек балалар қоғамы» қоғамдық бірлестіктерінен, «Жансая», «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығынан, №2 арнайы мектебі, №83 мектеп гимназиясы және №2 Шортанды мектебінен балалар қатысты.

Фестивальдің демеушілері – «Путь Милосердия» Жекеменшік қайырымдылық қоры; «Ақниет» Қоғамдық қоры; «BF MEREKE» қайырымдылық қоры. Қосалқы ұйымдастырушылары – «Солнечный мир» және «Ерекше мейрамдар» Қоғамдық қорлары, «Тәп-тәтті» ЖШС, «Qanattylar» Инклюзивті театры, Астана қаласы әкімдігінің «Астана Жастары» Жастар ресурстық орталығы», Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры болды.

Фестивальде балалар – Киіз басу: «Гүлдер әлемі»; Фетрмен жұмыс: «Сиқырлы оюлар»; Сазбен жұмыс: «Саусақ ұшындағы бақыт»; Аралас әдіспен сурет салу: «Арт стиліндегі петроглиф»; Ермексазбен сурет: «Табиғат әлемінде»; Композиция құрастыру: «Шебер қолдар» шеберлік сабақтарына қатысып, мамандармен және Астана қаласы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығының «Астана жастары» еріктілер тобымен бірге жұмыс істеді. Мұндай үлкен іс-шара балаларға қатарластарымен өзара еркін қарым-қатынас жасауға ықпал етіп, өзіндік шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізеді. Өз бетінше талдау және таңдау жасап, шешім шығаруға да тәрбиелейді. Бұл фестивальдің дамытушылық және тәрбиелік мәні балалардың мүмкіндігін ашып, айналадағы қоршаған ортаға оңай бейімделуге үйретеді.

2024 жылы ҚР Ұлттық музейінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жалпы 72 іс-шара ұйымдастырылып, оған 2382 бала қатысты. ҚР Ұлттық музейінің 2025 жылға арналған жылдық жоспарына «Мейірім» әлеуметтік жобасы, «Қолөнер ғаламшары» үйірмесі және «Қолжетімді музей: баршаға арналған мәдени мұра» жобасы аясында фестиваль, музейлік сабақ, шеберлік сабақ, көрме, концерттік бағдарлама сияқты әр түрлі форматтағы 30-ға жуық іс-шара ұсынылды.

Осы арада түйгенім, мүмкіндігі шектеулі ересек адамдар мен мүмкіндігі шектеулі жас балалардың арасында айтарлықтай өзгешеліктерді аңғаруға

болады. Үлкен адамдар тағдырдың талайына кейде шыдап, кейде шыдамайды. Маңдайы тасқа тірелгендей, мына жарық дүниеде бәрі де бітті деп, бұдан әрі барар жер, басар тауы жоқтай тоқырап немесе бар дүние қараң қалғандай, дүние әлемге қолын бір-ақ сілтеп шарасыз күйде шектеліп қалады. Әрі қарай не ойлауға, қандай да бір қарекет жасауға да қауқары мен жігері жетпей жатады. Ал, кішкентай балалар қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда, қиялдауда құлшыныс танытады. Ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды дұрыс бағытта қалыптастыруда үнемі ізденісте жүретіні байқалады. Осы орайда, мүмкіндігі шектеулі балалардың санына, олардың дамуындағы ауытқушылық түрлеріне қарай әртүрлі санаттағы топтарымен жұмыс жасау – бұған дейін де педагогогика саласында қызмет істеген мен үшін үлкен сабақ, берері көп тәжірибе. Жоғарыда атап өткенімдей, әлемі ерекше балалардың өз өлшемдері, өз бағалары, өз таңдауы, талабы мен талғамдары бар. Міне, соны толық қабылдап, көмектесу – бұл, ең алдымен, оның әлемін мұқият, әрі шын жүректен қабылдау және түсіну.

Адамгершілік қасиетті жоғары ұстап, жүректерде мейірім отын сөндірмей, қамқорлық пен қолдауға мұқтаж жандардың үнемі қасынан табылайықшы!

РЕЗЮМЕ:
Статья посвящена социальному проекту «Мейірім» Национального музея, в рамках которого проводятся мероприятия для детей с особыми образовательными потребностями.

Ләззат Диханбаева
Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы
Теміртау қ.

БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Халқымыз «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет жасайтын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие жасауға міндетті» деген сөзі соның дәлелі. Сондықтан да сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды болашақ ұрпақтардың бойына білім мен мәдениет арқылы дарыту керек. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тіліміздің, дінімізге деген құрмет жатыр. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Осы тұста музей ісінің атқарып жатқан ерен еңбектерін атап өткен жөн.

«Музей – рухани тәрбие ошағы» дейді халқымызда. Шын мәнінде музей — адамзаттың рухани, материалдық құндылықтарының, ғылыми жетістіктерінің дамуы мен жай-күйін баяндайтын мәдениет ордасы ғана емес, ұрпақ жалғастығының негізгі алтын көпірінің бірі. Жыл сайын қарыштап қадам басып келе жатқан Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа заманда жаңаруға деген ішкі ұмтылыс – біздің барлық саладағы дамуымыздың ең басты қағидасы. Сондықтан да музейлердің де өмір сүру үшін заман ағымына қарай жыл санап өз жұмыстарын жандандырып отыруы маңызды. Әйтпесе музей де тарихтың шаңына көміліп қала бермек.

Бүгінгі таңда Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы да осы заманауи үдерістен тыс қалмақ емес. Соның нәтижесінде Орталығымызды ғылым, білім, мәдени ақпарат пен шығармашылық жаңартулар орталығы деп толық сеніммен айта аламын.

Теміртау қаласындағы біздің Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы 2011 жылы 22 қарашада ашылды. Орталықта 8 экспозициялық зал, көркем галерея, кинолекциялық және конференц залдар жұмыс істейді. Осы 13 жылдың ішінде Орталығымыз Қазақстан Тәуелсіздігінің тарихын насихаттайтын мәдени, ғылыми-зерттеу

мекемелерінің қатарынан лайықты орын алып үлгерді.

Орталықтың мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тақырыбын, ауыр индустрия алыбы – Қазақстан Магниткасы мен Теміртау қаласының құрылыс тарихын, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды ашып көрсету мүмкіндіктерін кеңейту, азаматтық ұстанымды, адамгершілік сенімді, моральдық қағидалар мен рухани құндылықтарды қалыптастыруға қабілетті мәдени-ағарту қызметіне жастарды көбірек тарту. Бұл міндеттерді орындау үшін біздің ұжымымызда жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға айтарлықтай орын берілуде. Орталық қорындағы экспонаттар жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, елжандылық сезімін оятып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиетін арттырады.

Орталық өңірдегі мәдени, ғылыми-зерттеу жұмыстары, ағарту және заманауи шығармашылық инновациялар орталықтарының бірі ретінде қалыптасты. Ұжым қызметкерлері тек экспонатты сақтап, насихаттап қоймай, өзге де көпшілікке арналған мәдени іс-шараларды ұйымдастырудың басы-қасынан табылып жүр. Өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, өз халқының тарихына, мәдениетіне және дәстүрлеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу мақсатында әртүрлі әдістемелік білім беретін бағдарламалар және музей сабақтарын өткіземіз. Бағдарлама жастардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, көрнекілік құралдарды, электронды презентациялар мен бейнефильмдерді пайдалана отырып әзірленеді. Мәселен, жыл сайын Теміртау қалалық білім беру бөлімімен меморандум бойынша қаладағы мектеп оқушылары арасында түрлі тақырыптарға музей сабақтары мен шеберлік дәрістері өткізіліп тұрады. Әр жылы жаңа жобалар таңдалып, бірнеше жыл көлемінде сол тақырыпта зерттеулер жүргізіліп, жинақтар құрастырылады.

Мәселен, 2024 жылғы таңдалған жаңа жоба – «Магниткадан Карметке дейін: тарих және адамдар» деп аталды. Бұл жоба аясында металлургтермен және олардың отбасы мүшелерімен, металлургиялық алпауыттың қалыптасу кезеңінің бастауында тұрған ардагерлер және болашағы зор жас металлургтермен жұмыс жасау көзделген. Нәтижесінде кейіпкерлердің немесе олардың отбасы мүшелерінің фотосуреттері, тарих және естеліктер жазылған тиісті атаумен жинақ шығару жоспарланған. Жинақты шығарудың басты мақсаты - өлкеміздің тарихи мұрасын сақтауға үлес қосу.

Келесі жоба – «Мен өз елімнің патриотымын!» деп аталады. Жоба аясында бірнеше бағытта жұмыс істеу көзделген, бұл – қазіргі жастардың бойында жоғары патриоттық сананы қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар, көрмелер, музей сабақтарын өткізу. Сондай-ақ, Теміртау қаласындағы ҚР Ұлттық ұланының 5516 әскери бөліміне көшпелі экскурсиялар жүргізіліп, онда балалар әскери қызметтің күн тәртібімен таныстырылады, казармалар, асхана, әскери техника көрсетіледі, кинологиялық қызметтің жұмысымен таныстырылады. Мұндай іс-шаралар жасөспірімдерге әскери қызмет атқарудың маңыздылығын түсінуге ықпал етеді деп сеніммен айтуға болады. «Орталықтағы сұхбат», «Біз тарихты зерттейміз» жобасы - бұл 7 жастан 13 жасқа дейінгі балалар үшін танымдық сабақтар жинағы. Сабақтар шығармашылық тапсырмаларды орындай отырып, түрлі ойындар, квесттер түрінде, орталықта және одан тыс жерлерде өтеді. Бұл жобалар арқылы өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, өз халқының тарихына, мәдениетіне және дәстүрлеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу мақсатында әртүрлі әдістемелік білім беретін бағдарламалар және музей сабақтары өткізіледі. Музей сабақтары жастардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, көрнекілік құралдарды, электронды презентациялар мен бейнефильмдер арқылы әзірленеді. Орталық сонымен қатар, салт-дәстүрімізді де ұмыт қалдырмайды.

Сондай-ақ, орталығымыздағы «Дәстүр мен ғұрып» атты көрме залымыз халқымыздың тарихын, салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын насихаттауға және өскелең ұрпақты ұлттық мұрамен таныстырып, оны бағалай білуге тәрбиелейді. Ұлттық салт-дәстүрді насихаттау мақсатында қалалық ақсақалдар алқасы мен аналар алқасының құрметті қарттарын шақырып, студент жастар арасында халқымыздың ертеден келе жатқан тәрбиелік мәні зор дәстүрлері көрсетіледі. Сондықтан халықтық мұраны үйренудің әрі күнделікті тұрмысқа пайдаланудың ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор.

«Ұлы даланың ұлттық ойындары» атты жобасы бойынша ойын түрінде ұсынылған дәріс сабақтары, әр баланың алдынан өмірдің жарқын сәттерін ашып, жеке қасиеттерімен біте қайнасып, әрі қарай дамуымен ұштасады. Осы орайда Орталық қызметкерлері ұлттық ойын түрлерін балалардың жас ерекшеліктеріне сай өткізеді. Балабақша бүлдіршіндерінен бастап, мектеп оқушылары мен колледж, жоғарғы оқу орындарының студент-

жастары мен әскери бөлімше сарбаздары толық қамтылады. Балабақша бүлдіршіндеріне ұсынылған ойын түрлері: «Асық ату», «Қыз қуу», «Арқан тарту». Мектеп оқушылары мен колледж, жоғарғы оқу орындары студенттері мен әскери бөлім сарбаздары арасында «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Қол күресі», «Арқан тарту», «Бұқа тартыс» және «Бестас» секілді ұлттық ойындар бойынша жарыстар ұйымдастырылып, дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Осындай ойын түрлері бала бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттерді қалыптастырып, ақыл - ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, жақсы ұғысады және бала денсаулығын нығайтады. Халқымыз ойындарға тек балаларды ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай, олардың көзқарастарын, мінез - құлықтарын қалыптастыру құралы деп те ерекше бағалаған. Ойынды күнделікті өмірде қолдану, ой - өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы деп білген. Бос уақытта әртүрлі ойындар ойнаған баланың денсаулығы үшін өте пайдалы.

Ұлттық ойындар: спорттық және ақыл ойға арналған деп екі топқа бөлінеді. Спорттық ойындарға: қыз қуу, көкпар, ақсүйек, арқан тартыс т.б. жатса, ақыл ойға арналған ойындарға тоғызқұмалақ, асық жатады. Ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтып алмай, ұрпақтан - ұрпаққа жетуін насихаттау, халқымыздың, баршамыздың міндетіміз деп білейік.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау барысында орталығымызда ағаштан ою өрнек, жүннен киіз, көрпе жасайтын шеберлерді шақырып, арнайы шеберлік дәрістері өткізіліп отырады.

Қолөнер – халқымыздың қасиетімен ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тамырын тереңге жайып келе жатқан мұрасы. «Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық» - деген халық даналығы. Әр халықтың өзіне тән ұлттық өнері болады.

Халқымыз бұл туралы «Жігітке жеті өнерде аз», «Аталық айтар ісің болсын» - деп, өнерді құдіретті күш, адамның жан серігі, рухани байлығы деп бағалаған. Осы асыл қазынаны жоғалтпай, әрі қарай дамыту біздің болашақ жастарымыздың міндеті. «Бүгінгі кәсібің – ертеңгі нәсібің»,- деп бекер айтылмаған. Ел арасында сиреп бара жатқан қолөнер шеберлерінің туындыларын, көне мұраларын тауып, оны түрлендіріп жаңғырту және ұлттық қолөнер арқылы эстетикалық тәрбие берудің бірден-бір құрамына айналдыру керек.

Жалпы Орталығымыздың миссиясы - өмір талабы, қоғам қажеттілігі саналатын жас ұрпақты өз халқының тарихын, салт-дәстүрін, тілін білетін, мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу. Болашақ үшін ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың маңызы өте зор. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет - өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Ұлттық құндылықтарымызды насихаттау - біздің ұрпақтан -ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Осындай тағылымды жобалар арқылы өскелең ұрпақты ата- бабамыздан келе жатқан асыл мұраны сақтап қалуға күш саламыз.

Орталықта қызметкерлер ұйымдастырған іс-шаралар келушілер тарапынан аса қызығушылыққа ие болды. Бұл орталыққа келушілер санының артуына үлкен ықпалын тигізеді. Жыл сайын орталыққа еліміз бен шет елдерден көптеген қонақтар келеді.

Сондықтан да, бүгінгі ұрпақ ата-бабамыздың ғасырлар бойы жинаған ұлттық құндылықтарын көзінің қарашығындай сақтауы тиіс. Осы құндылықтарды сақтаумен қатар, оны келешек ұрпаққа жеткізу біздің парызымыз. Бұл дегеніміз - тіліміздің, діліміздің, өнер мен мәдениетімізді де сол қалпында сақтау деген сөз. Бабадан мирас болып қалған асыл мұраларымыз бен тарихи ескерткіштерімізді көздің қарашығындай сақтап, мәдениетіміздің жауһарларын әлемнің өзге халықтарына паш ету арқылы өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз бен рухани қазынамызды болашақ ұрпаққа сол қалпында жеткізе аламыз. Осы арқылы ұлттық құндылықтарымызды бағалай білетін ұрпақ тәрбиелейміз.

Сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмасы анық, сондықтан жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін үрдіс.

РЕЗЮМЕ:
В статье дается краткая информация о деятельности Историко-культурного центра Первого Президента Республики Казахстан, открытого в 2011 году в городе Темиртау.

Аида Смайлова
Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилева
г. Астана

РОЛЬ СУВЕНИРНЫХ ПАЗЛОВ В СОХРАНЕНИИ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

Сохранение культурного наследия является одной из приоритетных задач современных обществ, стремящихся передать будущим поколениям материальные и нематериальные ценности своей культуры. В этом контексте сувенирные пазлы представляют собой не только популярную форму развлечения, но и эффективный инструмент сохранения и распространения культурных образов, традиций и исторической памяти.

Пазлы, изображающие культурные достопримечательности, произведения искусства, этнографические сюжеты и другие элементы наследия, способствуют их популяризации, повышают осведомленность о национальных ценностях и стимулируют интерес к истории и искусству. Даже создание самих пазлов тесно связано с изучением географии: первые пазлы изобретателя Джона Спилбери представляли собой деревянную основу, на которую была наклеена карта Европы, разрезанную между собой на кусочки разных форм. С помощью такого изобретения изучение географии стало интересным и легким занятием, и карты-головоломки стали пользоваться большой популярностью.

В начале XX века пазлы стали носить не только образовательный, но и развлекательный характер – они превращаются в модное салонное увлечение. В 1909 г. американец Б. Паркер придумал, как можно соединять кусочки пазлов между собой, и создал фабрику, которая стала производить пазлы.

Сувенирные пазлы в основном фокусируются на материальном наследии, но также могут включать элементы нематериального, например, сцены традиционных праздников или изображения мифологических персонажей. Они зачастую воспроизводят картины известных художников (например, работы Ван Гога, Моне, Айвазовского), архитектурные шедевры (Тадж-Махал, Колизей, Храм Василия Блаженного) и природные достопримечательности (Гранд-Каньон, Байкал, Альпы). Таким образом, пазлы выполняют функцию визуальной фиксации и передачи культурных ценностей.

Сборка пазлов способствует развитию когнитивных способностей и пространственного мышления. В контексте сохранения культурного наследия их образовательная ценность проявляется в нескольких аспектах:

1. Углубление знаний о культуре. Работая с изображением, человек невольно запоминает детали архитектуры, живописи и декоративного искусства.

2. Развитие визуальной грамотности. Пазлы учат анализировать и понимать художественные стили, особенности композиции и колористики.

3. Формирование эмоциональной связи с культурным наследием. Процесс сборки способствует осмыслению культурной ценности изображения, укрепляя чувство национальной идентичности.

В образовательных учреждениях пазлы могут использоваться как вспомогательный инструмент на уроках истории, искусства, географии и краеведения. Кроме того, самостоятельные игры при помощи пазлов развивают пространственное и абстрактное мышления. Они способствуют тому, что ребенок учится представлять предмет, картину в пространстве, не видя ее перед глазами. Таким образом, у ребенка развивается фантазия, когда он способен придумывать что-то или представлять то, чего в данный момент отсутствует перед ним.

Туризм является одной из ключевых сфер, в которой пазлы играют значимую роль. Туристы часто приобретают пазлы с изображением достопримечательностей в качестве сувениров, что способствует популяризации туристических направлений, созданию устойчивого интереса к культуре региона, продвижению национального бренда. Например, Япония активно продвигает гравюры Хокусая, а Франция – шедевры Лувра.

Благодаря пазлам культурное наследие обретает дополнительную «жизнь» за пределами музеев и памятников, становясь частью интерьера домов по всему миру. Существуют специализированные коллекционные серии пазлов, посвященные исчезающим памятникам архитектуры. Они не только фиксируют их внешний облик, но и привлекают внимание к необходимости их охраны и реставрации.



Развитие цифровых технологий открыло новые возможности для производства и распространения пазлов. Среди ключевых инноваций:

• Цифровые пазлы. Виртуальные пазлы на мобильных устройствах и компьютерах позволяют пользователям собирать изображения культурных объектов, что особенно актуально для образовательных платформ.

• Дополненная реальность (AR). Некоторые производители интегрируют AR-технологии, добавляя интерактивные элементы (например, исторические справки или 3D-анимации).

• Индивидуальные пазлы. Возможность печати пазлов на заказ позволяет людям создавать уникальные изображения, включая семейные архивные фото, старинные карты и редкие произведения искусства.

Эти технологии делают пазлы более доступными и привлекательными для широкой аудитории. Разработка стратегий по продвижению пазлов как культурного продукта позволит не только увеличить их коммерческую привлекательность, но и усилить культурно-просветительскую миссию, способствуя сохранению исчезающих культурных образов.

Сувенирные пазлы являются эффективным инструментом не только для развлечения, но и для сохранения и популяризации культурного наследия, учитывая необходимость дальнейших практических экспериментов и междисциплинарного сотрудничества между экспертами в области культуры, дизайна, маркетинга и технологий. Полученные результаты могут стать основой для разработки комплексных программ по использованию сувенирных пазлов в системах сохранения и популяризации культурного наследия, а также для создания новых форм культурного диалога в эпоху цифровизации.

РЕЗЮМЕ:

Мақалада мәдени мұраны сақтауда сувенирлік пазлдардың рөлі көрсетіледі.

Мысыр Олжас
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
Астана қ.

Рухани төл мәдениет пен Қазақстанның ұлттық көрмесін дайындау: заманауи талаптар және халықаралық тәжірибе («Дөңгеленген дүние: Қазақ дала өркениетінің мәдени коды» жобасы бойынша атқарылған жұмыстарға шолу)

Әрбір халықтың ұлы тарихы мен терең мәдениеті – оның болмысының айнасы. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттың рухани кодын сақтау мен таныту маңызды міндетке айналды. Қазақстан осы жолда өзінің төл тарихын қайта түлетіп, әлем жұртшылығына Ұлы Даланың бай мәдени мұрасын таныстыруға бағытталған ауқымды жобаларды қолға алды. Соның бірегейі – Париждегі әйгілі Лувр музейінде ұйымдастырылатын ұлттық көрме.

Бұл бастама 2022 жылдың күзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Францияға ресми сапары кезінде Қазақстанның мәдени мұрасын әлемнің ең ірі өнер ордаларының бірі – Лувр музейінде таныстыру туралы тарихи келісім жасалды. Бұл келісім тек Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл түркі әлемі үшін маңызды оқиға болып табылады, себебі ол Ұлы Даланың бай мәдени мұрасының жаһандық деңгейде мойындалуына жол ашты. Луврдағы көрме Қазақстан үшін тек мәдени іс-шара емес, сонымен бірге еліміздің мәдениетті сақтау, жаңғырту және әлемдік деңгейде таныту бағытындағы үлкен жобаның бір бөлігі.

Көрме жұмысы басталмас бұрын Қазақстан аумағында іргелі ғылыми-зерттеу жобалары қолға алынды. Археологиялық қазбалар, музейлік қорлар мен жәдігерлерді іріктеу жұмыстары жан-жақты жүргізілді. Ұлы Даланың мыңжылдықтар қойнауынан сыр шертетін әрбір зат көрменің мазмұнын байытуға үлес қосты. Ғылыми ізденіс сапары Ақтөбе облысынан басталып, оның барысында ежелгі темір дәуірі мен көне түркі кезеңіне тән құнды жәдігерлер табылды. Бұл табылған қазыналар бабалардың шеберлігін, дүниетанымын және өмір салтын бейнелейтін тарихи дереккөздер болып табылады.

Зерттеу тобы кейін Шығыс Қазақстанға бет бұрды. Ертіс бойының көне ескерткіштері мен Алтай тауларының қойнауындағы археологиялық олжалар ерекше қызығушылық тудырды. Сақ және ғұн дәуірінен қалған алтын әшекейлер, тұрмыстық бұйымдар мен діни ғұрыптарға қатысты артефактілер болашақ көрменің негізгі қазынасына айналды. Осы сапарлар барысында айқын байқалған мәселе – Қазақ хандығы дәуіріне тән түпнұсқа жәдігерлердің санының аздығы болды. Бұл өз кезегінде тарихи мұраларды сақтау және қалпына келтіру ісіне ерекше мән беру қажеттігін көрсетті.

Түркістан мен Шымкент өңірінде жүргізілген зерттеу жұмыстары ортағасырлық кезеңнің мол қазынасын ашты. Әзірет Сұлтан қорық-музейінен алынған қыш құмыралар, зергерлік бұйымдар және қолөнер туындылары қазақ халқының рухани және тұрмыстық мәдениетінің терең тамырын паш етті. Осының бәрі қазақ халқының тарихын терең әрі толық білуге мүмкіндік береді. Мұндай жәдігерлер көрменің негізі болып, Ұлы Даланың мәдени, рухани тарихын әлемге танытуға көмектеседі.

Мамандар халықаралық тәжірибені де мұқият зерделеді. 2024 жылдың қараша айында ұйымдастырылған Санкт-Петербург сапары барысында Эрмитаж музейінің және Ресей этнографиялық музейінің тәжірибесі зерттелді. Эрмитаждағы Сібір мен Орта Азия халықтарының коллекциясы қазақ даласының материалдық мәдениетінен сыр тартатын алтын бұйымдар мен тұрмыстық заттар арқылы ұлы өркениеттер сабақтастығын көрсетті. Бұл көрген-білгендер Қазақстанның ұлттық көрмесін ұйымдастыруда әлемдік талаптарға сай жұмыс істеу жолын айқындады.

Қазақстанның Лувр музейіндегі көрмесіне дайындық үшін бірнеше маңызды іссапарлар ұйымдастырылды. 2024 жылдың қазан айында музей қызметкерлері мен мамандардан құралған арнайы топ Парижге барып, Луврдың ішкі құрылымын зерттеді, көрменің орналасу орындары мен техникалық талаптарын талқылады. Осы сапар барысында көрменің тақырыптық бөлімдері мен экспозиция дизайнына қатысты ұсыныстар әзірленді. Музейде көне жәдігерлерді орналастыруда жоғары деңгейлі қауіпсіздік талаптары мен заманауи технологияларды қолдану мәселелері қарастырылды. Лувр музейінің жетекші

мамандары мен Қазақстанның музейтанушылары арасындағы тығыз ынтымақтастық барысында ұлттық мұраны әлемдік деңгейде таныстыру үшін жаңа креативті идеялар ұсынылды. Бұл жұмыс Қазақстан мен Франция арасындағы мәдени байланыстың тереңдеуіне негіз болды.

Қазақстанның ұлттық көрмесін ұйымдастыру барысында ғылыми әдістемеге ерекше көңіл бөлінді. Көшірме жәдігерлерді қолдану, пәнаралық зерттеулерді жүргізу және көрме концепциясын дұрыс құру сияқты өзекті мәселелер талқыланған бірнеше семинарлар өткізілді. Ғалымдар, археологтар және музей мамандары бірлесе отырып, «Дала өркениетінің бастауы», «Түркі әлемінің қалыптасуы», «Қазақ хандығы мен ұлттық код» атты ірі тақырыптық бөлімдерді жасақтады. Бұл құрылым қазақ тарихының үздіксіздігін және өркениеттік дамуын көрсетуге негізделді.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 20 мамыр күні «Дөңгеленген дүние: Қазақ дала өркениетінің мәдени коды» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде «Музей көрмесін құрудағы көшірме және түпнұсқа мәселелері» атты халықаралық ғылыми семинар ұйымдастырылды.

Семинардың негізгі тақырыптары арасында музейлердегі көшірмелер мен түпнұсқалардың рөлі, сондай-ақ музей экспозицияларын құрудағы жаңа тәсілдер қарастырылды. Музей ісіндегі инновациялық технологиялар, мультимедиялық құралдар мен интерактивті дисплейлерді пайдалану мен музейде жұмыс істейтін мамандардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында қадамдар жасалды. Семинарға Францияның Лувр музейінен ғылыми қызметкер Сильвен Рока мен Atelier Sylvain Roca жобасының жетекшісі Рокко Ранте және басқа да шетелдік, отандық ғалымдар қатысып, өз баяндамаларын ұсынды. Осы іс-шараның нәтижесінде «Музей көрмесін құрудағы көшірме және түпнұсқа мәселелері» атты ғылыми семинар материалдарының жинағы жарық көрді.

Семинардың тағы бір маңызды кезеңі 2024 жылдың 23 қыркүйегінде ҚР Ұлттық музейінің 10 жылдығына арналған II Қазақстан музей конгресі аясында өткен «Музейтанудағы пәнаралық зерттеулердің әдіснамалық негіздері» атты халықаралық ғылыми семинар болды. Бұл семинар музейтану саласындағы пәнаралық зерттеулердің әдіснамалық негіздерін талқылауға арналған еді. Семинар барысында отандық және шетелдік ғалымдар музейтану саласындағы озық тәжірибелерімен бөлісіп, музей ісіндегі жаңа идеялар мен тұжырымдамаларды ұсынды. Семинарға Әзірбайжан ұлттық музейі, Венгрия этнография музейі, Ереван музейлерінен және басқа да елдерден келген мамандар қатысты.

Семинарда музейтанудың дамуы, мәдени мұраны сақтау мен насихаттау, жоғары технологияларды енгізу және музейлердің дамуы туралы бірнеше маңызды тақырыптар қозғалды. Мысалы, Әзірбайжан ұлттық музейінің жоғарғы технологияларды пайдалану тәжірибесі, Венгрия этнография музейінің этнологиялық архив тәжірибесі, Ереван музейлеріндегі ақпараттық технологиялардың рөлі кеңінен талқыланды. Сонымен қатар архитектуралық мұраны зерттеу мен презентациялау әдістері, музей маркетингі, көне түркі тасмүсіндерін тіркеу мен қорғау мәселелері де назарға алынды.

Қазақстан мен Франция арасындағы музейаралық байланыстар, олардың ерекшеліктері мен болашағы да талқыланып, музей саласындағы символдар мен Қазақстан музей ісінің дамуы туралы тың пікірлер айтылды. Семинар қорытындысында «Музейтанудағы пәнаралық зерттеулердің әдіснамалық негіздері» атты ғылыми семинар материалдарының жинағы жарық көрді.

«Дөңгеленген дүние: Қазақ дала өркениетінің мәдени коды» атты ұлттық көрме – бұл тек жәдігерлер көрмесі ғана емес, қазақ халқының әлемдік өркениетке қосқан үлесін паш ететін рухани миссия. Лувр музейінің төрінде көне дала жұртының ұлы мұрасы жарқырай көрініп, бүкіл әлемге Қазақ елінің терең тарихы мен бай мәдениетін таныстырады. Бұл көрме арқылы Қазақстан өзінің мәдени тәуелсіздігін нығайтып қана қоймай, жаңа буынның тарихи санасын қалыптастыруға, ұлы мұраға деген құрметті арттыруға бағытталған маңызды қадам жасайды.

Ұлы Даланың дауысы енді әлемнің төрінен естіледі. Бұл – Мәңгілік Елдің асқақ арманының жүзеге асуы. Қазақстанның мәдени мұрасы Лувр музейінің беделді сахнасында әлем жұртшылығына таныстырылып, өз мәдениетін әлемге паш ететін үлкен қадам жасалуда. Сонымен қатар бұл көрме арқылы Қазақстан әлемдік мәдениетке өз үлесін қосып, халықаралық деңгейде мәдени диалогты жаңа деңгейге көтерді. Қазақстанның тарихи мұрасы мен мәдениеті, түркі әлемінің бай дәстүрлері мен мұрасы Лувр төрінде жарқырап, бүкіл әлемге таныстырылады.

ОЙЛАН! ТАП!





1. Алтын Адамды зерттеген археолог
2. Алтын Адам табылған қорғанның атауы
3. Алтын Адамның тайпасы
4. Жазуы бар күміс ыдыс
5. Гривнаның (мойын алқасы) ұшында бейнеленген жыртқыш аң
6. Алтын Адам қай қаланың маңында табылды?
7. Алтын Адам жатқан орын

Қазақстан Республикасының
ҰЛТТЫҚ
МҰЗЕЙІ

Журналдың құрылтайшысы және меншік иесі –
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпарат комитетінде
16.08.2024 жылы тіркелген. Куәлік №KZ91VPY00099077.

***«Музей әлемі»* танымдық журналына жазылыңыздар**
Журнал жылына 4 рет шығады

***Бір жылға жазылу бағасы* – 22 126 тг**
***Алты айға жазылу бағасы* – 11 063 тг**
***Үш айға жазылу бағасы* – 5 531 тг**
***Бір нөмірдің бағасы* – 5 531 тг**



Журналдың 2025 жылға арналған газеттер мен
журналдар каталогындағы индексі – 76244
«Қазпочта» АҚ